Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кеңінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, замануи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиялық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің танымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Оқытуда пайдаланатын интерактивті құралдар: тақта, компьютерлер балаларды диагностикалауда жақсы көмекші болып келеді: зейінің дамытуда, есте сақтау қабілетін дамытуда, ойлау қабілетін, тілін дамытуда, жеке тұлғасың дамытуда, оқу әрекетінің дағдыларын қалыптастыруда.

Интерактивті тақтаны пайдалану. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

- Компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі
- Word, Power Point бағдарламаларымен жұмыстану
- Интернет жүйесінде жұмыстану практикасы (бейнелерді, әзір презентациялар мен оқыту бағдарламаларын тауып алу)
- **Өздігінен даму технологиясы** (Монтессори мектебі) - бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуіне, мұнда оқыту бала дамуына сәйкес болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады. Итальян психологі М.Монтесори түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі - оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.
- **Бала сезімін дамыту орталығы.** Баланың сезім тәрбиесі, баланың қабылдауын дамыту және қоршаған әлемдегі заттардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру: пішіні, көлемі, түсі, салмағы, кеңістіктегі орны, иісі, шығаратын дыбысы, т.б. болып табылады.
- **Іс-әрекет жасау орталығы.** Бұл орталықта балалар өздерін күтуге арналған заттар орналасады. М.Монтесори балаға өзбетімен жұмыстануға үйрету, баланың интелектуальдық қабілеттерін дамыту, өз-өзін тәрбиелеу және жоғарғы баға беру күшті түрткіш болып келеді деп тұжырымдайды. Сонымен қатар практикалық жаттығулар орындау арқылы бала өзінің қимылын жетілдіреді.

- **Тіл дамыту және жазу орталығы.** Материалдар баланың дұрыс тілін дамытуға көмектеседі, сөздік қорын байытады, қолын жазуға дайындайды, фонематикалық есту қабілетін дамытады, оқуға және жазуға үйретеді.

Математика орталығы, Математика орталығында балалар 10-ға дейін сандармен, жиынтықтармен, арифметикалық операциялармен танысады. Осы орталықтың Монтессори-материалы балаға қиын абстрактылық математикалық түсініктерді және операцияларды түсінуге көмектеседі.

- **Ғарыш орталығы.** Осы орталық балаларды қоршаған ортамен таныстырады. Осы орталық материалы ботаника, зоология, анатомия, география, физика, астрономия негіздерін меңгеруге көмектеседі. Бала орталықты және Монтессори-материалын өзі тандайды. Монтессори- тәрбиеші бала әрекетіне қажет болғанда қатысады. Өсе келе бала қажетті дағды мен іскерлікті меңгереді, сонымен қатар балада тәуелсіздік, өзіне деген сенімділік сезім қалыптасады.

М. Монтессори әдісі балада өзінің мүмкіндіктеріне сай дамуға деген қызығушылық, жаңа білімді тануға деген құштарлығын оятады. Бала не істегісі келеді емес, неге дайын соны істейді. Ересектер ереже ұсынады, балалар өз бағытымен сол ережелерді орындап, дамиды. Сонымен бала өз әрекетінің нәтижесіне жауапкершілік сезіммен қарайды. Қорыта келіп айтатын болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Әдебиеттер

1. Багаутдинова С.Ф. Инновационная деятельность в дошкольном образовательном учреждении: Методические рекомендации для студентов к курсу "Управление дошкольным образованием". Магнитогорск: МаГУ, 2001
2. Белая К.Ю. Методическая работа в дошкольном образовательном учреждении. М.: МИПКРО, 2012.

Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық технологияларды пайдалану

Шокутбаева Асем Думановна

Астана қ.№79 «Шабыт» балабақшасы, әдіскер

Аңдатпа: Цифрландыру – жаһандық үрдіс. Бұл үрдістен бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жақсартуды ойлаған мемлекеттердің ешбірі бас тартпайды. Қазақстан да осы елдердің қатарында.

Сондықтан Мемлекет басшысы елімізде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын енгізді.

Түйінді сөздер: цифрландыру, мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу, желілік қызмет, цифрлық технологиялар

Мектепке дейінгі ұйымды цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық объектілерге: балаларға, олардың ата-аналарына, тәрбиешілеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі - желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік платформаларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері - бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау. Осының барлығы сандық экономикадағы құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Дегенмен, осыған байланысты желілік мәдениет мәселесі туындайды.

Оқытудың дәстүрлі әдістерімен және инновациялық педагогикалық технологиялармен ұштастыра отырып, оқу процесінде барлық электрондық оқыту платформаларын жүйелі түрде пайдалану білім, білік және дағды әр түрлі деңгейдегі балаларды оқытудың тиімділігін еселей түседі.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру білім беруді цифрландырумен және өскелең ұрпақты сандық әлемге бейімдеуге дайындаумен тығыз байланысты.

Тақырыпқа негіздеме: МДҰ – да цифрлық технологияларды енгізудің басты шарттарының бірі-балалармен цифрлық құралдардың мүмкіндіктерін білетін, олармен жұмыс істеу дағдысы бар, санитарлық нормалар мен оларды пайдалану ережелерін нақты орындайтын, мектепке дейінгі балаларды жаңа цифрлық технологияларға тарту әдістемесін меңгерген педагогтар жұмыс істеуі тиіс.

Тақырыптың өзектілігі: Цифрлық технологияларды педагогтардың, ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеттері үшін қажетті білім берудің, коммуникацияның қуатты техникалық құралы бола алады.

Мақсаты: Педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін цифрлық білім беру контенттерін тиімді пайдалануға әдістемелік көмек көрсете отырып дамыту, Цифрлық технологияны белсенді енгізу арқылы білім беру сапасын арттыру.

Балабақшада педагогтардың кәсіби құзыретін цифрлық технологиялар арқылы көтерудегі әдістемелік қызметтің міндеті:

- Педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін цифрлық контенттерін пайдалануға бағыттау арқылы көтеру
- Педагог, ата-аналар мен балалардың біріккен әрекетіне цифрлық білім беру ресурстарын кіріктіру.

- Білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды қолдану арқылы заманауи әдістемелерді енгізу.
- Білім беру процесіне цифрлық технологияны енгізе отырып әдістемелік әзірлемелердің электрондық банкіні құру

Қандай ҰОҚ-де цифрлық технологияларды қолдануға болады?

Цифрлық технологияларды әртүрлі әрекет барысында қолдануға болады: яғни, нақты уақыт режимінде балалармен музыка жазу, роботтарды жинау, интерактивті тақтамен әріптерді немесе сандарды үйрету және т.б. Бейнені кез келген ҰОҚ-де көруге болады — таңертеңгілік жаттығуды педагогтың орнына "мультфильм немесе ертегі кейіпкерлері" өткізе алады. Ең бастысы-роликті табу немесе оны өз бетінше жасау.

1. **Музыка.** Ноталарды үйренуге және есту қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін балаларға арналған ойын қосымшасы. Ойын музыка теориясынан белгілі бір аймақты зерттеуге көмектесетін бірнеше тарихтан тұрады.
2. **Note Trainer.** Фортепиано пернетақтасының көмегімен төрт октавада ноталарды оқуға болады. Кез келген пернені басу арқылы экранда тиісті нотаның дұрыс атауы көрсетіледі. Классикалық, итальян, до — ре—ми—фа— соль—ля—си форматында, сондай-ақ балама әріптік жүйе — А—В—С—D—E— F—G-да оқуға болады.
3. Кішкентай балаларға арналған үлкен құралдар. Балаларға музыка әлемін ашатын түрлі-түсті музыкалық қосымша. Бала музыкалық аспапты, аранжировканы таңдап, ойнай алады. Сегіз музыкалық шығарма, төрт аспап (гитара, фортепиано, флейта және аккордеон) және әр әуенге қызықты анимацияланған иллюстрациялар бар.

Цифрлық технологиялар қоршаған ортамен нашар ауа райында танысу: табиғат туралы бейнероликтер ғана емес, сонымен қатар жануарды дыбыстап табу қажет қосымшалар да болады. Мысалы, "жануарды дыбыспен тап" деп аталатын телефон үшін ойын.

ОНЛАЙН-РЕЖИМДЕ БАЛАЛАРМЕН ҰОҚ-Н ӨТКІЗУ. ҚАНДАЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТАҢДАУ?

- Skype. Хабар және файл алмасу, аудио және бейне конференцияларға қатысуға болатын белгілі бағдарлама. Қосымша тегін.
- Etutorium. ҰОҚ-н автоматты түрде сақтау функциясы бар вебинарлар мен онлайн-сабақтар өткізуге арналған платформа. Содан кейін оны офлайн режимінде жүктеуге және көруге болады. Сондай-ақ, телефонмен немесе планшетпен көруді қолдайды.

Қорытынды: Балабақшада ақпараттық технологияны пайдалану- бала танымын жан-жақты дамытудың шешуші құралы. Мыс: Мультимедиялық оқулықтарды балабақшада пайдаланар болсақ, оқу іс-әрекеттерін жоғарғы дәрежеде жүзеге асыруға болар еді. Мұндай жағдайда тәрбиеші бала тәрбиесімен айналысқанда әр түрлі шара, оқу іс-әрекеттер өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Бұндай оқулықтар пайдалану алдымен балалардың қызығушылығын арттырып, оқу іс-әрекеттерге деген танымын, белсенділігін арттыра түсер еді.

Ақпараттық-технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуде, яғни жан-жақты көп мәдениетті, шығармашыл, әлеуметті бейімделген тұлға қалыптастыру үшін ұстаз өзі де шығармашыл тұлға болуы тиіс. Сондықтан жаңа стандарт негізінде баланың танымын қалыптастыру бағытында педагогтардың өз білімі мен кәсіби деңгейін жетілдіру кезек күттірмес мәселе. Қазіргі уақытта оқытудың 50-ден астам технологиялары бар.

Олай болса келешек ұрпағымыздың жан-жақты, терең білімді, яғни интеллектаулды деңгейін жоғары болуына қойылатын талап зор.

Заман талабына сай жаңашыл тұлға тәрбиелеуде нәтижелі жұмыс жасау алға қойған басты мақсатымыз.

Педагогтардың цифрлық құзыреттілігі саласындағы консультативтік әдістемелік қолдау жүйесі балабақшадағы әдістемелік қызметтің ұйымдастырылуы. Сондықтан балабақшада аталған жұмыстар жоспарланып, орындалуда.

- Мәселелі – теориялық семинар «Мектепке дейінгі ұйымның әрекетіне инновациялық технология ретінде цифровизацияны енгізу»
- Ұжымдық шығармашылық жұмыс «Балаларды ерте дамытуда электронды кітаптың тиімділігі»
- Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі «МДҰ-ң білім беру үрдісінде цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану»
- Пед кеңес «Білім беру сапасын арттырудағы цифровизацияны қолдану»
- Шебер сынып «Ұйымдастырылған оқу қызметіндегі цифрлық технологиялар»

Цифрландыру – Қазақстанның озық ел атану жолындағы басты құралы. Қазақстан 2018-2022 жылдары «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асырады. Демек, тәуелсіз еліміз болып, Үкіметіміз болып, алға қарай талпынған жастарымыз болып, заманның қайда, қалай бет алғандығын ұқтық, осы жолда басты бәйгеге тіктік. Өйткені стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру тұрғысынан алғанда әлемде бейбіт және бәсекелестік жағдайда дамудың бұдан ауқымды басқадай басты бағыты да жоқ. Цифрландыру қазіргі әлеуметтік-экономикалық салалардың барлығына ортақ. Демек алдағы бес-он жылдың ішінде әлемнің барлық елдері осы жолға түсетін болады.

Әдебиеттер

1. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту . Алматы-2005
2. Елеубай С. Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары. Алматы, 2001.[2706.]
3. Айтмамбетова Б.Р, Бейсенбаева А.А. Жеке адамның дамуы, тәрбиесі. - Алматы. КазПИ,1991

4. Интернет желісі <https://multiurok.ru/index.php/files/balabak-shada-ak-parattyk-tiekhnologhiialar-ark-1.ht>

Робототехника как инструмент качественной дошкольной подготовки

*Шижканова Н.А., воспитатель(по курсу робототехники)
КГКП «Ясли-сад «Снегурочка» Карагандинская область,
город Шахтинск*

*«Всем нам нужно изменить взгляд на образование.
Пора увлечения гуманитарными специальностями прошла. Приоритет
нужно отдать техническим профессиям. Предстоит взрастить новое
поколение инженеров-промышленников»
Президент РК Касым-Жомарт Токаев*

Современные дети живут в эпоху активной информатизации, компьютеризации и роботостроения. Технические достижения всё быстрее проникают во все сферы человеческой жизнедеятельности и вызывают интерес детей к современной технике. Технические объекты окружают нас повсеместно, в виде бытовых приборов и аппаратов, игрушек, транспортных, строительных и других машин. Роботы летают в космос, собирают разные автомобили и даже помогают разрабатывать новые лекарства.

Каждый ребенок – прирожденный конструктор, изобретатель и исследователь. Эти заложенные природой задачи особенно быстро реализуются и совершенствуются в конструктивной деятельности. Конструирование – это интереснейшее и увлекательное занятие, оно теснейшим образом связано с интеллектуальным развитием ребенка, именно оно является основой развития ребенка в детском саду, а в дальнейшем и в школе.

Лего, UARO - конструкторы побуждают работать в равной степени и голову и руки. Конструктор помогает детям воплощать в жизни свои задумки, строить и фантазировать, увлеченно работая и видя конечный результат.

Увлекающихся конструированием детей отличают богатые фантазия и воображение, активное стремление к созидательной деятельности, желание экспериментировать, изобретать. У таких детей, хорошо развито пространственное, логическое, математическое, ассоциативное мышление и память. Все это имеет огромное значение в подготовке дошкольников к школе.

В настоящее время робототехника стала одним из модных движений в образовательном процессе, что в свою очередь оказывает положительный и видимый результат в развитии многих качеств ребенка, которые необходимы для успешного обучения в школе первоклассника.

Новизна робототехники заключается в том, что в ней используется Лего и UARO - конструкторы, с помощью которого ребенок имеет возможность общаться, исследовать и играть.

Робототехника имеет большое значение в подготовке ребенка к школе, потому что, работая с лего и uaro-конструктором возникает желание экспериментировать, развивается математическое мышление, память, что является основой интеллектуального развития ребенка в школе.

Дидактические возможности робототехники и решаемые с её помощью задачи это те причины, по которым робототехника активно входит в дошкольное образование.

А это, развитие мелкой моторики, формирование навыков математического счета, конструирования, программирования на уровне выстраивания алгоритмов, умение работать в команде, умение презентовать результаты своей работы.

Каждая из этих задач сама по себе не уникальна, и можно с легкостью найти еще десяток занятий. Но робототехника удивительным образом объединяет в себе все эти задачи, так как легко интегрируется с разными видами организованной деятельности. Причем все это делается в игровой форме с понятным для ребенка учебным материалом (конструкторами Lego, Uaro, STEM - набором "Робот мышь").

В результате работы с детьми с помощью конструкторов нового поколения «LEGO» и робототехнических наборов, ребенок учится наблюдать, сравнивать, выделять существенные признаки, классифицировать, аргументировать свою точку зрения, устанавливать причинно-следственные связи, делать простейшие выводы и обобщать – что являются основными главными критериями развития логического мышления. У детей развивается техническое мышление и техническая изобретательность, активизируется мыслительно-речевая деятельность, развиваются конструкторские способности и техническое мышление, воображение и навыки общения, способствует интерпретации и самовыражению, расширяется кругозор, позволяет поднять на более высокий уровень развитие познавательной активности дошкольников, а это – одна из составляющих успешности их дальнейшего обучения в школе.

LEGO-конструктор и робототехнические наборы открывают ребенку новый мир, предоставляет возможность в процессе работы объединяться в команды приобретать такие социальные качества как любознательность, активность, самостоятельность, ответственность, взаимопонимание, навыки продуктивного сотрудничества, повышения самооценки через осознание «я умею, я могу», настроая на позитивный лад, снятия эмоционального и мышечного напряжения.

Развивается умение пользоваться схемами, формируется логическое, проектное мышление.

Таким образом, используя конструкторы «LEGO» и робототехнические наборы, перед детьми ставятся простые, понятные и привлекательные для них задачи, решая которые они, сами того не замечая, обучаются. Кроме того, у детей развиваются познавательные способности, мотивация и интерес к решению различных задач. Дети учатся принимать решения в многочисленных ситуациях. Соответственно развиваются интеллектуальные способности.

Как же мы используем робототехнические наборы в организованной деятельности, и в какой организованной деятельности их можно использовать?

В любом виде организованной деятельности может быть использован робот maus, blueboot и robotbotli, у каждого этого робота есть дополнительные поля.

Например, для развития познавательной и интеллектуальной деятельности по основам математики используем поля геометрические фигуры и цифры, на ознакомлении с окружающим миром поля с овощами и фруктами и музыкальные инструменты. А у прозрачных полей еще больше возможностей, ведь под него можно положить любые картинки, и здесь уже полет фантазии педагога. Можно разложить сказочных героев или сюжетные картинки и это уже будет коммуникативная деятельность, можно разместить бытовую технику, профессии и так далее, и это уже будет развитие эмоционально-социальных навыков по ознакомлению с окружающим миром.

Таким образом, благодаря дополнительным аксессуарам, наши роботы становятся универсальными и всесторонне развивают дошкольников, а соответственно могут считаться достойными инструментами качественной дошкольной подготовки.

Отсюда следует, что, робототехника для детей дошкольного возраста — это в первую очередь творческая организованная деятельность, развивающая интеллект ребенка: улучшается память и пространственное мышление, тренируется упорство и усидчивость, что не только подготавливает ребенка к школе, но и создает условия для воспитания успешного ребенка, а именно успешные и интеллектуально развитые кадры нужны нашей стране.

Использованная литература

1. <https://newtimes.kz/obshchestvo/82210-rukhani-zha-yru-kult-znanij-vazhnoe-napravlenie-v-modernizatsii-soznaniya>
2. <https://zen.yandex.ru/media/amakids/sovremennye-metodiki-razvitiia-umstvennyh-sposobnostei-doshkolnikov-5d133d4a9af86f00b699b655>

3. Заболоцкая В.В., Николаева Л.В. РОБОТОТЕХНИКА КАК НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА // Международный студенческий научный вестник. – 2017. – № 4-9.

Витраждық өнер технологиясы арқылы балаларды дамыту

Махметова А.Ж.

*Астана қ. №33 «Алтын дән» балабақшасының
шағын орталығы, педагог-психологі*


Андатпа: Бұл мақалада дәстүрден тыс әдістер арқылы балалармен жұмыс барысында Витраждық өнер технологиясын пайдалана отырып олардың шығармашылық ойлау қабілеттілігін қалыптастыруға көмектесуін, ұсақ қол қимылын, қиялын, көз өлшегішін, жауапкершілікке, өзара көмекке, өзіне және құрдастарына деген сенімділікке, серіктік қатынасқа тәрбиелеуді дамытуы қарастырылған.

Кілт сөздер: сурет, балалар, витраж, дәстүр, бояу

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беруде ерте жастағы балалардың сурет салу арқылы психологиялық процестердің дамуында маңызды рөл атқаратыны белгілі. Сурет салу ерте жастағы ең маңызды және өзекті болып табылады. Бұл өте қызықты және сонымен бірге қиын процесс. Балабақшада дәстүрлі емес сурет салудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануға болады. Көптеген ғалымдар дәстүрлі емес сурет салудың барлық түрлерін балаларды техниканың ерекшеліктерімен таныстыра отырып, жас кезінен бастап енгізуге болады деп санайды. Дәстүрлі емес сурет салудың көптеген әдістері бар, олардың ерекшелігі - балаларға қажетті нәтижеге тез жетуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі емес материалдар мен әдістерді қолданатын бейнелік іс-әрекет баланың дамуына ықпал етеді.

Солардың біріне тоқталатын болсақ, мен өз жұмысымда қолданатын Витраждық өнер технологиясы. Витраж дегеніміз не? Витраж (лат. vitrum - стекло), көне сәндік-қолданбалы және монументтік өнер. Ол сұлулық пен үйлесімділік, практикалық қолдау мен психологиялық жайлылық адам тұрғысында маңызды рөл атқарады.

Бала кез келген әрекет барысында емес, көбінесе дамытушы әрекет барысында дамиды. Егер бала үлкендердің көрсеткенін қайталап қана отырса, мұндай әрекет репродуктивті қалыпта болғандықтан нәтижесі төмен болады. Керісінше, егер бала әртүрлі, ылғи өзгеріп отыратын жағдайларға белсенділікпен, шығармашылықпен, қызығушылықпен қатысса, ол үнемі дамиды. Балалар сурет салғанды өте ұнатады. Бірақ қарындашпен, фломастермен, бормен, қылқаламмен ғана емес, өзінің сүйікті ісіне олар өзге де заттарды пайдаланады. Мысалы: алақан, саусақ, табандарымен, әр түрлі таяқшалар, жіптер, мәсуек, далаппен сурет салуды қызық көреді. Қарапайым нәрсенің жаңаша қызметін ойлап шығарып, оларды бейнелеу өнеріне жаратып, таңқаларық сурет салуға қолдану - бұл тамаша! Витраждық сурет салуда алдымен сурет салу керек. Мысалы: аю, көбелек, гүл.



Бұл сурет көлемі бойынша витраждың мөлшеріне сәйкес болуы тиіс. Содан кейін оған мөлдір пленка салу қажет. Пленканың үстінен қара бояумен суреттің контурларын сызу. Содан кейін суреттің барлық бөлшектерінде қара бояумен суреттеу керек. Бояуды кездейсоқ жайып тастамау үшін жұмысты бір жағынан бастау және біртіндеп барлық суретті толтыру қажет. Жұмыс аяқталған кезде бояу құрғауы тиіс. Сосын балаңыз суретті түрлі түсті витражды бояулармен бояй алады. Оған суреттің қарасызықтарына кірмеу үшін абайлап бояу керектігін түсіндіріңіз. Осыдан кейін суретті бояу жақсы кеуіп қалуы үшін бір тәулікке қалдырады. Бояу құрғаған кезде суретті мөлдір пленкадан абайлап алып, бірден шыныға салады. Бояу әйнекке жабысып, балаларға арналған тамаша витраждар мен суреттер алынады.

(Техниканы игеру) Осы кезеңде балалар белгілі бір кезеңде танысады Витраждармен және дайындау технологияларымен бір ізділік витражы. Витражды жасау технологиясы.

- Резервті дайындау

Желімге қара гуашь қосылады және қоспа араластырылады.

- Витраждардың нобайын суреттеу

Эскиз А-4 форматындағы ақ қағазда қарындашпен жасалады.

- Шыныға резерв салу

Нобайды өз алдына қою, үстіне әйнек салу шеттері сәйкес келеді. Контур бойынша резервті салу, құрғатуға жол беру.

- Витражды бояу

Гуашь бояуының түстері таңдалады, бояу бетіне салынады резервке тиіспей, тұтас қабатпен.

Менің тәжірибемнің жаңашылдығы - мен мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істеуде пайдалана отырып, балабақша жағдайларына витраждық өнер технологияларын бейімдедім.

Мектепке дейінгі балаларды витраждық өнер технологияларына оқыту кезінде белгілі бір дәйектілікті сақтау қажет:

- эскизді жасау;

- контурмен бояу;

- витражды дайындау.

Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі, олардың қабілеті дамуы болып табылады. Қазіргі кезеңде жаңа адамды қалыптастыру, оның шығармашылық белсенділігін дамыту басты назарға алынған. Сондықтан, сұлулықты сезіну, жоғары эстетикалық талғам қалыптастыру, өнер туындысын, туған табиғаттың сұлулығын түсіну және бағалауды жетілдіру қажет. Қазіргі таңда балалар бақшасындағы балаларды көркем өнерге баулуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілдермен бірге бейнелеу құралдарының да көптеген түрлері пайдаланған

дұрыс деп ойлаймын. Балалардың витражды шығармашылықпен айналысуы оларға серпімділік, шығармашылық ойлау қабілеттілігін қалыптастыруға көмектеседі, ұсақ қол қимылын, қиялын, көз өлшегішін дамытады. Бала ақырғы нәтижеге қызығушылық танытады, сондықтан оның жұмысты орындауға жауапкершілігі болады. Бейнелеу өнерінің бұл әдістерін енгізу барысында балалар өздері ойлап, өздерін шығармашыл ретінде сезінетіндіктерін байқауға болады. Мұнда балалар өз қабілеттерін көрсетуге толық мүмкіндік ала отырып, өз жұмыстарының нәтижесін көріп, қол жеткізген жетістіктерін сезінеді. Ұжымдық жұмыстар ұйымдастыру кезінде балалар жауапкершілікке, өзара көмекке, өзіне және құрдастарына деген сенімділікке, серіктік қатынасқа тәрбиеленеді.

«Баланың икемділігі мен дарынының қайнар көзі-оның саусағының ұшында» деп В.А.Сухомлинский айтқандай, баяндамамды қорытындылай келе, алға қойған мақсатым мынадай: Мектеп жасына дейінгі оқыту үрдісінде бейнелеу өнері жұмыстарында жаңа технологияларды тиімді қолданып, балалардың қиялын одан әрі жетілдіру.

Әдебиеттер

1. Прищепа А.А., Буровкина Л.А., Майдибор О.Н. Детское творчество как основа формирования художественной сомотбытности//
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, II том;
3. Грушевицкая Т.Г., Садоин А.П. Культурология. Учебник. 2007, 201 с. (С. 387).
4. Евсеева Л.М., Кочетков И.А., Сергеев В.Н. Живопись древней Твери = Early Tver painting: [Альбом]. М.: Искусство, 1974. 206 с. (С. 5).

Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдану

*Нугыманова Ажаркуль Мыкытаевна
№33 «Алтын дән» шағын орталығының тәрбиешісі
Астана қаласы*

Аңдатпа: Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға Қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі инновациялық технологияларға сүйене отырып, бүлдіршін бойына танымдық қасиетін қалыптастыру, шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісі. Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Осындай күрделі мәселелерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше.

Түйін сөздер: инновациялық, тұлға, интерактив.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан- жақты білім алуына, белсенді шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған. Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен балалардың қарым-қатынас жасауда үлкендер жағынан мынадай жағдай туғызу қажет: «Бала біздің болашағымыз, қоғамымыздың азаматы». Оның мақсаты: Баланы жеке тұлға етіп қалыптастыру. Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс- тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан- жақты педагогикалық кірісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасына өшпейтін із қалдырады. Баланы мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына:

аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер инновациялық сайт және тағы басқалар жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану арқылы тәрбиеші уақытты тиімді пайдаланар еді. Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкінлік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Мультимедиялық оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, заманауи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиялық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері үйренушінің таңымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Мектепке дейінгі кезең мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдың ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор. Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын-баланың негізгі әрекеті және дамудың негізгі құралы. Педагогтің рөлі-күні бойы балалармен әңгімелесуде денсаулық, қарым-қатынас, математика негіздері және білімнің басқада салалары туралы білімді бойларына дарыту. Модель-мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы: Баланы толыққанды дамыту-қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі.

Мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, интерактивті тақтаны қолдану әртүрлі проблемалық жағдайлар мен орталарды модельдеуге мүмкіндік береді. Балалар интерактивті тақтаны алғаш көргенде-ақ қызығушылықтары айқын байқалады.

Өз тәжірибемде: Математика негіздері, Сөйлеуді дамыту сабақтарында балаларға заттарды саусақпен «жылжыту» геометриялық фигуралар жиынтығынан ойындар әртүрлі заттар мен схемалар салу, маркерлермен жазу ұнайды. Фотосуреттер, бейнелік дидактикалық материалдар, ертегілердің дыбысталуы арқылы балалардың есту, көру, ойлау есте сақтау қабілеттері дамиды.

Модельді іске асыру:

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға:

Ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға:

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірлеуге:

Ең бастысы ұйымдастырылған оқу қызметінің балаларды шаршатпай, ойын түрінде өткізу керек. Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады. Сондықтан да болашақ қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады. Қорыта келіп айтатын болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын

технологиясын кеңінен қолданған жөн. Тәрбиеші бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптарды ескере отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту жұмысында инновациялық технологияларды енгізудің талаптары: әдістемелік ұсыным. - Астана, 2014.
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық. - Астана, 2013.
3. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту жұмысында инновациялық технологияларды енгізудің талаптары: әдістемелік ұсыным. - Астана, 2014.
4. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. /Оқулық/ Тараз: ТарМУ, 2003.

Инновационные методы обучения основам грамоты: звуковые домики, ладошки, кулачки, крышечки

*Панчук Н.А., воспитатель
ГККП «Ясли-сад №4 «Аружан», г. Астана*

Аннотация. Данная статья позволит педагогам и родителям сделать занятия основы грамоты интересным, занимательным, непринуждённым. Научить всему, играя. Представленная система игр и упражнений, построенная с учетом последовательного усложнения материала, поможет ребенку научиться различать понятия звук и буква, подготовит их к чтению.

Задача воспитателя совместно с родителями заинтересовать ребенка так, чтобы ему самому захотелось участвовать в процессе изучения звуков, складывании слогов, слогов в слова. А для этого занятия должны быть не скучными уроками, а интересной игрой.

Ключевые слова: звук, буква, слог, слово, ладошка, игра.

Дошкольный возраст для большинства детей является наиболее благоприятным для активного развития восприятия, памяти, мышления. Ребенок в этом возрасте физиологически готов к развивающему обучению. У него появляется желание учиться. Именно дошкольный возраст является наиболее эффективным для начала изучения звуков. С помощью игр со звуками поддерживается стойкий интерес к занятиям и желание узнавать новое. Опыт показывает, что необходимо достаточно времени уделять звуковому восприятию слова, формируя фонематический слух ребенка, что в дальнейшем влияет на обучение в школе. Изучение звуков и букв идет параллельно. Нужно стремиться к тому, чтобы ребёнок понимал разницу между буквами и звуками. Иногда названия букв не совпадают со звуками, которые они обозначают. Мягкий и твёрдый знак звуков не обозначают. Они нужны для смягчения согласных. Для

облегчения понимания приводят примеры различных звуков: пение птиц, удары молотка, шум машин. Потом нужно подвести к тому, что наша речь – поток звуков.

Буква А обозначает звук А, но буква ЭЛ обозначает звук Л. С первого раза ребёнок может не понять. Это нормально, поскольку для дошкольников такой материал достаточно труден. При знакомстве с каждой буквой нужно пояснять разницу. Нельзя допускать путаницы в речи взрослых, называя буквы звуками. Бывает, что родители сами допускают произвольные ошибки, называя букву ЭЛ буквой Л.

Дети должны понимать, что буква – это лишь обозначение конкретного звука. Букву можно увидеть и прочитать. Звук можно произнести и услышать. Ознакомление со звуковым строением слова дошкольников.

Детей учат воспринимать слово не как отдельную единицу, а как набор определённых звуков. Важно, чтобы они умели выделять отдельные звуки в словах. Это нужно для формирования грамотной устной и письменной речи в дальнейшем.

Этапы работы со звуковым строением слова:

1. На начальном этапе звукового анализа отдельные звуки выделяют интонацией, произнося их более чётко или протяжно (ко-о-о-т, ка-а-аша, мир-р-р и т. д.). Детям в игровой форме предлагается сортировать карточки, игрушки, картинки с определённым звуком. Дошкольники учатся сами интонационно выделять отдельные звуки.

2. Местонахождение звука. Сначала дети учатся выделять первый звук, затем – последний. После этого можно переходить к выделению звуков в середине слова. Детей необходимо обучать слышать звуки, из которых состоит каждое отдельное слово.

Гласные и согласные звуки

Обучение чтению начинается с гласных. Потом к ним присоединяются согласные, с которыми дети учатся составлять слоги. Разницу между ними дошкольники обычно усваивают быстро. Им объясняют, что гласные звуки можно пропеть. Рот при этом приоткрыт – и воздух свободно выходит. Согласные пропеть нельзя. Язычок спотыкается и не даёт свободно выйти воздуху. Лучше всего показывать детям наглядно разницу между артикуляцией согласных и гласных перед зеркалом.

Твёрдые и мягкие звуки

Чтобы объяснить дошкольнику понятие твёрдости и мягкости звуков, начать нужно со сравнения твёрдых и мягких предметов. Нужно сравнить стол и подушку, вату и камень и т. д. Потом взрослый сообщает, что согласные звуки тоже бывают твёрдыми и мягкими. Предлагается изолированно произнести согласный К.

- А теперь произнеси звук К, прижав язычок к нёбу. Смотри, как изменился звук! Он стал мягким – КЬ. Так нужно потренироваться произносить все согласные кроме Ж, Щ, Ц, Ч, Ш, Й. Для закрепления можно сыграть в игру с мячиком.

Взрослый кидает ребёнку мяч, называя твёрдый звук. Он должен сделать его мягким и вернуть мяч. Потом роли меняются.

На следующем занятии происходит знакомство с Ъ и Ь. Эти знаки нужны, чтобы обозначать мягкость и твёрдость согласных в словах. Ребёнок учится на занятии читать слова с мягким и твёрдым знаками. Перед следующим занятием нужно рассказать дошкольнику, что Ж, Щ, Ц всегда твёрдые, а Ч, Ш, Ъ – всегда мягкие. Преподнести материал лучше в виде сказки.

Звуко-буквенный анализ слов

Анализ включает в себя определение количества звуков и букв, а также характеристики каждого звука. Принято графически обозначать согласные твёрдые синим цветом, мягкие – зелёным, а гласные – красным.


Для изучения звуков можно использовать **звуковые ладошки**.



Используя звуковые ладошки, дошкольник быстрее учится складывать слоги.

Также наглядно видит и различает гласный звук, согласный твёрдый и мягкий звуки.

Учить складывать слоги можно при помощи **волшебных кулачков**. Учим читать открытые и закрытые слоги. На гласный звук кулачок ребёнка открывается, на согласный закрывается, тем самым дошкольнику легче сложить из звуков слог, при этом не путая звук и букву.



СА	СУ	СО	СЕ
СЫ	СИ	СЭ	СЯ
СЁ	СЬ	СЮ	С


АП	ОП	УП	ЫП
ПА	ПО	ПУ	ПЫ
ИП	ЕП	ЮП	ЯП
ПЕ	ПИ	ПЮ	ПЯ
ПЁ	ПЬ		

Для складывания из слогов в слова используем **«Волшебные крышечки»**

На крышечках написаны буквы, складываем слоги.



Далее переходим к другим крышечкам. Наверху крышки написан первый слог, а на внутренней стороне крышки написан второй слог.



«Волшебные крышечки» помогают детям быстрее научиться складывать из звуков слоги, из слогов слова. С их помощью дошкольники учатся делить слова на слоги. Также можно свои ладошки, хлопая в то вправо, то влево.

Далее ребята учатся ставить ударение в словах, используя молоточек, ребёнок ударяет кулачком по второй руке на ударных слог. Но особенно дети хорошо выделяют ударение, когда зовут это слово.

Представленная система игр и упражнений, построенная с учетом последовательного усложнения материала, поможет ребенку научиться различать понятия звук и буква, подготовит их к чтению.

Задача воспитателя совместно с родителями заинтересовать ребенка так, чтобы ему самому захотелось участвовать в процессе изучения звуков, складывании слогов, слогов в слова. А для этого занятия должны быть не скучными уроками, а интересной игрой.

Литература

1. Александрова Т.В. Живые звуки или фонетика для дошкольников. / Москва, 2005г.
2. Селивестров В.И. Игры в логопедической работе. /Москва 1987.
3. Швайко Г.С. Игры и игровые упражнения для развития речи. /Москва, 1988

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

*Дахай Маралхан, тәрбиешісі
№46 «Самал» санаториялық балабақшасы
Астана қаласы*

Мектеп жасын дейінгі балалардың даму стратегиясымен тығыз байланысты. Балалар біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағы. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы қабілеті бала тұлғасын қалыптастыру және дамыту. Қазіргі таңда адамзат қоғамының ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сайдамыту қанағаттандыратын жаңа бағдармалар мен технологиялармен қамтамас ету керек. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлген. Педагогтың басты мақсатының бірі, баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру оқу, жазу, сызуға ойын арқылы үйрету. Еліміздің сеніп тапсырған мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы мен мектепке дейінгі тәрбие мекемесі.

Бағдарламаға сай қурыстар мен түрлі семинарлар өткізудің маңызы зор.

Мұның өзі педагогтың жұмысына деген қызығушылығынын, шығармашылық қабілетін шыңдауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кеңесіне бірден–бір себеп болып табылады. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде педагогтардың инновациялық іс – әрекетінің ғылыми – педагогикалық негіздердің

маңызды мәселенің бірі. Жас ұрпақты рухани – адамгершілік тәрбиелеу оларды біртұтас дүние танымын қалыптастыру педагогтың тәжірбесі маңызды. Сонымен бірге педагогтың де рөлі өзгерді. Жоғары деңгейлі жаңашыл ұстаз болу тиіс. Оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізді өз міндетімізге алып отырмыз. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу бағытында бақша ішінде іс-шараларды бейне таспалар арқылы тамашалауға мүмкіндік жасалған. Балалар мен педагогтардың іс-әрекетінің жемісті болуын қамтамасыз етіп, ұжым шығармашылық, ізденіс тәртібінде жұмыс жасап келешек ұрпақты өмір талабына сай тәрбиелеп білім беру, ал ең басты дені, сау, рухани азамат дайындау. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру қажет. Демек, баламен жұмысты ата-аналарымен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Барлық ерекшеліктерді: әлеуметтік жағдайды, отбасы тарихын, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйым ұжымының басты міндеттерінің бірі болуға тиіс

Ойын технологиялары: дидактикалық тәрбиелік, дамытушылық. Моторикасы мен сенсорикасын дамытатын М. Монтессори әдістемесінің элементтерін қолдануға болады. Арнайы бұрыш жасақтап балалардың қызығушылығын арттырамыз. Балалармен жұмыс жасау — үлкен бақыт. Еш нәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді. Осы сенімнің болуы-ұстаздың бақыты

. Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақалды айта келе, балабақшамыздың барша педагогтары бала санасына ұлттық салт дәстүрді дәріптеуде. Жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасаудың маңызы зор. Педагог кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін түсіну қажет. Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізіледі.

Дәл осы сипаттағы педагогтың ең алдымен инновация туралы түсінігі болу қажет. Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді амалдарды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал мен процесс ретінде қандай да бір жаңалық ендіру жұмыстарын көздейді. Мысалға алатын болсақ, бала тұлғасы жалпы адамзаттық құндылық ретінде қарастырылатын, ізгілікті педагогика теориясында «жеке бағытталған оқыту», «жеке бағытталған тәрбие», «жеке көзқарас» сияқты түсініктер бар. Жеке бағытталған педагогика балалардың жеке тәжірибе жинақтап, олардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері іске асырылатындай оқыту ортасын жасайды. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру

құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновацияға деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу жолында туындайды. Кез- келген педагогикалық ұжым, кез- келген педагог инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпаған жөн.

Қорыта келгенде: жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары ол жаңартылған стандарт және бағдарлама-дағы мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылған талап-тарды жүзеге асыру болып табылады, жана инновациялық технологияларды оқу және іс-әрекет барысында қолдануымыз қажет. Мұның ішінде М. Монтессори, Воскобович, Зайцевтің технологияларын пайдалануға ұсынамын. Жаңартылған технологиялардың тағы бір технологиясы ол әрине жобамен жұмыс жасауға болады. Жалпы барлық технологияларды ойын әрекетінде пайдалануымыз керек. Балаларға осындай ойын технологиясын қолдана отырып балалар мен жұмыс жасауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда мозартика ойынын қолданудың тиімділігі

*Дуамбекова А.С., педагог-психолог
№79 «Шабыт» балабақшасы
Астана қаласы*

Аңдатпа: «Мозартика» ойыны - бұл жай ғана дамытушы ойын емес, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті, баланың жеке басының үйлесімді дамуы арқылы қол жеткізудің өте қарапайым және тиімді әдісі. Өмір процесінде бала кейде көп нәрсені түсінбейді және айта алмайды, ал қызықты ойын шындықты бейнелейді, баланың ішкі әлемін көрсетеді, оның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

«Мозартика» ойыны бұл диагностикалық, түзету-дамыту және психотерапиялық іс-шараларға арналған құрал. Арнайы әзірленген әдіснаманың көмегімен ойын терапиясы, арт-терапия және психоанализ әдістерімен педагог-психологқа баланың эмоционалды жағдайын анықтауға, ішкі жанжалды, туындаған мәселелердің нақты себептерін анықтауға, тұлға аралық қатынастар туралы түсінік алуға және уақытында психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: мозартика, баланың ішкі әлемі, коммуникативті дағдылар.

Мақсаты: баланың ішкі әлемін дамыту, эмоционалды жағдайды түзету, танымдық қабілеттерін дамыту, сөздік қорын байыту, коммуникативті дағдыларды дамыту.

Міндеттері:

1. Балаларды Мозартика ойынымен таныстыру.
2. Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту;
3. Мозартика ойыны арқылы балалардың ойлау дағдыларын, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Ойында баланың жеке басының барлық жақтары бірлік пен өзара әрекеттестікте қалыптасады. С. Л. Рубинштейннің сөзімен айтқанда, «Ойында, фокустағыдай, олар жиналады, онда пайда болады және ол арқылы адамның психикалық өмірінің барлық аспектілері қалыптасады». Ойнап жатқан баланы бақылай отырып, сіз оның қызығушылықтарын, қоршаған өмір туралы идеяларын біле аласыз, мінезінің ерекшеліктерін, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасын анықтай аласыз.

"Мозартика" ойын технологиясының авторлары: математик, суретші-дизайнер және өнертанушы – Полина Руссавская, педагогика ғылымдарының кандидаты – Елена Бондаренко.

Мозартика - бұл ойынның жаңа түрі және айтарлықтай даму және оңалту әлеуеті бар шығармашылықтың жаңа түрі. Бұл тартымды ойын балалардың да, ересектердің де эмоционалды-жеке саласын үйлестіруге бағытталған.

«Мозартика» ойыны - бұл жай ғана дамытушы ойын емес, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті, баланың жеке басының үйлесімді дамуы арқылы қол жеткізудің өте қарапайым және тиімді әдісі. Өмір процесінде бала кейде көп нәрсені түсінбейді және айта алмайды, ал қызықты ойын шындықты бейнелейді, баланың ішкі әлемін көрсетеді, оның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

«Мозартика» ойыны бұл диагностикалық, түзету-дамыту және психотерапиялық іс-шараларға арналған құрал. Арнайы әзірленген әдіснаманың көмегімен ойын терапиясы, арт-терапия және психоанализ әдістерімен педагог-психологқа баланың эмоционалды жағдайын анықтауға, ішкі жанжалды, туындаған мәселелердің нақты себептерін анықтауға, тұлға аралық қатынастар туралы түсінік алуға және уақытында психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

«Мозартика» ойыны балаға заттың түсін, мөлшерін, формасын, есебін, талдауы мен синтезін, модельдеуін білуге және игеруге көмектеседі. Бұл ойын когнитивті процестерді дәйекті түрде дамытады: қабылдау, сезім, есте сақтау, сөйлеу, ойлау және қиял. Балалар бірлескен картиналар жасап, ертегілер мен әңгімелер жазуға үлкен қуанышпен, қызығушылықпен қарайды.

Егер мазасыздық, агрессия, қорқыныш, шиеленіс, депрессия, өзіне деген сенімсіздік, қарым-қатынастың бұзылуы, сондай-ақ аффективті бұзылулар сияқты психологиялық проблемалар болса, «Мозартика» ойын технологиясын қолдану тиімді. Ойын үстінде баланың творчестволық талабына кең жол ашылады. Бала ылғи да бір нәрсені жасау, құрастыруға әрекет жасайды. Ойын баланың ойлау белсенділігін, күш-қуатын барынша жұмсауға мүмкіндік туғызады.

Мозартика келесідей нәтижелер береді: баланың әлемнің жеке бейнесін үйлестіру, мидың сол және оң жарты шарларының жұмысын синхрондау, белсенді жеке көрініспен стихиялық шығармашылық процеске шығу.

Мозартика ойындарын ойнайтын бала еркін және өздігінен ойнайды, ол не қалайды және қалай қалайды – Мозартика ойындарында ережелер жоқ. Әрине, ереже деп санауға болады, оларды барлық бағытта лақтырмай, фигуралардың

дұрыс қойылуына көңіл бөлу керектігін ескеретін болсақ, бірақ біз ойын барысында мінез-құлық ережелері туралы емес, ойынның өзін дамыту ережелері туралы айтып отырмыз. Мозартика ойындарында мұндай ережелер жоқ, яғни жетіспейтін ережелер тарапынан да, ересектер тарапынан да сыртқы директива жоқ. Бірақ фокус бар. Ол шынымен де ойын құрудың өте ерте сатысында жүзеге асырылады-оның бейнелі қатарын құру кезінде балада болуы мүмкін ассоциациялардың ауқымы мен бағыты ескеріледі. Ойында жақсы және жаман көріністер жоқ, қолданылатын барлық көріністер басым позитивті ассоциативті диапазонға ие. Сонымен қатар, әрбір сурет таза көркемдік болып қалады, тіпті зейіннің таза символдық формалары да жоқ. Бала үшін бұл таза өнер саласы, бастапқыда пайда болған жарқын бірлестіктер ауқымында гүлденген өнер.

Тәжірибеде қолдану Мозартиканың балалармен жұмыс жасауда айтарлықтай даму және оңалту әлеуеті бар екенін анықтады. Біздің балабақшада мозартиканы балалармен жұмыс жасауда микро кеңістікте және жазықтықта шарлау қабілетін дамыту және бекіту үшін белсенді қолданамыз. Біздің балабақшада «Арманыңыздағы үйді жасау» және «Бақ отырғызу» атты екі ойын әзірледік. Балабақша тәрбиешілері оларды балалармен жұмыста жиі қолданады. Мозартика ойындарында тәрбиеші баланың қиялын шектемейді, бала тек өзінің шығармашылық қабілеттерін қолдана отырып «бақша отырғызып», «арманыңыздағы үйді жасай алады». Кеңістіктік ұғымдар мен қатынастарды шоғырландыру бойынша жұмыс-бұл бала өзінің объектілерін бір-біріне қатысты қалай және қайда орналастырғанын айтады (шамамен, артында, жанында, астында және т.б.).

Осылайша, жұмыс үш кезеңнен тұрады:

1. Бірінші кезеңде тәрбиеші балаға ойын ұсынады және нұсқаулық береді: «Қараңыз, бұл жаңа ойын «арманыңыздағы үйді жасаңыз». Оны жасап көр.
2. Екінші кезеңде бала өзінің армандаған үйінің нұсқасын жасайды және әр уақытта жаңа нұсқа бұрынғыдан ерекшеленеді, өйткені балалардың шығармашылық қабілеттері әртүрлі.
3. Қорытынды, үшінші кезеңде педагог түзету жұмыстарын жүргізеді. Біздің жағдайда-жазықтық пен микро кеңістікке бағдарлау қабілетін бекіту.

Мозартика ойындарымен жұмыс жасай отырып, біз әдістеме әлемнің жеке бейнесін үйлестіру, мидың сол және оң жарты шарларының жұмысын синхрондау, белсенді жеке көрініспен стихиялық шығармашылық процеске шығу сияқты нәтижелер береді деген қорытындыға келдік.

Мозартика балаға түс, пішін, санау, талдау, модельдеуді үйренуге және игеруге көмектеседі. Тапсырмалар сонымен қатар қиын дыбыстарды айтуға, қиялды дамытуға, қиялдау мен құрастыру қабілетіне бағытталған.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Джиннот Х.Д., «Групповая терапия с детьми» (теория и практика групповой терапии), М., 2001
2. Мустакас К. Игровая терапия. – Изд. Речь, 2000

3. Степанова О.А., Вайнер М.Э., Чутко Н.Я. Методика игры с коррекционно-развивающими технологиями. – М., 2003
4. Методика применения игровой технологии Мозартика
5. Игры
6. Слайт В. Игровая терапия в действии
7. Степанова О.А., Вайнер М.Э., Чутко Н.Я. Методика игры с коррекционно-развивающими технологиями. – М., 2003

Музыкалық ойын іс-әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

*Жумабекова Майра Еслямовна, педагог-сарапшы
Астана қаласы әкімдігінің
№52 «Еркетай» балабақшасы
музыка жетекшісі*

Музыкалық ойын іс-әрекеті – мектеп жасына дейінгі балаларды, музыка арқылы шығармашылыққа, өнерге және жеке тұлғаны қалыптастыра отырып дамытуға баулудың ең қол жетімді түрлерінің бірі. Ойын барысында баланың ойлауы мен қиялы, эмоциясы, шығармашылық қабілетінің белсенділігі айқын көрінеді. Ойын кезінде бала өзін қоршаған ортаны танып біледі және сол арқылы баланың қиялы, ойлау қабілеттері дамып, әлеуметтік қасиеттері қалыптасады.

Мақсаты: Музыкалық ойын іс - әрекеті арқылы балалардың музыкалық шығармашылығын дамыту.

Міндеттері:

- ✓ Балалардың шығармашылық қиялын және ойлау қабілеттерін қалыптастыру; (музыканы бейнелі түрде айта білу, шығармашылық белсенділік таныту)
- ✓ Баланы өзіндігінен шығармашылық қабілетін көрсете білетіндей музыкалық қабілетін дамыту.
- ✓ Ойын барысында баланың музыкадан алған әсерін және орындаушылық қабілеттерін талпындыру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық ойын іс - әрекеті – бұл ойындар арқылы балалардың әр түрлі ойын түрлері мен жолдары меңгеру арқылы, балалардың музыкалық және жалпы дамуы.

Музыкалық ойын түрлері:

- ✓ Музыкадағы дыбыстардың биіктігі мен ұзақтығын, дыбыс күшін (динамикасын) , темпін ажырата білуге арналған музыкалық-дидактикалық ойындар;
- ✓ Балалардың ынтымақтастығымен қарым-қатынас қабілеттерін дамытуға есту және қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойындар;

- ✓ Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл қозғалыс мәнері мен пластикасын және әнді айта отырып қимылмен үйлестіре білу, музыкалық талғамын қалыптастыратын ойындары;
- ✓ Халық шығармашылығымен таныстыруда қимыл қозғалысты үйлестіре отырып, музыкалық ырғақпен қозғала білуге арналған хоровод ойындары;
- ✓ Дыбысты дұрыс шығару дағдысын қалыптастыратын және ырғақ арқылы дыбысты естуді дамытатын музыкалық аспаптар арқылы импровизация жасау ойындары;
- ✓ Ырғақтық сезімдерін дамыту, музыканы есту және есте сақтау қабілеттерін дамытатын ойындар.
- ✓ дәстүрден тыс құралдар ойындары (түтекше, стақандар, т.б)

Музыкалық іс –әрекеттегі Карл Орф жүйесі

Неміс композиторы Карл Орф балаларды музыкалық шығармашылық негізінде даму жүйесін енгізді. Қазіргі таңда Карл Орфтың балалардың шығармашылығын дамытуға бағытталған музыкалық білім беру педагогикасы өте өзекті. Бұл педагогиканың негізгі қағидасы «жасау және жасай отырып үйрену». Балаларға музыканы бірге орындауға және қимылмен көрсетуге мүмкіндік бере отырып, нақты әуенді сезіндіру.

Карл Орф баланың шығармашылық қабілетін дамыту келешекте бала өміріне әсерін тигізетіні міндетті - деді. Сондықтан бала келешекте кім болмаса да дәрігер, музыкант, ғалым, жұмысшы болмасын педагогтың басты міндеті баланың шығармашылық қабілетінің бастамасын ашу.

Карл Орф педагогикасының негізгі қағидалары:

Креативтік

Вариативтік

Коммуникативтік

Балаларға музыкалық білім беруде креативтік көзқарас ол шығармашылыққа бір ден бір жетелейтін құрал. Бұл жерде бала да жасайды, педагогта жасайды. Балаға әуен ойлап табуды, қарапайым қимылды ойластыруды, рифмді таңдауды ұсынады. Бала үшін өте маңызды нәрсе «мен - өзім әншімін, өзім композитормын» деп ойлау.

Вариативтік әр түрлі варианттарды білдіреді, яғни ән айтқанда, тапсырманы орындағанда, билегенде өзгеріп отырады. Жаңа қызықты элементтерді енгізу балаларды қызықтыру.

Коммуникативтік дағдысы қазіргі қиын кезеңде бәрімізге қажетті. Іс әрекет барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, тіл табысуды үйренеді. К.Орфа педагогикасының маңызды тұсы ән айту, тыңдау, қимылдарды оркестрмен ойнау және жаттықтыру сияқты әрекеттерді біріктіру. Әдетте бұл қызмет түрлерінің барлығы бір мезгілде бір-біріне кедергі жасамастан, бір-бірін толықтырып отырады.

Осылайша Карл Орфтың педагогикалық тұжырымдамасының қағидалары музыкалық білім беру мәселелерін шешуге, балалары дамыта оқытуға, атап айтқанда музыкалық шығармашылық қабілеттерін тәжірибеде дамытуға ықпал етеді және педагогтардың балалармен жұмыс істеуде шығармашылығын жүзеге асырады.

«Орфалық аспап жабдықтары»

Ксилофон; металлофон; қоңырау, үшбұрыш, сылдырмақ, клавесы, тон-блоки, гуиро, маракас, бонго, литавры.

Карл Орф балаларды үйретудегі жеңіл тәсіл, ол көп жыл үйретуді қажеттететін аспапты емес, жеңіл үйренетін аспаптарды қолданған жөн екенін түсінді. Жеңіл үйренетін аспаптар олар қоңыраулар, үшбұрыштар, маракастар, ксилофон, клавес

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда педагог дәстүрден тыс түрінде де қолдануға болады. Ойын арқылы балаларға музыка жөнінде жеңіл, қарапайым түрде түсіндіру, түсіне білуге, қиялдауға, ойлай білуге, импровизациялауға болады.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді жолы музыкалық ойын іс-әрекеті болып табылады.

Қосымша

Музыкалық ойын «Байтерек» *(мектепалды даярлық топ)*

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл қозғалыс мәнері мен пластикасын қимылмен үйлестіре білуді үйрету. Балалардың ынтымақтастығымен қарым-қатынас қабілеттерін дамытуға есту және қабылдау қабілеттерін дамыту

Ойын барысы

Музыканың бірінші бөлімінде балалар шеңбер бойымен шапалақтап билеп жүреді. Екінші бөлімінде балалар үш топқа бөлінеді, өз орындарына барып тұрады (үш шеңбер, ортасында сары доп. Доп ұстайтын бала алдынала белгілеп қою керек. Бала қолына допты ұстайды, жоғары көтеріп тұрады, қалған балалар оны қоршап шеңбер жасап қолдарын ұстап тұра қалады. Үшінші бөлімінде «Астана» әніне әдемі айналып жүреді. Ойынды тағы қайталап ойнауға болады.

Музыкалық ойын «Гүлдер» *(мектепалды даярлық топ)*

Мақсаты: Балалардың ынтымақтастығы мен қарым-қатынас қабілеттерін дамытуға есту және қабылдау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Ойын барысы.

Балалар шеңбер бойымен тұрады. Үш балаға гүлдердің маскасын кигізеді, қызыл, сары, түймедақ. Музыканың 1- ші бөлімде балалар қолұстасып айналып жүреді. Музыканың 2 – ші бөлімінде айтылған сөздерді тыңдайды; «Балалармен билеуге қызыл гүл келіп тұр». Сол гүлді киген бала ортаға шығып, өзі қалаған баланы тандап биге шақырады. Музыканың 3 – ші бөлімінде екеуі қолұстасып айналып билейді, қалған балалар шапалақтап тұрады. Кейін ойын басқа гүлдермен қайталанады.

«Стақандармен ойын» *мектепалды даярлық топ*

Музыка (Massimo Siviero – Tarantello)

Балаларға музыканы бірге орындауға және қимылмен көрсетуге мүмкіндік бере отырып, нақты әуенді сезіндіру (жасау және жасай отырып үйрену)

Мақсаты: Ырқақтық сезімдерін дамыту, музыканы есту және есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Дәстүрден тыс құралдар арқылы балалардың музыкалық шығармашылығын дамыту.

«Түтекше» (ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтар)

Мақсаты: дәстүрден тыс құралдар арқылы балалардың музыкалық шығармашылығын дамыту. Үсақ қол моторикасын дамыту. Сөздің қорын дамыту есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойын барысы

Балалар шеңберге отырады, қолдарында түтекше.

1. Түтекшені аламын әсем әнге саламын
Көмектесіп анама, қамырды мен жаямын
Осылай осылай, қамырды мен жаямын – 2 рет
2. Түтекшені аламын екі ұшын қосамын
Әкем ұқсап өскенде мен жүргізуші боламын
Бип- бип- бип жүргізуші боламын -2рет
3. Түтекшені аламын оны былай ашамын
Түрлі түсті жолақтан кемпрқосақ жасаймын
Иә – әя –иә кемпрқосақ жасаймын – 2рет
4. Түтекшені аламын мойыныма саламын
Мойыныма әдемі моншақ қылып тағамын
Ля- ля- ля моншақ қылып тағамын.

«Оркестр ойнаймыз» (ересек, мектепалды даярлық топ)

Мақсаты: Ырқақтық сезімдерін дамыту, музыканы есту және есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып және әнді айта отырып қимылмен үйлестіре білу. Шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Ойын барысы:

Бір бала дирижер, қалған балалар музыканттар. Музыканттар аспаптарды қолдарына алып қз орындарына отырады. (клавес, сылдырмақ, қоңырау, құстар)

1 куплет: бір, екі, үш, төрт, бес

Таяқшалар шығады

Ырғақтары көңілді

Шапалақтап қойындар

Клавес ұстаған балалар орындарынан тұрып ойнайды

2 куплет: бір, екі, үш, төрт, бес

Сылдырмақтар шығады

Ырғақтары көңілді

Шапалақтап қойындар

Сылдырмақ ұстаған балалар ойнайды

3 куплет: бір, екі, үш, төрт, бес

Қоңыраулар шығады
Бірғақтары көңілді
Шапалақтап қойындар
Қоңырау ұстаған балалар ойнайды

4 куплет: бір, екі, үш, төрт, бес
Құстар ұшып келеді
Әндетеді көңілді
Шапалақтап қойындар
Құстар ұстаған балалар ойнайды

5 куплет: бір, екі, үш, төрт, бес
аспаптардын барлығы бірге ойнап береді
Шапалақтап қойындар
Барлығы ойнайды
(соңында бастарын иіп тұрады)

Саусақтар ойыны «Тамшылар» *(кіші, ортаңғы топ)*

Мақсаты. музыканы тыңдай отырып балалардың саусақ моторикасын дамыту.
ырғақты естіп, сезіне білуге үйрету.

Ойын барысы.

Балалар музыка жетекшімен бірге жасайды

ТЫРС, ТЫРС ТАМШЫЛАР
ТЫРС , ТЫРС КІШКЕНТАЙ *(алақанға саусағын соғады)*
ТЫРС ТЫРС ТАМШЫЛАЙДЫ
БАЛАЛАРҒА СУ ҚҰЯДЫ
ТЫРС, ТЫРС, ТЫРС БЕТІНЕ *(саусақтарын бетіне соғады)*
ТЫРС, ТЫРС, ТЫРС-ТЫРС,
МҰРЫНҒА *(саусақтарын мұрынға соғады)*
ТЫРС, ТЫРС, , ТЫРС, ТЫРС
ИЫҚҚА *(саусақтарын игына соғады)*
ТЫРС, ТЫРС, ТЫРС-ТЫРС,
ТЫРС, ТЫРС, ТЫРС-ТЫРС,
АЯҚҚА *(саусақтарын тізеге соғады)*
ТЫРС, ТЫРС, ТЫРС-ТЫРС,
АЛАҚАНҒА *(саусақтарын алақанға соғады)*

«Би билейікші» би*(кіші топ)*

1. Балақайлар би билуге
тұрайықшы кәнекей
аяқпенен топылдатып
би билейік бәріміз
(аяқпен топылдатады)

Қайырмасы: Ла, ла, ла, ла, ла! Ла, ла, ла, ла, ла! Би билейікші!
Ла, ла, ла, ла, ла! Ла, ла, ла, ла, ла! айналайықшы!
(айналады)

2. Балақайлар би билуге
тұрайықшы кәнекей
қолымызбен шапалақтап
би билейік бәріміз
(қолдарымен шапалақтайды)

3. Балақайлар би билуге
тұрайықшы кәнекей
бір отырып, бір тұрып
би билейік бәрімі (сәл отырады, тұрады)

4. Балақайлар би билуге.
тұрайықшы кәнекей
қонжық болып қорбандайық
кәне, кәне бәріміз
(аю сияқты қорбандайды)

5. Балақайлар би билуге.
тұрайықшы кәнекей
қоян болып секрейік
кәне, кәне бәріміз
(қоян болып секіреді)

«Ырғақтық тізбектер» музыкалық дидактикалық ойын

(Ересек, мектепалды даярлық топ)

Мақсаты: Балалардың жалпы музыкалық ырғақты сезімдерін дамыту. Бір - біріне ырғақты суретті жеңіл ұру арқылы қимылмен көрсете білу. Ұжымдық жұмысқа белсене араласуға шақыру.

Ойын барысы:

Балалардың қолында клавес. Бір бала ортаға шығады кубикті алдына қарай лақтырады. Үстінгі бетінде қандай ырғақтық тізбектер болса соны клавеспен соғады. Кейін балалар қайталайды барлығы. (кішкентай сурет – қысқа дыбыс, үлкен сурет – ұзақ дыбыс)

«Музыкалық жаңғырақ» (музыкальное эхо)

(Ересек, мектепалды даярлық топ)

Мақсаты: Нота аттарын атай отырып, дауыстап әндету. Ырғақтық сезімдерін дамыту, музыканы есту және есте сақтау қабілеттерін дамыту. дауыс аппаратын қыздыру.

Ойын барысы:

Бірінші нұсқа «Сольфеджио ойыны»

Әр баланың қолында стақан. Алдымен музыка жетекшісі өзі әндетеді, кейін балалар қайталайды. (Барлығы стақандарға әндетеді. Стақан осы тұста микрофон рөлін атқарады, қосымша дыбыс әсерін жасайды)

Педагог: Ре – Фа..... балалар

До – Ми... Ре – Фа... До – Ми...Ля – Си – Ля – Си – Ля.....Соль – Ля – Соль – Ля – Соль.....Ля – Си – Ля – Си – Ля.....

Соль – Ля – Соль – Ля – Соль.....Ля – Фа – Ре.....

Соль – Ми – До...Ля – Фа – Ре.....

Соль – Ми – До.....Фа – Ре..... Ми – До.....Фа – Ре.....Ми – До.....

Екінші нұсқа «Бұынмен айту»

А – а... У – у.....А – а.....У – у.....Ла – Ла – Ла – Ла – Ла.....Лу – Лу – Лу – Лу –

Лу.....Ла – Ла – Ла – Ла – ЛаЛу – Лу – Лу – Лу – ЛуО – О – О..И – И – И

.....О – О – ОИ – И – ИЮ – Ю.....Е – Е ...Ю – Ю .Е – Е

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Жумагулова Самал Болатовна,

дене тәрбиесі нұсқаушысы

№36 «Балапан» балабақшасы МКҚК

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту мәселелері көбіне соңғы 10 жылда шешілді. Соның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен қамту 13 есеге артқанын атап өтуге болады. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары модельді іске асыруда көзделген сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған. Модельді іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізгеннен, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді көздейді. Қазіргі әлемде білімге деген көзқарас балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, жылдам өзгеріп отыратын болмыспен бірге өзгеруде. Білімді баланың туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарау білім беру процесін ұйымдастырудың икемді стандарттарын қабылдауды қажет етеді. Балалар көп уақытын білім беру ұйымдарында өткізеді, бұл балалардың мәдени және этникалық әртүрлілікке құрмет көрсетілетін үйлесімді, мейірімді, дамытушы, инклюзивті, әділ ортада балалық шағын өткізуі үшін тиісті жағдайлар жасаудың маңыздылығын түсінуге әкеледі. Бала өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы тиіс. Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке

дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет. Заманауи әлемдік үрдістер педагогтердің әр баланың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға баса назар аударатынын көрсетеді, яғни баланы дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процестеріне жеке тәсілді қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларға басымдық беру қажет. Модельді іске асыру жоғары оқу орындары мен колледждердің қатысуымен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің сапалық деңгейін арттыру мәселесін шешуде кешенді тәсілдерді болжайды.

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы; баланы толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым - қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі; баланың қажеттіліктері – ойынға, қимыл - қозғалысқа, таңдауға, өз өмірін бақылауға, пайдалы іс - әрекетке, жақын жылы қарым - қатынас жасауға, араласуға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке қажеттілік; дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта; қарым - қатынасты қолдау – ересектердің балаларға деген мейірімді қарым - қатынасы, баланың дербестігін ынталандыруы, әр баланың жеке басын құрметтеуі, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетуі; инклюзивті білім беру кеңістігі – әр баланың жеке қажеттіліктері ескеріліп ұйымастырылған орта, онда барлық балалар эмоционалдық, зияткерлік және академиялық қолдауды сезінеді, әлеуметтенуге қатысады және жеке басына, тәрбиелеу мен оқытудағы қалауына қарамастан қатысады; сапалы маңызды өзара іс - қимыл – педагогтің әр баламен жеке қарым - қатынасы, баланың іс - әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым - қатынас көрсету; ерте дамыту – баланың туғаннан бастап мектепке барғанға дейін дамуы; сәби жасы – туғаннан бастап үш жасқа дейінгі кезең; Модель ұлттық құндылықтарды балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағытталады. Модельдің міндеттері: инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау; мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнындағы өзгерістерді нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету; сапа өлшемшарттарын айқындау арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру және білім берудің сапасын бағалау құралын қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету; ғылыми негізде вариативтік оқу бағдарламаларының құрылымын әзірлеу

және бағыттарын айқындау; педагогтердің деңгейінде және білім беру ұйымдарының деңгейінде мектепке дейінгі ұйымдардың күнделікті жұмысында зерттеу жұмысының мәдениетін қалыптастыру; педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету; өзара әріптестік іс - қимыл орнату арқылы ата - аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды, дамыту мен білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру шарттарын реттейтін нормативтік құқықтық базаны жаңарту; ғылыми - әдіснамалық және оқу - әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгіз тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу; балаларды психологиялық - педагогикалық қолдауды жүзеге асыру тәсілдерін жетілдіру; педагогтерді даярлау бағдарламаларын жетілдіру және балаларды ерте дамыту әдістемесі бөлігінде мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын өзектілендіу. Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор. білім беру процесінің қатысушылары болуға; баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге; баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға; көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға; үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік береді.

Мектепалды даярлық тобында Реджио педагогика элементтерін енгізу

*Қайыржанова Г.И., тәрбиеші
Көкшетау қ., «Нұрбала» бөбекжайы*

Қиыр Шығыстағы білім берудің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес әрбір мектепке дейінгі ұйым: әрбір баланы дараландыруды, баланың жеке басының өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауды, балалардың бастамашылдығын қалыптастыру үшін жағдайды және тәуелсіздік. Бұл үшін Reggio Emilia педагогикалық жүйесі ең қолайлы. 2022-2023 оқу жылының басынан бастап біздің «Нұрбала» бөбекжайында «Арай» тобындағы оқу үрдісінде Reggio Emilia педагогикасының элементтері қолданыла бастады. Реджио педагогика – оптимистік педагогика. Бала өзінің жігерімен, қызығушылығымен, қиялымен өзін жасаушы, оның жеке басын құрастырушы -

Реджио педагогикасы осылай деп есептейді. Бұл жаңа типтегі балабақшаның философиясы мен әдістемесін Реджо Эмилия қаласындағы Лорис Малагузци бастаған мұғалімдер тобы әзірлеген. Педагогика баланың жеке басын құрметтеу, жеке жауапкершілікті тәрбиелеу және баланың өзі белгілеген даму векторын жүзеге асыруға бейімделген даму ортасын құру принциптеріне негізделген. Негізгі идея - бала өзін көптеген жолдармен көрсетеді, оны ересектер байқамайды. Қабылдау ынталандырылмаса және қоршаған орта туралы ойлауға уақыт пен мүмкіндік берілмесе, балалардың қабілеттері ашылмаған күйде қалады. Дамуында кемістігі бар балаларды қалыпты дамыған балалармен бірге тәрбиелеуге болады. Балаларға бір құбылысқа әр түрлі уақытта (күндер, апталар, жылдар, әртүрлі жарық пен ауа-райы кезінде) бірнеше рет қарап, не болып жатқанын суретке түсіруге мүмкіндік беріледі. Жұмыстың тақырыбы балалардың сұрақтары мен қызығушылықтарынан, балалардың әңгімелері кезінде кездейсоқ пайда болған болжамдардан өздігінен анықталады. Талқылау күн сайын таңертең топ жиналысында және жұмыс барысында болады. Reggio Emilia-ның ең маңызды принципі - бұл балалардың бір-бірінен сұрақ қоюға, проблемаларды қоюға және талқылауға және түсіндіру гипотезаларын ұсынуға үйренуі. Оқыту саласында мынадай маңызды қағидат болып табылады: балалардың не үйренетіні олардың үйреткенінен автоматты түрде шықпайды; керісінше, ол негізінен олардың ересек әрекеттері мен ресурстарының салдары ретіндегі өз әрекеттерінен туындайды. Балабақшаның кеңістігі балаға пайдалы көрнекі және тактильді ақпаратпен, алуға, олардың құрылымын түсінуге және ойында қолдануға қызықты заттарға толы: бұл табиғи материалдардың (жапырақтар, тұқымдар, бұтақтар және т. .) оларды зерттеу (үлкейткіш әйнек, микроскоп, жарықтандырғыш үстелдер, ағаш ұсталық аспаптар және т.б.), әртүрлі құрылыс жинақтары мен ойыншықтар, моншақтар мен бояулар, қалдықтар. Мысалы, «РЕДЖИО-ателье» немесе шығармашылық ателье балаларға қиялды дамытуға көмектеседі. Балаларға табиғи және қалдық материалдарды пайдалана отырып, қиялындағы жобаларын жүзеге асыруға еркіндік беріледі. Педагогтердің бағыттауымен, балалар өз шығармашылығын дамытады. Біздің топтың кеңістігі «ательеде» жұмыс істеуге арналған әртүрлі материалдармен жабдықталған. Ателье – бұл баланың өзін-өзі көрсететін, шығармашылық қабілеттерін көрсететін, жеке және топтық жобалармен жұмыс істейтін, жобалық іс-әрекеттердің өнімдері мен материалдарын сақтайтын орын. Топ негізгі «ательелерді» анықтады: «Кітапхана ательесі», «Театр ательесі», «Құрылыс ательесі», «Аспаздық ателье», «Көркем дизайн», «Тірі организмдер», «Ғылым және сезім ательесі», «Ұлттық мұра ательесі». Асыл мұра – қазына». Аптасына бір рет балалардың таңдауы мен бастамасы бойынша «Ателье» жалпы шеберханасы өткізіледі. Балалармен жұмыс оларды мұқият бақылаудан басталады. Топта мұғалімдер балалардың еркін ойынын мұқият қадағалайды, балалармен оларды қызықтыратын нәрселер туралы әңгімелеседі, баланың барлық әрекеттерін, мәлімдемелерін, сұрақтарын жазып алады. Содан кейін бұл материал мұқият талдауға ұшырайды, нәтижесінде қазіргі уақытта баланы қызықтыратын негізгі мәселелер туралы қорытынды жасалады.

Баланың қызығушылықтары анықталғаннан кейін, сіз оған сәйкес келетін бағытта дамуына көмектесе аласыз. Reggio Emilia педагогикасындағы мұндай дамудың кілті жобалық белсенділік болып табылады. Дұрыс таңдалған жоба тақырыбы баланың дамуының катализаторы болады және оған шығармашылықтан бастап қарапайым математикалық түсініктерді дамытуға дейінгі барлық салаларда өзін көрсетуге көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балалармен жобалық іс-әрекеттің ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Ол келесідей: Жобаның негізі баланың ең күшті, тұрақты қызығушылығы болуы керек. Әр баланың өз ерекшелігі бар: біреулер көлікке қызығады, басқалары сары үлпілдек тауықтарсыз өмірді елестете алмайды. Жобаның барлық сәттері мен кезеңдері мұқият құжатталған. Ересектер жобада балалармен бірге жұмыс істейді, бірақ олардың орнына емес, олар орындаушылардың бірінің рөлін атқарады, бірақ олар әрқашан балалардың іс-әрекетін бақылауға міндетті емес, тек қажет болған жағдайда ғана. Мектеп жасына дейінгі баланың жобасында нәтиже емес, процесс маңызды. Бұл жүйеде даму ортасын құру ерекше орын алады (ол баланың «үшінші мұғалімі» болып саналады). Қоршаған орта сенсорлық тәжірибенің алуан түрін жасауға, тәжірибе жасауға және алуға болатындай етіп ұйымдастырылуы керек. Баланы қоршаған ортаның әдемілігіне көп көңіл бөлінген. Бұл заттардағы әдемі заттар мен тәртіп баланың эстетикалық дамуына ғана емес, жалпы дамуына да ықпал етеді деп саналады. Балалар бізден ғана емес, көптеген басқа әсерлер арқылы да үйренеді. Бұл ерте даму әдісінің басты артықшылығы - ересектер мен балалар онда ортақ мақсатпен тең зерттеушілер мен әріптестер ретінде әрекет етеді.

Өткен 2022-2023 оқу жылында балалардың өздері және мұғалімдермен және ата-аналармен бірлесіп таңдаған жобалар:

- 1) "Лимонның пайдалы қасиеттері" - Амантай Құдайберген, Қаби Назым.
- 2) "Неге қыста көздер қатып қалмайды" - Тамил Төлеубекова.
- 3) " Құстар қалай қыстайды?"- Ғабит Диана, Сери Жанайым.
- 4) "Жабайы жануарлар" - Әміржан Кәусар.
- 5) "Жануарлар әлемінде" - Асқарұлы Бекзада.
- 6) " Қардың қасиеттері " - Тамен Ислам.
- 7) " Вирус дегеніміз не? Қайдан?- Серікова Айзере.

8) " Сүт біздің үстелге қалай түседі?"- Тіленбай Айсұлтан.

Жыл бойы балалармен бірге біз жобаның авторлары мен бастамашылары болуды үйрендік, жоба бойынша жұмыс процесін ұйымдастыруды, ұсыныстар жасауды, талқылауды, жоба тақырыбына бірлесіп шығуды, оны жүзеге асыруды үйрендік. Жұмыс тақырыбы Балалардың сұрақтары мен қызығушылықтарынан, балалар әңгімелері кезінде кездейсоқ пайда болған болжамдардан өздігінен таңдалды. Жаңа 2023-2024 оқу жылында біз жобалық іс-шараларға қатысуды жалғастырамыз, өйткені балалар өз бетінше іздеуді, үйренуді және жаңа білім ашуды ұнатады, балалар өздерін қызықтыратын сұрақтар қоя отырып, жоба тақырыптарын өздері таңдайды.

- 1) " Нан алу қаншалықты қиын, ол біздің үстелге қалай жетеді?"- Қобылан Әли.
- 2) " Күзде жәндіктер қайда жоғалады?"- Бауыржан Ислам.

3)" Мен ата – әжеммен мақтанамын " - Шалқар Алинур
4) "Тақиядағы бала" - Амангелді Әбілмансұр
Ата-аналарды балабақшадағы балалардың өмірі және олардың шығармашылық қызметі туралы ақпараттандыру" сөйлейтін қабырғалар " арқылы өтеді, бұл жобалардағы балалардың қызметі туралы фоторепортаждар, балалар қызметінің өнімдерінің көрмелері.

Әдебиет

1. "Реджио-педагогика" жинағы. Жинақ. - Баспа: ұлттық білім, 2021ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайында педагогтің инновациялық қызметі

*Канатова София Нурлановна
Батыс қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Сырым аудандық білім беру бөлімінің
МКҚК «Балдырған» балабақшасы*

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі педагогтердің инновациялық қызметін түсіндіру мәселелері қарастырылады. Педагогикалық ұжымның инновациялық қызметінің шарттары мен түрлері, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешісі тұлғасының инновациялық сипаттамалары талданды және сипатталды. Жалпы білім беру жүйесі үшін үлкен теориялық және практикалық мәнге ие мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының білім беру процесіне инновацияларды енгізудің орындылығы негізделген.

Түйінді сөздер: инновациялар, инновациялық технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Қазіргі қоғамдағы жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастар мектепке дейінгі білім беру жүйесінде өзгерістер туғызды, олардың дамуы жақында жоғары деңгейге көтерілді. Мектепке дейінгі білім беруде мемлекеттік білім беруді енгізу және мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының құрылымына қойылатын талап тәрбие мен білім беруді ұйымдастыруда айтарлықтай өзгерістерге әкелді және мектепке дейінгі білім беруді басқару жүйесін жетілдіруді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін» іске асыруда жоғары оқу орындары мен колледждерде мамандар даярлаудың сапасын арттыру мәселесін шешудің кешенді тәсілдерін қарастыруды көздейді. Атап айтқанда: оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін тиімді пайдалануға басымдық беріледі. Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке

қасиеттерін қалыптастыруға білікті болуы қажет – деп көрсетілген. Бұл тұрғыдан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде күтілетін нәтижелердің бірі «ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру, отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту» деп көрсетілген. Модельдің 3-тармағында балаларды ерте жастан дамытуда ұлттық құндылықтарды заманауи теорияларымен үйлестіру басты бағдарға алынғаны қуантады.

Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім беру процесін жақсарту мектепке дейінгі білім беру мекемесінде жұмыс істейтін заманауи педагогтің кәсіби құзыреттілігін жақсарту тізбекті реакцияға әкеледі. Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіштерінің бірі-оның өзін-өзі дамыту қабілеті. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешілерінің өзін-өзі дамытуының негізгі критерийлері: кәсіби педагогикалық қызметтің тиімділігі, педагогтердің шығармашылық өсуі, білім беру процесіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдары өз жұмыстарына инновациялық технологияларды қарқынды енгізуде. Сондықтан мектепке дейінгі педагогтардың негізгі міндеті балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, балалардың жеке дамуының белгіленген мақсатына сәйкес келетін оңтайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау болып табылады. Педагогикалық технология-бұл оқыту мен тәрбиелеу формаларының, әдістерінің, оқу құралдарының ерекше жиынтығы мен қолданылуын анықтайтын психологиялық-педагогикалық көзқарастар жиынтығы; бұл педагогикалық процесті ұйымдастырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік құралы.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының білім беру процесіне инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу мақсаты:

– мектепке дейінгі білім беру сапасын және педагогикалық ұжымның кәсіби дағдыларын жақсарту;

-қоршаған ортаны білуде баланың белсенділігін қалыптастыру, тәрбие-білім беру қатынастарының барлық субъектілері (педагогтар, балалар, ата-аналар) арасындағы өзара іс-қимыл процесінде даралықты ашу.

Инновациялық процесс-бұл дәстүрлі білім беру жүйесінің жаңа сапалы күйге көшуінің сәттілігіне кепілдік беретін инновацияларды құру, игеру және қолдану. Мектепке дейінгі оқытудағы инновациялар оқытудың жаңа әдістерін, сабақтарды ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін, білім беру мазмұнын ұйымдастырудағы инновацияларды, білім беру нәтижесін бағалау әдістерін түсіну үшін ұсынылады. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи инновациялық педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жүзеге асыруға бағытталған.

Бүгінгі педагогика ғылымында педагогикалық дизайн моделдері пайда бола бастады. Оқыту моделі – оқыту процестерін стандарттауға немесе біріздендіруге бағытталған теориялардың, принциптердің және процестердің сипаттамасы. Оқыту моделі үш кезеңнен тұрады:

- баланың ерекшеліктерін анықтау;

- білім беру мақсаттарын анықтау;
- педагогикалық стратегияларды анықтау.

Кез келген модель - бұл бірнеше кезеңдерге топтастырылған, нақты тапсырмалары мен оларды шешу әдістері бар процедуралар тізбегі.

Мектепке дейінгі білім берудегі мұғалімнің инновациялық қызметі балаларды оқыту мен дамытудың тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру заманауи тәсілдер мен әдістерге үнемі назар аударуды талап етеді. Мұғалім жаңашылдық таныта алатын бірнеше бағыттар:

- Заманауи білім беру технологияларын қолдану: оқыту әдістерінің әртүрлілігіне ықпал ететін интерактивті оқыту бағдарламалары мен мультимедиялық ресурстарды енгізу.
- Сыни ойлау мен логикалық дағдыларды дамыту үшін электрондық білім беру ойындарын қолдану.
- Шығармашылық көзқарасты дамыту: балалардың шығармашылық ойлауын ынталандыратын жобалық қызметті ұйымдастыру.
- Оқытуға зерттеушілік тәсіл сияқты шығармашылық бағыттағы әдістерді қолдану.
- Білім беру процесін даралау: сабақты жоспарлау кезінде әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеру.
- Көп деңгейлі дамуды қолдау үшін сараланған оқыту әдістерін енгізу.
- Ата-аналармен ынтымақтастық: іс-шараларды, мастер-класстарды және бірлескен жобаларды ұйымдастыру арқылы ата-аналарды білім беру процесіне тарту, баланың жетістіктері мен қажеттіліктері туралы ақпарат алмасу үшін ата-аналармен тиімді байланыс арналарын құру.
- Әлеуметтік дағдыларды дамыту: балаларда әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған оқыту әдістемелерін енгізу. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін бірлескен сабақтар, ойындар мен жобаларды ұйымдастыру.
- Экологиялық білім: білім беру процесіне экологиялық тәрбие мен тұрақты даму тақырыптарын енгізу. Экологиялық іс-шараларды ұйымдастыру, табиғи объектілерге бару, экологиялық жобаларды жүргізу.
- Тәрбиешінің өзін-өзі дамытуы: үнемі кәсіби даму және жаңа әдістер мен тәсілдерді үйрену. Тәжірибе алмасу және жаңа ақпарат алу үшін мастер-класстарға, тренингтерге, конференцияларға қатысуы.

Қорытындылай келсем, инновациялық технологияларды әр педагогтің күшімен қолдану, оларды енгізу мектепке дейінгі білім берудің сапалы жаңа деңгейге шығуына ықпал етеді, бұл мектепке дейінгі балалық шақты жеке тұлғаның жалпы білім беру жүйесіндегі білім берудің бастапқы кезеңі ретінде белгілеудің негізділігін дәлелдейді.

Әдебиеттер:

1. Жумабекова Ф.Н. Иманбаева З.М. Ұлттық құндылықтарға негізделген «Өркендеу» бағдарламасы – жаңа жоба. Астаналық әдістеме №1. 2020. 10-14 б.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019 ж.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»/2020 ж.
4. Сұлтанова, Э. Н. Оқу-тәрбие процесінде до мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес келетін заманауи инновациялық технологияларды қолдану / Жас ғалым. — 2018. — № 2 (188). — 146-148.

Мектепке дейінгі балалық шақтың әлеуметтік және психологиялық құндылығы, ебқ бар балаларды тәрбиелеу және оқыту процесіндегі орта қажеттіліктері

Абилдаева Л.С., әдіскер

Астана қаласы №71 «Мөлдір» балабақшасы

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік және психологиялық ерекшелігі және ЕБҚ бар балаларды тәрбиелеу және оқыту процесіндегі кездесетін күрделі мәселелердің шешу жолдары көрсетілген. Бала тәрбиесінде психологиялық қолдаудың маңыздылығы мен ерекшелігі кеңінен жазылған. Сонымен қатар, балада білім негізін қалыптастыруда педагогикалық тұрғыдан қолданылатын әдіс-тәсілдер жайлы да қысқаша баяндалды. Қазіргі таңда бала тәрбиесінде мектеп жасына дейінгі кезең өте сақтықты, қателеспеуді, сауатты тәрбиелеуді қажет ететін бала эмоциясының және психологиялық дамуының ерекше кезеңі. Бұл жеке тұлғаның бастапқы нақты қалыптасатын жасы. Мұндай кезеңде баланың психикалық функциялары ғана емес, таным қабілеттер де дами бастайды. Сонымен қатар, мінез-құлқының моральдық формалары белсенді түрде игеріледі. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуының психологиялық құрылымының кез-келген байланысын немесе тетіктерін бұзу баланың дамуына әсер етуі мүмкін.

Түйінді сөздер: социализация, инклюзив, дискриминация.

Бүгінгі күні педагогика ғылым тұрғысынан қарағанда баланың әлеуметтік-эмоционалды дамуы ол мектеп жасына дейінгі баланың өте күрделі социализациялық мәселесі. Социализация — әлеуметтік ортаға баланың бейімделуінің күрделі, көп жоспарлы үрдісі. Бұл кезеңде бала айналасындағы ересектерге, яғни ата-аналары мен ұстаздарға тәуелді. Келеңсіз жағдайлар, жүріс-тұрыс, әлеуметтік және эмоционалды мәселелер зардаптылары баланың болашағына тікелей әсерін тигізеді. (баланы құқығы және жеке басының қасиеті) Баланың іс-әрекетін сипаттайтын ең маңызды салалардың бірі -негізінде нормалар және ережелердің меңгеруі оның әлеуметтік дамытуы болып табылады: бір жағынан, баланың заттық әлемнің қағидаларын түсінуі қажет. Екінші жағынан — адамдарға деген қарым-қатынастың ережесі. Бұл процессте баланың мінез-құлқының эмоционалды күйзеліске ұшырауы ата-аналары мен айналасындағылардың кері әсерінен тууы мүмкін. Мінез-құлық эмоционалды күйзеліске ұшырайды. Баламен — аналық қатынастардың бұзушылығы, қолайсыз психологиялық ахуал тағы басқалар патологиялық факторлар негативті

факторлардың бір қатарының әсерімен бірақ балада әлеуметтік — эмоционалды сәтсіздіктің белгілері қалыптасады. Егер баланың оқуында, қарым – қатынасында және еңбегінде кейбір жеке даралық сапалар байқалса, онда осы сапаларды басқара отырып едәуір күрделі жағдайында жаңа сапаларды құрудың дамуын жоғарылататын ойындарды ұйымдастыруға болады. Тәрбиелеуші баланың қарым – қатынасында және еңбегінде қандай да бір жеке даралық сапаның жеткіліксіздігін аңғарса, онда ең алдымен баланың ойынын ұйымдастыруда сәйкес сапалардың пайда болуы мен қалыптасуына көңіл бөлу керек.

Практикада дәлелденгендей, балалардың әлеуметтік ортаға бейім-делуіне ұжымда бірлесе жұмыс жасауы маңызды рөл атқарады. Балалар еңбек етуге икемделіп, өзара қарым-қатынасқа түсіп, жауапкершілік, адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Осы орайда, әлеуметтік ортаға бейімдеудің бірнеше бағыттарын қарастырсақ: әрбір баланың қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасау, психологиялық ерекшелігіне сай жұмыс жүргізу, шығармашылыққа тарту (жеке және топтық), мерекелік іс-шараларға қатыстыру, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға үйрету, қоғамдық ортада өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуді меңгеруге үйрету, балалармен өзара тіл табысуына ықпал ету және ата-аналармен өзара қарым-қатынасын нығайту болып табылады. Демек, балабақша тәрбиешілері, педагогтар мен психологтар осыған байланысты балалардың өмірге деген сүйіспеншілігін арттырып, қоғамда және жеке адам басындағы қайғырулар, үрей т.б (оған көмекке келу, қуану және қайғыру) адамдардың сезімінде үлкен жауапкершілікпен қараулары керек. Өз эмоцияларын басқара білу — мектепке дейінгі жастағы балалардың ең басты жетістігі.

Қазіргі қоғамда ЕБҚ бар балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселесі жіті назарға алынуда. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар) (ЕБҚ) - даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемаларына, орталық факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени) байланысты тиісті деңгейде білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар (балалар). Психикалық және дене дамуы бұзылған балаларды оқыту кезінде оқытудың арнайы әдістерін қолдану қажеттілігі жиі туындайды. Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айрықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігі айтылған.

Әлемдік қоғамдастық барлық адамдардың нәсілдік, этникалық, жыныстық, дене, психикалық және басқа да айырмашылықтарына қарамайтын құқықтары теңдігі принципін басшылыққа ала отырып, БҰҰның халықаралық құқықтық актілерінде инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдарын бекітті. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың

ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Инклюзивті оқытуға қатысты жалпы үдеріске қоғамның әрбір мүшесі өзінің белсенді азаматтық үлесін қосуы нәтижесінде, ерекше балаларды әлеуметтендіру үрдісіндегі кедергілер мен қиындықтарды оңтайлы еңсеруге болады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшелігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстар байқалады. Психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау (ППҚ) қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, жалпы психикалық үдерістің дамуында бұзылыстар байқалады, мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Ерекше білім беру қажеттілігіне ие балаларға білім беру тек ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында педагогтар балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін. В. А. Сухомлинский балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл – баламен кеңесе отырып оның қызығушылықтарын, белгілі бір мақсаттарға жетуде алға қойған ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсетіп, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отыра, оқу мен оқытуда өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеп, жақын араласатын дос табуына көмектесу деп санайды.

Мұндай санаттағы балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (көмек) – әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар құру барысындағы педагогтар мен мамандардың ұйымдастырылған қызмет жүйесіне тікелей байланысты. Жалпы мектепке дейінгі балалардың тұлға болып қалыптасу жолында екі тарап та атсалысып, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына ықпал етер болса, саналы, қоғам көшіне ілесе білетін ұрпақ тәрбиелеп шығаруға әбден болады.

Әдебиеттер

1. Психолого-педагогическое сопровождение и оказание поддержки учащимся с особыми образовательными потребностями в школах на краткосрочной, среднесрочной и долгосрочной основе. Методические рекомендации. НАО, Астана, 2015 г
2. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б.
3. Жұмабекова Ф.Н. – «Мектепке дейінгі педагогика»- Астана ,2007

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру үрдісінде Lesson Studyді қолдану

*Кененбаева Жазира Ерсейітқызы, МАД тобы тәрбиешісі
Астана қаласы МКҚК №66 «Толағай» балабақшасы*

Мемлекеттің экономикалық, саяси, мәдени көрсеткіштері ақпараттың жедел, қарқынды даму үдерісімен тығыз байланысты. Сондықтан да білім

саласында оқытудың жаңа тенденциялары мен технологияларын меңгерген педагогтың болуы заңдылық.

Әлемнің көптеген дамыған елдерінде қалыптасқан дәстүрлі білім беру жүйесін түбегейлі реформалау қажеттілігі туындады. Бұл, өз кезегінде заманауи қоғамның сұраныстарын қанағаттандырмайтыны, жаңа заманның шарттарына сәйкес келмейтіндігі, қоғам дамуына кедергі болатындығы айқындалды. Сондықтан да барлық саланы жаңартудың заманауи технологияларын ойлап табу қажет болды.

Сондықтан да жаңа кезеңге аяқ басқан еліміздің бет-бейнесі білімі арқылы өлшенбек. Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында еліміздің білімін дамытудың стратегиялық бағыты айқындалған болатын. Бұл бағдарламаның идеясы білімді трансляциялау және инновациялық мүмкіндіктерді білім беру үрдісіне енгізу.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі адамзаттың жағдайы инновациялық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты екенін айта келе, білім беру үрдісінде жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін арттыруды тапсырды. Бұл өз кезегінде мектепке дейінгі білім беру үрдісінде «Lesson Study» әдісін қолдануды қажет етеді.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі - оқу үрдісіне «Lesson Study» әдісін енгізу, білім беруде командалық интеграция құру. Оның негізгі ерекшелігі – бірлескен тәрбиешілердің тобын шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмыстарының нәтижесін көруге, бірлесіп сабақ өткізуге, кеңесуге, проблеманы шешуге, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Бұл тәрбиешіден шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Осы әдісті мектепке дейінгі білім беруде қолдану тұтас педагогикалық үрдісті интеграциялауға, тәжірибені модернизациялауға, білімді трансляциялауға көмектеседі.

Мектепке дейінгі білім беру - бұл жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде балалардың үйлесімді дамуы, баланы жалпы орта білім берудің бастауыш сатысына дайындау, қоғамдық өмірге белсенді қатысу үшін қажетті жағдайлар жасау, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылатын білім беру ұйымы.

Балабақша - балаларды қоғамда өмір сүруге үйрететін алғашқы әлеуметтік институт болып табылады. Дәл осы жерде баланың қоршаған адамдармен дербес байланысы жүзеге асады, ол қарым-қатынас жасауды және өзара әрекеттесуді үйренеді.

Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру ұйымында «Lesson Study» әдісі арқылы оқу іс-әрекетін ұйымдастыру маңызды.

«Lesson Study» - бұл білім беру үрдісінде сабақты бірлесіп жоспарлау, жүргізу және талдау әдісі. Бұл әдіс тәрбиешілерге сабақтарды бірлесіп әзірлеуге, олардың орындалуын бақылауға және білім беру тәжірибесін жақсарту үшін тәжірибе мен білім алмасуға мүмкіндік береді.

Lesson Study-ді заманауи мектепке дейінгі білім беру процесінде

қолданудың бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, бұл әдіс тәрбиешілердің кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тәрбиешілер, әртүрлі оқыту әдістері арқылы оқу материалдарын талдай алады, бұл олардың дағдылары мен тәжірибесін жақсартуға көмектеседі.

Екіншіден, Lesson Study сапалы сабақтар құруға және өткізуге мүмкіндік береді. Тәрбиешілер әр баланың жеке қажеттіліктері мен топтың ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтарды бірге жоспарлай алады. Бұл балалардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратын және олардың дамуына ықпал ететін білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Lesson Study білім беру процесінде ұжымдық өзара әрекеттесуді дамытуға көмектеседі. Тәрбиешілерге бірлесіп жұмыс істеуге, идеялармен, тәжірибелермен және білімдермен алмасуға мүмкіндік беріледі. Lesson Study әдісі бойынша, балабақша тәрбиешілері бірлесіп, топ құрады. Олар тақырып таңдайды. Мысалы, Коммуникация бағытына байланысты, «Балалардың сөйлеу тілін дамытудың жолдары» тақырыбын таңдап, осы тақырып бойынша сабақтың жоспары бірлесіп, жасалады. Бірнеше тәрбиешілер бірігіп, сабақ жоспарын құрады, ортақ шешімге келеді. Ол төмендегі кезеңдерден тұрады:

Зерттеу тобын құру. Балабақша тәрбиешілері бірігіп командалық топ құрады.

Тақырыппен танысу: балалардың тілін дамытуға байланысты ертегі мәтінін таңдау. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөлу. Ертегі персонаждарын суретке салып, бейнелеу.

Зерттеуді ұйымдастыру: Топ мүшелері баланың тілін дамытудың заманауи технологиялары мен әдістерін ұсынады. Тиімді әдістерді іздестіру арқылы тәжірибе алмасады.

Зерттеу уақытын белгілеу. Сабақ жоспарының кезеңін анықтау, топпен ақылдасу.

Зерттеу мәселесін талқылау. Баланың тілін қалай дамытуға болады? Тілді дамыту барысында қандай заманауи әдістер қолданылады? Осы мәселені тәрбиешілер, филологтар, бастауыш сынып мұғалімдері талқылап, шешімін табады.

Сөйлеу тілін дамытуда диалогтың маңызы ерекше. Бала мен тәрбиешінің арасындағы вербальді қарым-қатынас диалог арқылы жүзеге асады. Кейс-стади технологиясы арқылы сұрақтар қою баланың диалогтық қарым-қатынасын дамытуға болады.

Lesson Study әдісі мектепке дейінгі білім беруде тиімді қолданылады, өйткені ол мұғалімдердің кәсіби маман ретінде дамуына ықпал етеді және білім сапасын арттырады. Педагогтердің ынтымақтастығын нығайтады.

«Lesson Study» әдісі-бұл балалармен сабақта жұмыс істеудің интерактивті түрі, оларға білім мен дағдыларды өз бетінше, белсенді және креативті түрде игеруге көмектеседі. Мектепке дейінгі білім беру үрдісінде бұл әдісті көптеген салаларда қолдануға болады. Балалармен топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы осы әдісті қолдануға болады.

Мысалы, сабақтың тақырыбы: «Ұсақ моториканы дамыту». Тәрбиеші балаларға қағаз бен желімнен қолөнер жасау сияқты ұжымдық шығармашылық іренеді. Бұл топтық жұмыстар оқушылардың шығармашылық дағдысын дамытады және командалық жұмыс жасауға үйретеді.

Қорыта айтқанда, қазіргі мектепке дейінгі білім берудегі «Lesson Study» әдісі интерактивті технологиялар мен ойын формаларын қолдана отырып, сабақтарды ұйымдастыру және өткізу жүйесі болып табылады.

«Lesson Study» әдісін қолдану балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына, өздерінің шығармашылық және сыни ойлауын дамытуға, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, қолайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Гончарова О.В. Методика применения Lesson Study в дошкольном образовании: Методическое пособие. - Москва: Издательство, 2017
2. Казакова Н.А. Уроки Lesson Study с детьми дошкольного возраста: Методическое пособие. - Москва: Издательство, 2018

Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік ойын технологиясы арқылы ұжымдық қызмет жағдайында жеке тұлға етіп тәрбиелеу

*Мухиденова Ж.А., әдіскер,
Аршкенева С.А., инновация әдіскері,
№33 «Алтын дән» балабақшасы МКҚК
Астана қ.*

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесінде оқу-тәрбие процесінің сапасына оң әсер ететін және мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігінде маңызды рөл атқаратын әлеуметтік-ойын технологияларын қолдану ерекшеліктері ашылған. Әлеуметтік-ойын стилі белсенді балаларды жолдастарының пікірін тануға үйретеді, ал ұялшақ және сенімсіз балаларға өздерінің кешендері мен шешімсіздігін жеңуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: Әлеуметтік-ойын технологиясы, шағын топтар, шығармашылық өзін-өзі бекіту, еңбек рухы, алтын ережелер.

Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі қоғамда болып жатқан процестермен байланысты. Бүгінгі таңда адам қоғам өміріне белсенді қатысу үшін, өзін тұлға ретінде жүзеге асыру үшін шығармашылық белсенділік, дербестік танытып, үнемі өзін – өзі жетілдіріп, дәстүрлі мәселелерден басқа үнемі жаңа нәрселерді білуі керек. Қазіргі жағдайда нені және қалай оқыту керек деген басым проблеманы алға тартады: дамудың қазіргі кезеңінде қоғамның талаптарына жауап беретін адамды қалай қалыптастыру керек?.

Сондықтан бүгінгі күні баланың жеке басына, оның қалыптасуына әсер ететін процестерді талдауға ерекше назар аударылады.

Қазіргі қоғамның мәселесі - ХХІ ғасырдың балалары құрдастарымен аз араласады. Олар ата-аналары сияқты таза ауада ойын-сауықтар, ашық топтық

ойындар өткізбейді. Балалар көбінесе үйде, компьютерде, теледидарда және т.б. уақыт өткізуді жөн көреді. Сондықтан олардың эмоционалды жағдайы тұрақсыз, денсаулықтары сыр беріп, қарым-қатынасы нашарлайды.

Мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының толық және дұрыс дамуы мен тәрбиесінің көрсеткіштерінің бірі – құрбыларымен және ересектермен қарым-қатынас жасау қабілеті.

Бұл қасиеттерді көрсету үшін сіз баланы ести білуіңіз керек.

Баланың дауысы ерекше құнды: егер біз оны естімесек, ешқандай қызығушылық, ерік-жігер (қызметті игеру қабілеті), бастамашылық, өзгеруге дайындық болмайды. Осы қасиеттердің барлығының дамуына Бізге әлеуметтік ойын технологиясы көмектесті, оның авторлары Е.Е.Шулешко, а.п. Ершова және В. М. Букатов.

Бұл біздің балабақшаның жұмыс бағытын айқындап берді. Біз алдымызға мақсат қойдық: әлеуметтік-ойын технологиясы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын ұжымдық іс-әрекет жағдайында тәрбиелеу.

Осы мақсатқа сәтті жету үшін біз келесі тапсырмаларды орындадық:

- мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігі мәселесі бойынша әдістемелік әдебиеттер зерттелді және талданды;
- мектепке дейінгі білім берудің білім беру кеңістігіне әлеуметтік-ойын технологиясын енгізу бойынша жұмыс жүйесі әзірленді;
- педагогтердің кәсіби құзіреттілік деңгейін, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, әлеуметтік-ойын технологиясын тәжірибеде жүйелі түрде қолдануға ынтасын арттыру;
- алынған нәтижелерді қорытындылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын дамыту мақсатына сәйкес келетін балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері, формалары, тәсілдері, инновациялық педагогикалық технологиялары анықталды.

Балалар өздерін тұлға ретінде жүзеге асырды, көшбасшылық қасиеттерін көрсетті, бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренді, олар құрдастарының көмегін сезінеді, қорқыныш пен сенімсіздікті жеңеді, тең дәрежеде болады, танымдық қызығушылық пен шығармашылық белсенділікті дамытады. Бұл технология дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда балалардың коммуникативтік және интеллектуалдық қабілеттерін барынша қарқынды дамытады, балалардың танымдық, әлеуметтік, көркемдік, физикалық дамуына ықпал етеді, эмоционалды-ерікті салада оң нәтижелер береді.

Әлеуметтік-ойын технологиясы педагогтарды балалармен осындай қарым-қатынас тәсілдерін іздеуге бағыттайды.

"Біз үйретпеуіміз керек, бірақ олардың қатысушылары бір-біріне және өз тәжірибелеріне сенгісі келетін жағдайды түзетуіміз керек, нәтижесінде ерікті оқыту, жаттығу және оқыту әсері пайда болады"

(В. М. Букатов).

Авторлардың ойынша бірінші бөлімде "Әлеумет" - кіші әлеумет (шағын топтар), сондықтан дефис арқылы технология атауын дұрыс жазуды білдіреді. Екінші бөлім "ойын" - ойын әрекетін білдіреді.

Осылайша, әлеуметтік-ойын технологиясы – бұл микро ұжымдардағы балалардың өзара қарым-қатынасына, сондай-ақ ойын арқылы микротоптардың бір-бірімен қарым-қатынасына негізделген технология.

Әлеуметтік-ойын педагогикасы - бұл қозғалысты, вариативтілікті және шағын топтардағы жұмысты біріктіруге мүмкіндік беретін педагогикалық өнер. Егер олардың біреуі ұйымдастырылған әрекетте болмаса, онда қызметтің технологиялық құрылымы тұрақсыз және сенімсіз болуы мүмкін.

Бұл әлеуметтік ойын технологиясының алтын ережелері:

1-ереже: "шағын топтық жұмыс". Мұндай топтарда балалар өздерінің серіктесін, жұбын таңдайды, әртүрлі балалармен кездеседі және араласады, өз пікірлерін айтады және басқаларды тыңдайды. Бірлескен іс-әрекет әр балаға басқаларға қызықты болуға, өзін басқалармен салыстыра отырып, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2-ереже: "көшбасшылықты өзгерту". Бүкіл топтың пікірін бір бала, көшбасшы білдіреді. Балалар көшбасшыны өздері таңдайды және ол үнемі өзгеріп отырады.

3-ереже: "орын өзгеруі (жағдай)", эмоционалды шиеленісті жеңілдетуге көмектеседі. Балалар ұйымдасқан іс-әрекетте отырумен қатар, орнынан тұрып, серуендеп, қол шапалақтап, доппен ойнайды. Олар топтың әртүрлі бұрыштарында сөйлеседі: орталықта, үстелдерде, еденде, сүйікті бұрышта, қабылдау бөлмесінде және т. б.

4-ереже: "қарқын мен ырғақтың өзгеруі". Балалар ойынға немесе тапсырмаға байланысты өз қарқыны және ырғағымен әрекет етеді. Бірнеше нұсқа болуы мүмкін: тапсырманы орындауға белгілі бір уақыт бөлінуі мүмкін және сигнал бойынша балалар тапсырманы орындай бастайды және сигнал бойынша да аяқталады. Немесе басқа нұсқа болуы мүмкін: шағын-топтағы әрбір бала өз қарқынымен өзіне ыңғайлы әрекет ете алады.

5-ереже – "барлық қызмет түрлерін біріктіру". Бұл қарым-қатынас, эмоционалды-ерікті сала бағытында оң нәтиже береді, дәстүрлі оқытумен салыстырғанда балалардың интеллектуалдық қабілеттерін қарқынды дамытады, сөйлеу, танымдық, көркемдік-эстетикалық, әлеуметтік, физикалық дамуға ықпал етеді. Оқыту ойын түрінде өтеді.

6-ереже: біз өз жұмысымызда: "Бір окпен екі қоян көздедім" деген қағидаға назар аударамыз. Әлеуметтік-ойын бағытындағы ойындарды енгізудің белгілі бір дәйектілігіне сәйкес тәрбиешілер ұйымдастырылған және еркін әрекеттерді бірнеше топқа бөледі:

Жұмыс көңіл-күйіне арналған ойындар.

Олар балалардың бір-біріне деген қызығушылығын оятады, баламен эмоционалды-жағымды байланыс орнатады және оның құрдастарына және оған деген қызығушылығын қалыптастырады. Мысалы, "Сиқырлы таяқша", "Жаңғырық", "оркестрде ойнайық", "Скучно, скучно біз отырамыз", "отырамын,

біреуге қараймын", "кеуде", "қадам-шапалақ", "тамақ ішкендерді ауыстырыңыз" балалар баптағаннан кейін бірлескен қызмет үшін келесі кезеңге өтуге болады:

1. Сергіту ойындары (қыздыру).

Бұл топтың ойындары қол жетімділік принципін, бәсекелестік элементін және күлкілі жеңіл жеңісті біріктіреді. "Сөре-сөре кілттер қайда?", "Біз ұшамыз, ұшамыз, ұшамыз". Ойын қыздыру ойын ережелерін сақтауға, жүргізушінің (ересек адамның немесе құрдастың) сигналын тыңдай білуге бағытталған.

2. Әлеуметтік-ойын жұмысымен танысу ойындары.

Материалды игеру немесе бекіту процесінде қолданылады. Егер балалар бір нәрсені ажыратуды, есте сақтауды немесе ұйымдастыруды үйренсе, онда олар осы топты құрайтын ойын тапсырмаларын орындау барысында үйренеді.

3. Шығармашылық өзін-өзі басқару ойындары.

Бұл ойындарды орындау кезінде іс-әрекеттің көркемдік және орындаушылық нәтижесі көбірек ескеріледі. Балалар өздерінің көркемдік қабілеттерін және түрлендіру қабілеттерін көрсете алады, мысалы, «Үйшік» өлеңін бірге оқу. Балалар қол ұстасып, досына тақпақ айтуға көмектеседі.

4. Еркін ойындар.

Бұл ойындарды орындау үшін кеңістік пен қозғалыс еркіндігі қажет, яғни оларды әрдайым топта орындау мүмкін емес.

Біз қозғалмалы және дөңгелек би ойындарының барлық түрлерін кеңінен қолдандық. Олар балаларға психологиялық және белсенді демалуға ғана емес, сонымен қатар "Айгөлек", "Көпіршік", "Жасырынбақ" сияқты ойындардың жиналуына көмектесті. Кезектілікті белгілеу немесе жүргізушіні таңдау үшін санау әдісін жүргізу кезінде "Пойыз", "Ізден-ізге" және т. б.

Осы технологияның қарапайым ойындарын сәтті сынап көргеннен кейін, тәрбиешілер ойын жағдайларын қиындатты: балаларды біріктірудің қарапайым әдісін қолдана отырып жұптасуға шақырды (мысалы, бөлінген суреттер, түсі, пішіні, геометриялық фигуралардың мөлшері, қарындасы (ағасы) бар, туған күніне сәйкес келетін жыл мезгілі, мүшелер саны отбасылар, балалар тұратын көшелердің атауы, атауындағы буындардың саны, үй жануарларының болуы, шаштың, көздің түсі және т.б.).

Балалар қол ұстасып жұптасқанда, топ болып жүруді, айналу, бірге секіруді, алақандарын ұстауды, бір-біріне бұрылып, құшақтасуды ұнатады. Әр тапсырманы орындау кезінде олар көшбасшылыққа өздерін ұсынады, кезекпен немесе санамақ арқылы таңдалады. Ұялшақ және тыныш балалар өздерінің маңыздылығын сезінеді және идеялармен бөлісу арқылы ортақ іске үлес қосқан топқа жататындығын сезінеді.

Біз өз нәтижелерімізде ұжымдық қызметте әлеуметтік-ойын технологиясын қолдана отырып, олар қоғамда қабылданған моральдық нормалар мен құндылықтарды игергенін; құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатынастың негізгі ережелерін игергенін; өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті екенін; қарым – қатынастың негізгі эмоционалды компоненттерін, жауаптылық, мейірімділікті игергенін атап өттік.

Еңбек пен шығармашылыққа қатысты жағымды көзқарастардың қалыптасуы; өз өмірі мен басқалардың өмірі үшін қауіпсіз мінез-құлық негіздері, мұның бәрі мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басын тәрбиелеуге ықпал етеді. Қорытындылай келе, осы бағытта жүйелі, жоспарланған тиімділігін дәлелдегенін атап өтуге болады. Сондықтан, өз

жұмысымызда әлеуметтік ойын технологиясын қолдануды жалғастыра отырып, біздің баламыз "Балалар кеңістігін құру тәсілі ретінде тиімді әлеуметтену технологиясын қолдану" экспериментінің жаңа режимінде жұмыс істейді. Мұнда мектеп жасына дейінгі баланың өзін – өзі жүзеге асыруы "Клуб сағаты" технологиясын қолдана отырып, баланың жеке басының шығармашылық бастамасын қолдайтын ерекше кеңістік-балалар кеңістігін құрумен қамтамасыз етіледі.

Біздің күтетін нәтижеміз: Бұл; балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұжымды біріктіру, балалар арасында пікірлестердің шығармашылық тобын құру, ата-аналарды білім беру кешені жағдайында балабақшада жұмыс істеуге ата-аналарды тартудың жаңа формаларына қосу.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы 14 қазан 2022 ж, № 422. – 611 бет.

2. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің, лицейлері мен гимназияларының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хат: нұсқаулық-әдістемелік хат. Астана қ, 2023 ж - 65 бет.

3. Ата-аналарды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие-білім беру процесіне тарту: әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2023 ж, 25 бет.

4. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың әлеуметтік ойын әдістерінің қалта энциклопедиясы: балабақшаның аға және дайындық топтары тәрбиешілерінің анықтамалық-әдістемелік құралы. Ершова В.А., Букатов П. Санкт– Петербург: білім беру жобалары; 2008ж -160 бет.

5. Балабақшаның білім беру кеңістігінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану / / Республикалық ғылыми журнал «AGZHAN». Сабитова М.К. Нұр – Сұлтан. 2020ж, №2. С. 1-4.

6. Педагогикаға әлеуметтік-ойын тәсілдері. - Красноярск, 1990.-116 бет. Шулешко Е.Е., Ершова А.П., Букатов В.М.

Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесінде маңызыдылығы

Мырзабек Еламан, денешынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа: Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұлттық ойындарды дәріптей отырып тәрбиелеу теңдесі жоқ құрал деп білемін. Әр баланың жас ерекшелігін ескере отырып ұлттық ойындарды алып олардың ойнау тәсілін үйретіп отырса, ойынды әр дайым қайталау арқылы пысықтап отырса, әр бір бала жадында сақтайды. Есте сақтау арқылы кез келген уақытта ойынды еркін ойнай біледі.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, ұлттық ойындар, физикалық даму

Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі дене тәрбиесінде қолданудың заманға сай әдістерін ойлап табу әрине қиын. Қазіргі уақыттағы ширақ қимылды балаларды қызықтырып асық, бес тас ойнаңдар деп айту өте қиын іс. Әрбір баланың санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан жақты тәрбиелік қасиетін шындай түседі. Ойынды ойнау арқылы өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіре отырып эмоционалды көңіл күй сыйлау және олардың әрекеттерінен нәтиже шығаруға ұмтылу қажет. Бала өсіп келе жатқан шыбықпен тең, тәрбие беру барысында өсіп келе жатқан ұрпағымыздың қажеттілігін ескере қызығушылығын ұлттық ойынға бұра отырып қимылды ойындарды қолдану қажет деп білемін. Қимылды ойындарға ұлттық ойындарымыздың арасынан атап айтар болсам, асық ату, хан талапай, тақия тастамақ, тоғыз құмалақ, бес тас, арқан тарту ойындарын атар едім.

Асық ойыны көзбен көру барысында сырттай бақылауда өте қарапайым көрінгенмен бала тәрбиесінде алар маңызы көп. Бала денесін шындап иергендікке үйренеді. Ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшықеттерінің жетілуіне, тынысалу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке баулиды.

Тақия тастамақ . Тақия тастамақ қимылды эмоцияға толы ойын түрінің бірі. Бұл ойында ережені ұстана отырып қимыл қозғалысқа түсе ептілікті қалыптасрады Тоғыз құмалақ . Ойын барысында баланың ой-өрісін, сана-сезімін, дамытуға оқу үлгерімін жақсартуға және саналы тәрбие өзіндік септігін тигізеді. Бұл ойынды арнайы ағаштан жасалған төрт бұрышты тақтада ойнайды.

Бес тас. Ойнаушылардың саны екіден бес - алтыға дейін барады. Ойын тақыр жерде өтеді. Бауырсақтай доп-домалақ бес тас керек. Өйткені сүйірленген тастар ойнағанда, иірген кезде өз еріктерімен домалап түспей біріне бірі бөгет жасайды және қолға ұстауға да ыңғайсыз. Ойын ережесі. Балалар ең алдымен кім кімнен кейін ойнайтындығын бес тасты жоғары лақтырып, алақанның сыртына түсіріп, содан қаршып қағу арқылы кезек алысады. Ең көп қаршығаны бірінші, одан азы екінші, тағысын тағы солай кете береді. Бірінші кезек алған ойыншы бес тасты ойынның шартын бұзғанға дейін қаға береді, одан кейін екінші кезектегі ойыншы ойнайды. Бес тас ойының мектепке даярлық тобына қолдану қажет. Бұл ойын арқылы балалар бірлікке қалыптасады.

Арқан тарту. Қазақтың ұлттық ойының бірі. Бұл ойынды ойнау барысында балаларға өте қызықты әрі қимыл қозағылс, күш , топтық жұмыс орын алады. Үлкен қалың арқанды ортаға қою арқылы балалар теңдей бөлініп тарту арқылы күштерін топтаса анықтайды.

Балаларға қазақтың ұлттық ойындарын көптеп дәріптеп ұлттық құндылықтарды арттыру қажет. Бұл ойындарды ойнау барысында балалар қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныса отырып өз тәжірибесінде достарымен ойнау арқылы білімдерін арттыра физикалық дағдыларында дамыта алады.

Ойынды балалар арасында кеңінен таратудың тағыда бір жолы қазіргі уақытта барлық қажетті дүниені ұялы телефоннан үйренетін болғандықтан ойын түрлерінде ұялы телефонға енгізе. Асық. Тоғыз құмалақы ойындарын басқада шет ел ойындары секілді телефон арқылы танысуға мүмкіндік болса қазақтың ұлттық ойындарын қаланыңда және ауылдыңда балалары білетін еді. Баланы заман талабына қарай дамыту одан қалса қазақ халқының құндылығын жоғалтпай өсіп келе жатқан ұрпаққа үйрету біздің мына ұстаздар мен ата аналардың міндеті . Мектепке дейінгі ұйымда жұмыс атқару мұғалімнің шеберлігі мен сабырлығын талап етеді. Онымен қоса жұмысының нәтижесін көруге құштарлықты қажет ететін қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін мамандық. Дене тәрбиесінде ұлттық ойындары қолдана отырып әдістемелік деңгейде сапалы қолдану арқылы балалардың рухын көтеруге мүмкіндік. Құрал саймандар мен жабдықтарды көп қажет етпейтін ұлттық ойындарды дене тәрбиесінде қолдану арқылы балалардың қимыл қозағылысын шапшандатуға, тепе теңдікті сақтауға, командалық ойынға үйретуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары
2. «Дене тәрбиесі және спорт» журналы
3. Тайжанов С. Дене тәрбиесі: Оқулық

Ұлттық ойын – тәрбие құралы

*Намазбаева Райгул Турегалимовна
№5 «Ақбота» балабақшасы МКҚК*

Андатпа: Бұл мақала мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ұлттық ойынның және «Бестемше», «Алаңдағы бестемше» арқылы балалардың ақыл-ойының дамуы және физикалық даму, тәрбиеге ықпал етуі туралы айтылады.

Түйінді сөздер: Тәрбие, ұлттық ойындар, «Бестемше», «Алаңдағы бестемше», ақыл-ойдың дамуына әсер етуінің маңыздылығы.

Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан бей-жай қарамаған. Ал оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Сондықтан да «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе», – деп айтты ұлы Мұхтар Әуезов. Халық баланың жас ерекшеліктерін және психологиясы туралы білімді ғасырлар бойы зерттеп жинаған. Баланың болашақта қалыптасуы біріншіден үлкендермен қарым-қатынасына байланысты

болады. Зерттеуші ғалым-педагогтар және психологтар жылдар бойы бақылаған баланың ойын іс-әрекетіне байланысты бірнеше қорытынды жасады. Ойнау барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағдыларын игеруге бейімделеді. Ойын ойната отыра біз балаларға белгілі бір тұрғыда ықпал жасай аламыз. Ойын, еңбек, тәрбие өзара ұштастырған жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз. Бала ойын арқылы өзінің қуанышын, ренішін, арманын бейнелесе, ертеңгі күні, яғни болашақта сол арманын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше. Жалпы ойынның қандай түрі болса да атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Ұлттық ойындардың негізгі мақсаты – бала бойына өнердің нұрын себу. Қазақ халқында «Ұлттық ойынды – тәрбие құралы» - деп таныған. Ұлттық ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан- ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Балада жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады.

Ұлттық ойындарды ойната отырып білім және өнегелі тәрбие беру – қазіргі міндеттердің бірі. Біздің балабақшада ұлттық ойын түрлерін зерттеп, қолданысқа түсірген әр тобында жас ерекшелігіне қарай өткізетін қарым- қатынас, қозғалмалы ойындарын ұйымдастыру және оны өткізу әдістері, т.б. мәселелер қарастырылған. Мысалы, қозғалып ойнау барысында алғашқы күннен бастап балаларды өзін-өзі тежеуге үйрету, сонымен қатар барлық баланың қабылдау қабілеті бірдей емес екендігі, яғни белсенділер мен жайбасар әлсіз балалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау қасиеті, оларды әр түрлі ойынға тарту арқылы шыңдау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысындағы баланың физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігінің артуы ұлттық ойынның құндылығын жоғарылатады.

Осы бағытта біздер шығармашылық топ құрып, 2021 жылы «Бестемше» бойынша ұлттық ойын арқылы танымдық және зияткерлік дағыларын жетілдіру мақсатында инновациялық жоба ретінде алдық. Бастапқы кезде балабақша педагогтарына, ата-аналарға семинар өткізіліп үйретілді. Балаларды тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасадық.

Ата-аналармен бірлесе отырып рухани-адамгершілік құндылықтарды бала бойына қалыптастыру. Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды үйрету. Балабақша мен ата-аналардың арасындағы қарым - қатынасты нығайту, ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатысуға баулуда, ұлттық ойындарды насихаттау, ұлттық ойынға деген ата-аналардың қызығушылығы

мен белсенділігін арттыру мақсатында «Бестемше», «Бес табан», «Бес тас», ойынынан сайыстар, шебер класс өткізіліп отырылады.. Бұл ойында ата-аналардың қызығушылығы жоғары болды. Сонымен қоса «Бестемше» ойының вариативтік бөлімге енгізіп ересек, мектепалды топтарында тәрбиешілер үйретіп отырды. Тәрбиешілер ойынды үйрету кезінде бірінші қауіпсіздік ережелерін ескерді, содан кейін жұп сан, тақ сандарды ажыраттыра отыра «Бестемше» ойының ойнауды үйретіп отырды. Біздің балалар үйрене отыра аудандық, қалалық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Балаларды жарысқа жіберудің алдында психологиялық тұрғыда балалармен әңгімелесіп жеңілісті дұрыс қабылдау- өмірде сәттілік пен сәтсіздіктің қатар жүруі – заңдылық екені түсіндіріліп отырылды. 2021 жылы аудандық «Бестемше» жарысында Ақласов Асылжан I орын, қалалықтан II орын иеленді. 2022 жылы аудандық жарысынан «Саналы» тобынан Жексенбек Алинур қатысып I орын иеленіп қалалық турға өтті. II қалалық ұлттық зияткерлік «Бестемше» ойынынан да I орын иеленіп жеңіске жетті.

Ұлттық ойындардың заман талабына сай өзгертіліп, жаңартылып отырғанды жөн көрдік. Бабалардан қалған тәртіппен ұлттық тәрбие болашақ ұрпаққа заманға сай түрленіп, түп негізін сақтай отырып жеткізіліп және сол бағытта тоқтаусыз қызмет етіп, көнеден жаңғырған ұлттық «Бестемше» ойынын республика бойынша алғаш болып түрлендіріп, **«Алаңдағы бестемше»** нұсқасын ойлап шығарған тұңғыш балабақша-ол осы біздің №5 «Ақбота» балабақшасы. Балабақша бүлдіршіндерімен әсіресе, ерекше білімді қажет ететін балалармен «Алаңдағы бестемшені» ойнату балабақшаның дәстүріне айналды. Қазіргі таңда балабақшамызда «Бес табан», «Бес тас», «Теңге ілу», «Ақ серек-Көк серек» ойындары да ойнатылуда. «Теңге ілу», «Қыз қуу» ойындарын үстел үсті ойындарына түрлендіріп ойнатудамыз. Стандартқа сай баланың физикалық қасиеттері, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды дағдылары дамиды. Нәтижесінде бала тез санауға, логикалық ойлауға үйреніп, саусақ қол моторикасы, қимыл-қозғалыс белсенділігі дамиды. Ойын арқылы бала дербестікке, жеңілісті дұрыс қабылдауға, уақытты тиімді пайдалануға үйренеді.

Осылайша, ұлттық ойындар ойнату барысында әрбір баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға ықпал етеді. Қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде. Білім-әлемдік, тәрбие – ұлттық.

Балалар – біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы. Олардың ойын арқылы алған тәлім-тәрбиесі болашақта балаға дұрыс жол көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ұлттық тәрбие №1, 2011
2. Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – Алматы: Санат, 1995
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарымен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтың инновациялық қызметі

*Насыпханқызы Алтын,
Ахметова Салтанат Токтарбековна
КМҚК «Гауһар» бөбекжайының тәрбиешісі*

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысыәрі деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде, қазіргі таңда тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жана бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

«Инновациялық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды

оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар мынадай: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты – дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Дамыта оқыту технологиясы — баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту болып табылады.

Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кеңінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау т.б.

Интерактивті тақтаны пайдалану. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту

тиімділігін көтереді. Бірнеше технологиялардың пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, сонымен қатар интуиция, образдық ойлауын дамытады.

Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру екені мәлім.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

Компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі;

Word, Power Point бағдарламаларымен жұмыс;

Интернет жүйесінде жұмыстану практикасы (бейнелерді, әзір презентациялар мен оқыту бағдарламаларын тауып алу).

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйретіп қана қоймай, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді. Бұл технологияда бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Ынтымақтастық педагогикасы – педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты – баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Модульдік оқыту технологиясы – оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология: Оқулық. - Тараз:ТарМУ, 2003

«Бала мен балабақша» журналы №11, 2011

<http://bilimdiler.kz/balabaksha/15272-mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciya-lyk-tehnologiyalardy-koldanu.html>

Б. Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар». – Алматы, 2001

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына нейрожаттығулардың әсері

Нурғалиева Ж.А., тәрбиеші

МКҚК «Снежинка» бөбекжайы, Макинск қ.

Түйінді сөздер: нейрожаттығу, кинезиологиялық жаттығу
«Балалардың қабілеттері мен таланттарының қайнар көздері – саусақтарының ұшында».

В.А. Сухомлинский

Көптеген ғалымдар сөйлеудің даму деңгейі саусақтардың нәзік қозғалыстарының даму дәрежесіне тікелей байланысты екенін дәлелдеді. Саусақтардың нәзік жұмысы балалардың сөйлеуінің дамуына ықпал етеді. Сондықтан, баланың кішкентай кезінен бастап ұсақ моторикасын дамыту өте маңызды.

Ұсақ моторика термині саусақтар мен қолдардағы ұсақ бұлшықеттердің үйлестірілген қозғалысын білдіреді. Сондықтан, саусақтардың әртүрлі қимылдарын орындау кезінде сөйлеу дамиды. Оның сөйлеуді одан әрі дамытуы ғана емес, сонымен қатар зейіні, ойлауы, қиялы, визуалды және моторлы жады баланың саусақтарын ерте жастан басқаруды қаншалықты ептілікпен үйренуіне байланысты.

Өзектілігі:

Мектепке дейінгі жастағы нейрожаттығуды қолдану өте өзекті, өйткені соңғы жылдары сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың саны едәуір өсті және жалпы балалардың дамуы, мысалы:

- қозғалыстарды үйлестірудің бұзылуы
- назар тапшылығы
- гиперактивтілік
- агрессия
- иммунитеттің жалпы төмендеуі.

Бұл бұзылулардың себебі - мидың жұмысындағы бұзылыс болып табылады, сондықтан 3 жастан 7 жасқа дейін, мидың үлкен жарты шарларының қыртысы әлі толық қалыптаспаған кезде, танымдық процестер мен қозғалыс белсенділігінің дамуына назар аудару керек.

Нейрожаттығу – дене арқылы ми құрылымдарына әсер етуге мүмкіндік беретін кинезиологиялық жаттығуларға жататын денеге бағытталған кешен.

Нейрожаттығудың арқасында интеллектуалды процестер оңтайландырылады, өнімділік жоғарылайды, ойлау белсенділігі жақсарады, ми жарты шарларының жұмысы синхрондалады, шаршау азаяды, сөйлеу функциясы қалпына келеді,

иммундық жүйе жақсарады, есте сақтау, зейін, ойлау жақсарады. Мақсаты: кинезиологиялық кешендерді қолдану арқылы нейрожаттығу мектеп жасына дейінгі балаларда дұрыс сөйлеу және психомоторлық дамуды қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Мақсатқа жетуім үшін келесі міндеттер қойылды:

- Пайдалану бойынша озық педагогикалық тәжірибені талдау
- Сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс тәжірибесінде нейрожаттығу;
- Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс кезінде нейрожаттығу мен кинезиологиялық жаттығуларды қолданудың тиімділігін анықтау;
- Балаларда сөйлеуді дамыту бойынша түзету жұмыстарына нейрожаттығу және кинезиологиялық жаттығулар кешендерін енгізу.

Әдістер: әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу және талдау, ойындар, ойын қызметі барысындағы бақылаулар, әңгіме, ойын әдістері, нәтижелерді талдау.

Нейропсихологиялық (психомоторлық) тәсілдің тиімділігі ғылым мен практикада дәлелденген. Бұл денсаулық сақтау және ойын технологиясы. Бұл тәсіл бұзылған психикалық процестерді (зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу және т.б.), баланың эмоционалды-ерікті саласын қозғалыс арқылы түзетуді қамтиды. Нейрожаттығу – бұл әмбебап жаттығу жүйесі, ол кез-келген жастағы балалар мен ересектер үшін тиімді.

Нейрогимнастиканың мақсаттары:

- Жарты шар аралық өзара әрекеттесуді дамыту
- Жарты шар аралық байланыстарды дамыту
- Жарты шардың жұмысын синхрондау
- Ұсақ моториканы дамыту.
- Қабілеттерін дамыту.
- Есте сақтау, зейінді дамыту.
- Сөйлеуді дамыту.
- Ойлауды дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекет жүйелі түрде тыныш, мейірімді жағдайда өткізіледі. Әр жаттығуды дәл орындау маңызды, сондықтан, әр баламен жеке-жеке жұмыс жүргізу қажет. Біртіндеп күрделене түсетін және көбейетін жаттығуларды үйренуден басталады.

Мектеп жасына дейінгі балалар түзу отыруды және ыңғайсыздықты сезінбеуді үйренеді, олар ептілікке ие болады. Сондай – ақ, мұндай жаттығулар эмоционалды дағдыларды жетілдіруге, баланы аз күйзеліске ұшыратуға және көпшіл болуға мүмкіндік береді, оны ойын барысында, содан кейін, оқу іс-әрекетінде өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсетуге үйретеді.

2023 жылдың қыркүйегінде мен ортаңғы балалар тобын қабылдадым (3-4 жас). Топта сөйлеу дамуының кешеуілдеуі бар балалар баршылық. Тыңдау және олардың сөйлеуін әрдайым түсінбеу, бұл мәселені шешудің жолдарын табу қажеттілігі туындады.

Мұндай балалармен жұмыс істеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі мені мәселені шешудің қосымша әдістерін іздеуге итермеледі. Нәтижесінде, мен білім беру кинезиологиясының әдістемесіне – нейрораттығуға тоқталуды шештім.

Біздің топтағы балалармен нейрораттығуды қолданудың негізгі мақсаты – балалардағы сөйлеу және сөйлеу процесін белсендіру.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- сөйлеу дамуының қарқындылығын арттыру;
- баланың сөйлеуін таза және айналасындағыларға түсінікті ету,
- баланың сөйлеуіне жауап беретін мидың нейродинамикалық процестерін дамыту;
- тыңдау және есту қабілетін қалыптастыру.

Өз жұмысымда нақты мақсаты бар кинезиологиялық жаттығулар жиынтығын қолданамын және оларды шартты түрде үш функционалды блокқа бөлуге болады:

- 1) Ми қыртысының тонусын көтеретін жаттығулар (тыныс алу жаттығулары, өзіне-өзі массаж).
- 2) Ақпаратты қабылдау және өңдеу мүмкіндіктерін жақсартатын жаттығулар (миды дамытуға бағытталған көлденең қимылдар).
- 3) Әрекетті бақылау мен реттеуді жақсартатын жаттығулар (қол позицияларының нақты өзгеруі).

Мен балалармен жұмыс жасауда қолданатын жаттығулар:

□ "Көзілдірік". Сұқ және ортаңғы саусақтарыңызбен көздің айналасына көзілдірік салыңыз (бұл кезде көздер ашық болуы керек).

□ "Энергетикалық есінеу". Бет, көз, ауыз, мойын бұлшықеттерінен кернеу жойылады. Дауыс сымдарының функциялары жақсарады, сөйлеу айқынырақ болады. Саусақтардың ұштарымен жоғарғы және төменгі жақтарды байланыстыратын созылған буынға басу арқылы аузыңызды кең ашып, есінеуге тырысыңыз.

□ "Шатасу" оң алақанды басына, сол алақанды асқазанға қою керек. Содан кейін, бастың жоғарғы жағынан бетке қарай сипап, ішті айналмалы қозғалыстармен сипаңыз.

□ "Мұрын-құлақ" сол қолымызбен біз оң құлағымызды, оң қолымызбен – мұрнымызды, позициямызды өзгертеміз: оң қолымызбен – сол құлағымыздан, сол қолымызбен – мұрыннан.

Қорытындылай келе, кешендерді үнемі орындау оқуды түзетуге, интеллекттің дамуына оң әсер етеді және балалардың физикалық, психикалық, эмоционалдық денсаулығы мен әлеуметтік бейімделу жағдайын жақсартады, шаршауды азайтады, ерікті бақылау қабілетін арттырады, бұл өз кезегінде сөйлеу қабілеті кешеуілдеген мектеп жасына дейінгі балалардың даму кемшіліктерін түзетуге ықпал етеді.

Нейрораттығудың баланың дамуына қандай оң әсер ететінін бағалай отырып, мен өзімнің педагогикалық қызметімде балалардағы сөйлеу дамуындағы кемшіліктерді түзету ретінде қолдануды жоспарлап отырмын.

Әдебиеттер

1. Брейн Джим «Гимнастика мозга»
2. Трясорукова Т.П. «Развитие межполушарного взаимодействия у детей: нейродинамическая гимнастика»
3. Пол и Гейл Дениссон «Гимнастика мозга». Книга для учителей и родителей

Технология ЖИПТО

*Нурғалиева А.Ж., воспитатель
ГККП «Ясли-сад №1 «Бәйтерек» г. Астана*

Аннотация: в статье речь идет о технологии ЖИПТО, об его авторе, эту технологию можно использовать, как игровую развивающую технологию при работе с дошкольниками. В этой статье говорится, как выглядит игровое поле, правила игры и где ее можно использовать.

Ключевые слова: языковые средства, сюжет, композиция, мотивация, игровая установка.

Психологи и педагоги отводят игре детей дошкольного возраста значительную роль в процессе формирования личности. Игра- это деятельность, эмоционально насыщенная, требующая от ребенка определенного настроения и вдохновения.

Интеллектуальная динамическая игра преследования «ЖИПТО», впервые предложенная известным якутским математиком, доктором физико-математических наук, профессором ЯГУ Г.В. Томским, интересна тем, что открывает новые пути к использованию творческого подхода в воспитательном процессе, каждому дает возможность работать творчески.


Интеллектуальную игру «ЖИПТО» впервые подробно узнала в 2015 году, когда состоялся семинар «ЖИПТО как игровая развивающая технология» Основной целью игры являются:

- развитие у детей интеллекта, внимания, памяти, логики, мышления;
- систематизация жизненного опыта;
- активизация творческой деятельности;
- воспитание интереса к математике.

Каждый педагог усвоивший методику этой увлекательной игры, может использовать её как эффективный прием совершенствование воспитательного процесса. Система игры «ЖИПТО» можно использовать на организованной деятельности по основам математики, ознакомления с окружающим средой, природой, развитию речи, физическому воспитанию. Развивающие возможности игры «ЖИПТО» - высокие, а воспитательный потенциал – игрок. С помощью игры укрепляются взаимоотношения детей между собой, вырабатываются волевые качества при преодолении трудностей во время различных ситуаций, расширяется и закрепляется круг знаний и представлений, развиваются гибкость ума, абстрактно- логическое и креативное мышление, познавательно-

технические процессы, спортивный дух, эстетический вкус и устойчивый интерес к развивающим играм.

«ЖИПТО» постепенно превращается в признанную в мире игру, которая имеет различные варианты: настольную, подвижную, игру инсценировку. Настольный вариант является базовой частью игры. Партия игры проходит на прямоугольной, плоской доске шириной в 30 см, длиной 40см, которое мы называем игровое поле. Имеются 8 игровых фигур: 2 преследователя и шесть «убегающих». Игровые фигуры могут быть сделаны из пластмассы, глины, дерева.



Сюжеты для игр могут быть из русских народных сказок и сказок народов мира, дети передают содержание путем различных языковых средств. В начале игры обязательно знакомим детей с содержанием сказки, учим слова. Так же разучиваем народные пословицы, поговорки, придумываем свои сюжеты игр.

Игра способствует формированию у детей способности «проследивать» последовательность развития сюжета при различных приемах игры. Правила игры настолько просты и доступные, что их можно объяснить за одну минуту. «Убегающие» стремятся достигнуть противоположной стороны до поимки. «Преследователь» ловит убегающего при прикосновении фишек. Для перемещения фишки достаточно поставить вплотную к ней резервную фишку. Каждая фишка «убегающего» дает по одному баллу на каждой из линий. Таким образом, приводим детей к пониманию пространственного моделирования как одного из важных средств развития мыслительной деятельности.

Приобщение к искусству и культуре, создание композиций ЖИПТО: создавая композиции ЖИПТО, дети придумывают сюжет, рисуют поле и делают фигуры для игры. К этому процессу подключаются родители. Интересно и увлекательно проходит подвижный вариант игры «ЖИПТО», для которого используются специальные атрибуты: картонные круги, маски различных сказочных героев и музыкальный фон. При подвижной игре дети обычно бывают более эмоциональными, в них проявляется такое чувство, как сопереживание, спортивный азарт и взаимовыручка. С помощью «ЖИПТО» ребенок непринужденно, в форме игры знакомится и овладевает такими основными математическими понятиями, как свойство предмета, число, состав числа, пространство, время, отсчет числа, порядковый счет. По сюжетам сказок и других произведений устного народного творчества ставятся театрализованные спектакли. В ходе игры артисты – игроки могут развить и показать свои таланты, способности к вокальному и танцевальному искусству. Активная развивающая работа педагогов с детьми дошкольного возраста посредством использования

игры «ЖИПТО» в образовательном процессе значительно продвигает вперед его умственное и личностное развитие.

Каждая игра для дошкольника всегда начинается с мотивации, игровой установки и основывается на близких детям сюжетах, моделирует реальные или вымышленные процессы. Например, «Как Волк гонялся за зайцами», где Волк-«преследователь» и зайцы- «убегающие», «Злой Волшебник («преследователь») и Смешарики («убегающие»), вызволяющие из плена (заточения) какого-либо героя или предмет, «Федора («преследователь»), которая лови «убегающую» посуду» и т.д.

Игровые поля могут быть тематическими, как показано ниже:



С помощью игры «ЖИПТО» удается пробудить интерес ребёнка к развивающим занятиям, сделать их эффективными. И самое главное, получить удовольствие от процесса общения. Лично я использовала у себя на организованных деятельности настольное «ЖИПТО»

Сюжетов может быть бесконечное множество, а процессы преследования и убегания неисчерпаемы. Испытав основные версии, вы можете модифицировать в своё удовольствие правила игры, чтобы найти для себя свою версию, соответствующую своему представлению о гармоничной игре, самостоятельно ставить перед собой определённые цели.

Опыт внедрения игры «ЖИПТО» в образовательно - воспитательной работе ДООУ показывает, что игра «ЖИПТО» развивает у детей речевую активность, умение мыслить, самостоятельно ставить перед собой определенные цели, определять пути и способы их достижения и добиваться определенного результата, глубже знакомиться с бытом, фольклором и искусством своего народа. Также эта игра способствует физическому развитию, формированию у детей положительного отношения к себе, веры в собственные силы и возможности.

Литература

1. Игра «Сонор». Из опыта работы Соттинского детского сада Усть – Алданского района. – Якутск, 1993.
2. Сергиенко О.А, Хворова О.Г. Психолого- логопедические интегрированные занятия для детей от 3 - 6 лет. Учебно-методическое пособие для психологов и логопедов. - Усть–Каменогорск, 2015.

3. Никитина В.А. Консультация для воспитателей «Международная интеллектуальная игра-преследование ЖИПТО: технология изготовления полей», Ярославль, 2016.

Мектепке дейінгі балалық шақтың әлеуметтік және психологиялық құндылығы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту процесіндегі орта қажеттіліктері

Нурпейсова Ақмарал Толеугазиновна,
тәрбиеші,
№83 «Жансая» балабақшасы
Астана қаласы

«Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады.

Сондықтан да болашақ қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады»

Антон Макаренко

Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың психикалық дамуының үлкен және жауапты кезеңі. Бұл жеке тұлғаның бастапқы нақты қалыптасатын жасы. Заманауи зерттеулерде көрсетілгендей, мектепке дейінгі кезеңде бала барлық психикалық функцияларды қарқынды дамытып қана қоймайды, күрделі ісшаралар қалыптасады, мысалы, ойын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас, сонымен қатар танымдық қабілеттердің жалпы негізі қаланады. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуының психологиялық құрылымының кез-келген байланысын немесе тетіктерін бұзу баланың одан әрі дамуына шешуші әсер етуі мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы маңызды ерекшеліктерге баланың көптеген қолайсыз сипаттамалары жасырын болып табылатындығы жатады. Бір жағынан, көптеген жағымсыз көріністер өтпелі, уақытша және біртіндеп болады, олар есейген сайын бала оларды жоғалтады, ал екінші жағынан, мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңында бала жеке жауаптың тұрақты ерекшеліктерін дамытады, мотивтер мен құндылықтардың иерархиясы құрылады. Сонымен қатар көптеген фактілер, егер қандай да бір себептермен немесе эмоционалды қасиеттер ерте балалық шақта дұрыс дамымаса, онда мұндай кемшіліктерді кейіннен жеңу қиынға соғады, тіпті кейде кеш болуы да мүмкін.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары модельді іске асыруда көзделген сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар:

- балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі;
- балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі;

- кадрлар жасының ұлғаюы және жетіспеуі;
- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог мамандығы беделінің болмауы;
- кадрлардың тұрақтамауы;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқшаулануы;
- инклюзивті ортада балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін мамандар тапшылығы;
- ата-аналар қауымымен байланыстың жеткіліксіздігі.

Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор. Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы.

Балалармен диалог жүргізуде педагог қарым-қатынас тәсілдерін көрсетеді, әңгімелесушінің сезімін ескеру қажеттілігін түсіндіреді, сыпайылық пен адамдармен араласу қағидалары туралы айтады. Бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау қажет.

Мои многолетние наблюдения и анализ педагогической работы показали, что, несмотря на регулярное проведение занятий изобразительной деятельностью, их результаты не полностью соответствовали программным требованиям. Особенно слабо развивались творческие способности детей. Одно из наиболее важных условий успешного развития детского художественного творчества – разнообразие и вариативность работы с детьми на занятиях.

Чем разнообразнее будут условия, в которых протекает изобразительная деятельность, содержание, формы, методы и приемы работы с детьми, а также материалы, с которыми они работают, тем интенсивнее станут развиваться детские художественные способности.

Литература

1. Сухомлинский В.А. «Сердце отдаю детям»/Сочинение/Избранные педагогические сочинения методика и педагогика. 1979, Т.1.
2. Давыдова Г.Н. «Нетрадиционные техники рисования в детском саду»/Скрипторий 2003/ 2007.
3. Цквитария Т.«Нетрадиционные техники рисования. Интегрированные занятия в ДОУ» /Сфера/ 2012.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытуда педагогтің инновациялық кезеңдерді тиімді пайдалану

Султанбекова Сабира Сейдахметқызы
Астана қаласы №37 «Арман» балабақшасы, тәрбиеші

Андатпа: Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық іс-әрекеттің кезеңдері.

Түйінді сөздер: Модель, инновация, тәрбие, ұйымдастырылған іс-әрекет, оқыту.

Бала тәрбиесі мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі. «Адамның бір қызығы бала деген, баланы медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» деп Абай Құнанбайұлы айтқандай, адам ұрпағымен қымбат. Адам баласының ең қызығы-бақытты ұрпағының жалғасы.

Халқымыз қай кезде де ұрпақ тәрбиесін ұлттың болашағы деп білген. «Бар жақсыны балаға» деген ұранды ұстанатын елдің болашағы үшін үлкен жауапкершілік жүктелетінін әрдайым есте сақтауға тиіспіз.

Ел болашағы-білімді ұрпақта. Олай болса қазіргі кездегі іс-тәжірибеге көз жіберсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі ертеңгіге ұқсамайды. Себебі, ғылым

дамуда, білім мазмұны өзгеруде, бала талғамы өсуде. Қай қоғамда болмасын шешуші фактор адам және жеке тұлға болып қала бермек. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, байлығымызды түгендеу, игеру, жас ұрпақ бойына игі қасиеттерді сіңіру-бүгінгі білім жолында жүрген ұстаздардың басты борышы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі зор. Сондықтан да педагог өз іс-тәжірибесінде балалардың шығармашылық қабілеттерін арттырудың жолдарын қарастырып отыруы қажет.

Күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетте бала әртүрлі білімді меңгерте отырып, балалардың танымдық қызығушылығын ойлау әрекетін белсендіруі және сонымен бірге тәрбиеленушілер өздерінің шығармашылық іскерліктерін көрсетуі қажет. Іс әрекет үрдісінде бірсарындылыққа жол бермеу үшін ақыл-ой шеберліктерін шексіз жетілдіріп отыруы қажет. Балалардың шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру жолы сан алуан.

Педагог жоспарын жасақтауда түрлі әдіс-тәсілдерді дер кезінде ұйымдастырылған іс-әрекетте пайдаланып, тиімді етіп іске асырады. Осы орайда педагогтың негізгі ұстанатын мақсаты-білім берудің жаңа үлгісін жасап белгілі бір көлемдегі білім мнені іскерлік дағдыларын меңгерту үшін оқу мен тәрбие үдерісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіре отырып, жаңа технологияларды ұйымдастыру іс-әрекетте тиімді пайдалана білуі қажет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметін үйлестіру мұғалім шеберлігіне байланысты. Балабақшада білім мен тәрбие процесінде білім берудің мазмұнын жаңарту, үздік тәжірибелерді тарату арқылы педагогке әдістемелік көмек көрсету қолдау табуда. Мемлекет әрқашан табысты білім алу мен инновацияға ұмтылуды, оқу мен оқытуда цифрлық сауаттылықты қолдайды.

Балабақшадағы инновацияға не жатады? Инновациялық іс-әрекеттің үш кезеңін атап көрсетуге болады.

Бірінші кезеңде педагог жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті жаңалықты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Тәрбиеші инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты қолданады. Бұл кезеңде педагог оқу-тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуіне кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақытты мерзіміне байланысты жұмыстарды өткізеді.

Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңіне өтеді. Бұл кезеңде тәрбиеші жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу-тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны

таратуға ұсынады. Оқытудың инновациялық жүйесі білім, оқыту процесіне жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасу керек.

Кез келген инновация-бұл түбегейлі жаңа құрамдас бөлікті жасау және кейіннен енгізуден басқа ештеңе емес, нәтижесінде қоршаған ортада сапалы өзгерістер орын алады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы инновациялық технологиялар қазіргі заманғы құрамдас бөліктері мен әдістемелерді жасауға бағытталған, оның негізгі мақсаты оқу-тәрбие процесін жаңғырту болып табылады. Тәрбиешілер өздерінің кәсібі қызметінде қабылданған үлгіге толық сәйкес келетін әдістемелік құралдарды, оқыту әдістері мен тәсілдерін пайдаланады.

Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын арттырады. Сонымен қатар тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу барысында балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, ұйымдастыру іс-әрекетті өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады.

Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік тағы басқа қасиеттер дамыту.

Мен өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекетімде бірнеше ойындарды жас ерекшеліктеріне қарай, атап айтқанда жеңілінен күрделіге қарай ойнатамын. Топта балалармен «Ғажайып қоржын», «Домино», «Жолыңды тап», «Дыбыстарды ажырат», «Телефон» тағы да басқа ойындар.

Мектепке дейінгі педагогтің еңбегі ерекше. Баланы балабақшадан бастап, шығармашылықты ойлауға, өз бетінше шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын тұруға үйретіп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күнгі басты міндетіміз. «Егеменді еліміздің тірегі –білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі балабақшада қаланатыны бәрімізге белгілі. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру трендтері бала білімін дамытуға, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға үлкен үлес қосып келеді. Балабақшада, ғылым саласының қай-қайсысынан болмасын берілетін білімнің негізгі балабақшада қаланады.

Жаңалыққа жаны құмар жеке тұлғаның бойына сапалы білім қалыптастыру үшін мұғалім мен білім алушы бірігіп, ынтымақта жұмыс жасауы нәтижелі болмақ. Сондықтан, балаға ойын дағдысын қалыптастыру өте табысты, нәтижелі. Жастарымыз жалын жүректі, өршіл намысты, жаңаша білім алу трендтерінен сусындап білім алса, біздің еліміздің еңсесі биік болады.

Әдебиеттер

1. Айдашева Г.А. Мектепке дейінгі жеке тұлғалар педагогикасы
2. Венгер Л.А. Балабақшадағы дидактикалық ойындар және мектеп жасына дейінгі балаларға сенсорлық білім беру жаттығулары/ ред. – М., 1978. – 110с.
3. Төлепова Ұ Жаңа технологияларды сабақта қолдану/ «Бастауыш мектеп» №7, 2015
4. Журнал «Бала мен балабақша» №6, 2023 ж

Использование информационно-компьютерных технологий педагогом детского сада

*Суханова Елена Александровна,
воспитатель ГККП ДС №4 «Арман»*

Информатизация общества существенно изменила практику повседневной жизни. И мы, педагоги-дошкольники, должны идти в ногу со временем, стать для ребенка проводниками в мир новых технологий. Но наряду с этим, педагог сталкивается с интеллектуальной пассивностью детей, причины которой зачастую объясняются ограниченностью их познавательных впечатлений и интересов. Преодолеть нежелание воспитанников искать и получать знания поможет использование в дошкольном учреждении компьютерных технологий, которые позволят по-новому организовать процесс обучения и развития.

В этом случае компьютерные презентации могут быть использованы как коррекционно-развивающее средство на занятиях с детьми старшего дошкольного возраста. Основная идея заключается в гармоничном соединении современных технологий с традиционными средствами развития ребенка для формирования психических процессов, ведущих сфер личности, развития творческих способностей.

Практика показывает, что использование презентаций, в работе с дошкольниками достаточно эффективно. За счёт высокой динамики и эстетичности предложенного материала эффективно проходит его усвоение, тренируется память, активно пополняется словарный запас, развивается воображение, творческие способности, в то же время обеспечивается личностно-ориентированный подход. Значительно повышается интерес детей к знаниям, а это, в свою очередь, повышает эффективность обучения и развития детей.

У педагогов появляется возможность разнообразить совместную деятельность детей и взрослых, заинтересовать, активизировать детей не только в познавательном, но и в речевом плане, поддержать детскую инициативу и вызвать у детей эмоциональный отклик.

Компьютер применяется и в работе с родителями. Создание презентаций «Моя семья» и дальнейший показ на родительских собраниях помогают ближе познакомиться с семьями воспитанников, узнать их интересы, воспитывают гордость за свою семью.

В методической работе детского сада мультимедийные презентации используются на педагогических советах, семинарах, представлении опыта работы педагогами.

Компьютерные технологии в развитии познавательных способностей детей старшего дошкольного возраста.

Наиболее эффективная форма организации работы с компьютером в детском саду - проведение медиазанятий с применением мультимедийных презентаций. Она дает возможность оптимизировать педагогический процесс, индивидуализировать обучение детей с разным уровнем познавательного развития и значительно повысить эффективность психолого-педагогической деятельности.

Цель - развитие познавательных способностей детей дошкольного возраста, их родителей и педагогов через использование современных информационных технологий.

Задачи мультимедийных презентаций

Мультимедийные презентации - удобный и эффективный способ представления информации с помощью компьютерных программ. Он сочетает в себе динамику, звук и изображение, т. е. те факторы, которые могут долго удерживать внимание ребенка.

Требования к проведению медиазанятий

Работа с применением электронного пособия строится в несколько этапов:

- знакомство детей с компьютером как современным инструментом для обработки и использования информации;
- обучение детей правилам поведения и безопасной работы на компьютере;
- формирование начальных навыков работы за компьютером: знакомство с клавиатурой, мышкой;
- знакомство с понятием "мультимедийная презентация", ее особенностями;
- применение мультимедийных презентаций на диагностическом, коррекционно-развивающем, контрольном занятиях.

Мультимедийные презентации используются для группового и индивидуального обучения, а также как целое занятие или его часть:

- на этапе диагностики;
- введения нового материала;
- закрепления материала;
- контроля знаний.

Индивидуальные медиазанятия проводятся в кабинете педагога-психолога, а групповые - в кинозале детского сада, оснащенный мультимедийным проектором и экраном.

Занятия проходят с соблюдением требований санитарного законодательства. Лучшее время для работы с компьютером - утренние часы или вторая половина дня после дневного сна. Занятия для детей 5-7 лет проводятся не более одного в течение дня и не чаще трех раз в неделю в дни наиболее высокой работоспособности: вторник, среду, четверг. Непрерывная продолжительность работы с компьютером

на развивающих игровых занятиях для детей 5 лет не превышает 10 мин, для детей 6-7 лет - 15 мин.

5 принципов проведения занятий

1. Принцип развивающего обучения (педагогу-психологу важно знать уровень развития каждого ребенка, определять зону его ближайшего развития, использовать вариативность презентаций согласно этим знаниям).

2. Принцип систематичности и последовательности обучения (педагог-психолог должен устанавливать взаимосвязь между полученными знаниями, переходить от простого к сложному, от близкого к далекому, от конкретного к абстрактному, возвращаться к ранее исследуемым проблемам с новых позиций).

3. Принцип доступности (содержание знаний, методы их сообщения должны соответствовать возрасту, уровню развития и подготовки детей, их интересам).

4. Принцип индивидуализации (педагог-психолог должен стремиться подойти к каждому ребенку как к личности. Занятие необходимо выстраивать с учетом психического, интеллектуального уровня развития ребенка, типа его нервной системы, интересов и склонностей. Темп и уровень сложности определяются индивидуально).

5. Принцип связи с жизнью (педагог-психолог и ребенок должны уметь устанавливать взаимосвязь между процессами, находить аналоги в реальной жизни, окружающей среде).

Для снижения утомительности компьютерных занятий обеспечена гигиенически рациональная организация рабочих мест: соответствие мебели росту детей, достаточный уровень освещенности. Экран монитора находится на уровне глаз или чуть ниже, на расстоянии не ближе 50 см.

После занятия обязательно проводится гимнастика для глаз.

Эффективность использования мультимедийных презентаций

Об эффективности говорят следующие позитивные факторы:

- дети лучше воспринимают изучаемый материал за счет того, что презентация несет в себе образный тип информации, понятный дошкольникам, не умеющим читать и писать;
- у воспитанников повышается мотивация к работе на занятии за счет привлекательности компьютера и мультимедийных эффектов. Движения, звук, мультипликация надолго привлекают внимание детей;
- полученные знания остаются в памяти на более долгий срок и легче восстанавливаются для применения на практике после краткого повторения;
- презентации позволяют моделировать такие жизненные ситуации, которые нельзя увидеть в повседневной жизни (полет ракеты или спутника, превращение куколки в бабочку и т. д.)

Рекомендации для педагогов по использованию мультимедийных презентаций на занятиях

Презентация редко обходится без средств наглядности. Их задача - придать выступлению убедительность. Правильное использование этих средств значительно оживит презентацию и зафиксирует материал в памяти.

1. Средства наглядности желательно применять только тогда, когда они могут усилить воздействие высказывания.

2. При демонстрации слайдов и обращении к аудитории лучше всего стоять слева от экрана (если смотреть из зала). В силу того, что мы читаем слева направо, сначала слушатели будут смотреть на педагога, а потом переведут взгляд направо на экран, где представлена более подробная информация.

3. Педагог будет выглядеть естественно, если расположится под небольшим углом к детской аудитории. Можно занять более «сильную» позицию, полностью развернувшись лицом к дошкольникам.

4. Быстро посмотрев на изображение (предмет), можно жестом левой руки привлечь к нему внимание аудитории. Жест должен быть очень коротким. Затем следует снова повернуться и обратиться к аудитории.

5. При временном выключении проекционного оборудования или перерыве в показе слайдов желательно переместиться в центр кабинета и продолжить презентацию.

6. Если использовать средства наглядности больше не предполагается, рекомендуется встать вполборота к детям слева от оборудования и продолжить занятие.

Не следует:

- говорить, повернувшись спиной к детям;
- читать конспект занятия;
- загораживать демонстрируемое изображение;
- допускать, чтобы используемое средство играло главную роль в презентации;
- выдавать раздаточный материал во время презентации.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Суюбаева Меруерт Аскеровна

Астана қаласы №88 «Баян Сұлу» балабақшасы, тәрбиеші

Андатпа

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық іс-әрекеттер балалардың ерте жаста дамуы мен оқуы үшін шешуші мәнге ие. Бұл кезеңдегі оқыту мен тәрбиелеу балалардың бойында болашақта қажет болатын білім мен дағдыларды қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл мақалада біз мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қызметінің әртүрлі аспектілерін және олардың балалардың дамуы мен оқуына әсерін қарастырамыз.

Кілт сөздер: ТРИЗ, инновация, технология

Қазіргі мектепке дейінгі білім беруде тәрбие мен оқыту моделін жүзеге асыру педагогтан жан-жақты және жауапты көзқарасты талап етеді. Педагог – бала тәрбиесінің бастапқы кезеңінде оның жеке тұлғасын қалыптастырудағы негізгі тұлға. Міне, педагог назар аударатын бірнеше аспектілер:

Тәрбиені даралау: Педагог әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеруі керек. Оқыту мен тәрбиелеудің сан алуан әдістері әр баланың қайталанбас қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасауға көмектеседі.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтардың маңызды міндеттерінің бірі – қолайлы білім беру ортасын немесе ынталандырушы орта құру. Педагогикалық тәжірибеде балаларға қолайлы жағдай жасауға көмектесетін әртүрлі әдістер қолданылады. Мысалы, балалар ойнайтын немесе жаттығу жасайтын орынды еркін және шектеусіз таңдай алатын ойын алаңдарын ұйымдастыру. Топ балалардың өздеріне жайлы және қызықты сезінетін орын болуы маңызды. Қызықты ойындар, оқу плакаттары, түрлі шығармашылық материалдар – осының барлығы оқу үдерісіне және оқуға деген оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Ата-аналармен ынтымақтастық: Ата-ана тәрбиесінде отбасымен ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Педагог ата-аналармен диалог құра алады, баланың жетістіктері мен қиындықтарын талқылап, үй тәжірибесіне ұсыныстар бере алады.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Педагог оқумен қатар, сыртқы әлеммен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға назар аударады. Топтық іс-шаралар, ұжымдық жобалар мен ойындар әлеуметтік бейімделуге ықпал етеді.

Инновациялық әдістерді қолдану: Оқытуда заманауи технологияларды қолдану (тиісті ресурстармен) оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі ете алады.

Мектепке дейінгі мекемедегі педагогтың қызметі тек білімді беруге ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі жүзеге асыруға және қоғамда табысты өзара әрекеттесуге қабілетті үйлесімді тұлғаны тәрбиелеуге бағытталуы керек.

Педагогтің тағы бір маңызды қызметі – тәрбие жұмысының жүйесін ұйымдастыру. Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтер әртүрлі педагогикалық әдістер мен тұжырымдамаларға негізделген білім беру және оқыту бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады. Бұл бағдарламалар балалардың физикалық, зияткерлік, эмоционалдық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға арналған әртүрлі іс-шараларды қамтиды.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық қызметтің маңызды аспектісі әрбір балаға жеке көзқарас болып табылады. Педагогтер әр баланың дамуы мен тиімді оқуына көмектесу үшін оның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне ерекше назар аударады. Бұған тәрбие мен білім беру процесінде әрбір баланың дамуын бақылау, талдау және бағалау арқылы қол жеткізіледі.

Балабақшада қолданылатын тиімді технологиялар: Ойын технологиясы, Дамыта оқыту технологиясы, Триз технологиясы, Монтессори технологиясы. Педагог жұмысының таптырмас әдістерінің бірі – ойын технологиясы. Ойын-ойын-сауық құралы ғана емес, сонымен қатар оқу тәрбиелеудің тиімді әдісі. Ойын барысында балалар қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытады, сонымен қатар қоршаған әлемді зерттейді, қарым-қатынас жасауға үйренеді

және физикалық дағдыларды дамытады. Педагогтер балаларды күні бойы дамытуға және оқуға көмектесетін арнайы ойын бағдарламаларын әзірлейді.

Педагог дамыта оқыту технологиясын пайдалану арқылы - баланы оқыта отырып, дамытады. Баланың бойында еркіндік, мақстакерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттерін дамытады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Педагогтің инновациялық қызметінің негізгі бағыттарының бірі оқыту мен тәрбиелеуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. Қазіргі уақытта балалар ерте жастан компьютерлерді, планшеттерді және смартфондарды белсенді түрде меңгеруде, ал мектепке дейінгі ұйымдарда АКТ-ны қолдану балаларды оқыту мен дамытудың тиімді құралы бола алады. Педагогтар интерактивті оқыту бағдарламаларын, электрондық құралдар мен ойындарды пайдалана алады, қосымша ақпарат алу үшін интернет ресурстарын пайдалана алады.

Триз жүйесі бойынша шығармашылық әңгіме барысында қалыпсыз тәсілдерді қолданады. Триз технологиясының мақсаты: баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту болып табылады.

Балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту да педагогтің маңызды міндетінің бірі. Мектепке дейінгі жастағы балалар басқа адамдармен қарым-қатынас дағдыларын белсенді түрде игере бастайды. Педагогтер балаларға тыңдау, сөйлеу, түсіну және құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудағы педагогтің инновациялық қызметі педагогикалық процеске жаңа, заманауи әдістер мен тәсілдерді енгізуді, сонымен қатар жаңа педагогикалық шешімдерді іздестіру мен дамытуды көздейді.

Педагогтің инновациялық іс-әрекетінің тағы бір бағыты- инновациялық педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану. Мысалы, бұл балалардың өздері жобаның тақырыбын тандап, оны жүзеге асыруға белсенді қатысқан кезде жобалық оқытуды жүзеге асыру болады. Немесе қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және әлеуметтік бейімделуге ықпал ететін әртүрлі топтық жұмыс формаларын, мысалы, бірлескен ойындарды немесе ұжымдық жобаларды пайдалану.

Педагогтің инновациялық іс-әрекетінің тағы бір маңызды құрамдас бөлігі ата-аналармен жұмыс болып табылады. Педагог ата-аналарға баланы дамыту, педагогикалық өзара әрекеттесу және тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер мен тренингтер ұсына алады. Бұл жұмыс педагогтер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ балаларды тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудағы педагогтердің инновациялық қызметі әрбір баланың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауға бағытталған. Педагогикалық процесті балалардың заманауи талаптары мен қажеттіліктеріне бейімдеуге, сонымен қатар сауатты және шығармашыл педагогикалық ұжымды қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келетін болсақ, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Сол себепті мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне әр түрлі көрнекіліктерді, ойын технологиясын және инновациялық технологияларды кеңінен қолданған жөн. Бұл технологиялардың тәрбиеленушілердің шаршамай, жалықпай, жан-жақты дамуына тигізер үлесі өте зор. Педагог – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға.

Әдебиеттер:

- 1) Бала мен балабақша. Республикалық педагогикалық журнал № 12, 2013
- 2) К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқулық. Тараз. Тар МУ.2003.
- 3) Дамыта оқыту технологиясы. Бисенбаева Әлия.
- 4) Мектепке дейінгі білім – тәрбие әдістемесі. Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал № 12, 2014
- 5) Программа по внедрению инновационных методик и технологий дошкольных организациях, Тусупова А.Қ. Астана, 2015ж.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуға арналған бусоград технологиясын қолдану

*Адилгазинова Талшын Айдиновна
Астана қ. №37 «Арман» балабақшасы, тәрбиеші*

Аңдатпа: Бусоград технологиясы балалардың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал етеді, қолдың икемділігін дамытады, көру және есту қабілетін дамытады, сөйлеу және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытады, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытады.

Түйінді сөздер: бусоград, моншақ, эвристикалық әдіс, технология.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде білім беру процестерінде өзгерістер орын алуда: педагогтардың назары шығармашылықты дамытуға және де ойын арқылы балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, эмоционалды-ерікті және қозғалыс сферасын түзетуге. Дәстүрлі әдістер баланың танымдық, тұлғалық, шығармашылық, рухани-адамгершілік дамуын арттыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің белсенді әдістерімен алмастырылуда.

Балалардың әртүрлі қабілеттерін дамыту құралдарының бірі Бусоград технологиясы - мектеп жасына дейінгі балаларға арналған моншақтармен

ойындар. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ моторикасын дамыту саусақ қимылдарын үйлестіруді қалыптастыруға және сөйлеу әрекетін дамытуға мүмкіндік береді. Моншақтар белгілі бір костюмге сәйкес келетін безендіру элементі ғана емес, моншақтар сіздің қиялыңыздың ұшуы, сонымен қатар бала үшін олар қол жетімді және эстетикалық тартымды оқу материалы болып табылады. Моншақтармен жұмыс істегенде кеңістікті бағдарлау дамиды, олармен топта жұмыс істеу баланың коммуникативтік тәжірибесін байытады, ұсақ моториканы және, әрине, шығармашылықты дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бала іс жүзінде түс, пішін, өлшем сияқты ұғымдарды түсінеді. Балалармен жұмыс істеуде Бусоград технологиясын қолданудың арқасында балалар анық және тезірек сөйлей бастайды.

Бұл технологияның әдістері әртүрлі сызықтарды, жолдарды, әріптерді, геометриялық фигураларды, кескіндемелерді және тағы басқаларды жасаудан тұрады. Бұл әдіс өте қызықты, ерекше және өте жағымды әдіс. Бұл технологияны қолдану балалардың бірлескен және дербес іс-әрекетінде де мүмкін. Мен моншақпен жұмыс жасауда келесі оқыту әдістерін қолданамын (авторлары И. Я. Лернер және М. Н. Скаткин):

- 1) Тәрбиешінің үлгісін зерттеу және көрсету;
- 2) Балалардың білімі мен дағдыларын бекітуге бағытталған репродуктивтік әдіс. Бұл дағдыларды автоматтандыруға әкелетін жаттығу әдісі. Оған қайталау техникасы, қолмен пішін қалыптастыру қимылдарын орындау;
- 3) Ұйымдастырылған іс-әрекетте жұмыстың кез келген сәтінде дербестікті көрсетуге бағытталған эвристикалық әдіс, яғни тәрбиеші баланы жұмыстың бір бөлігін өз бетінше орындауға шақырамын;
- 4) Балаларда дербестікті ғана емес, сонымен қатар қиял мен шығармашылықты дамытатын зерттеу әдісі. Мен кез келген бөлікті ғана емес, барлық жұмысты өз бетінше орындауды ұсынамын.

Бусоград техникасын пайдалана отырып жұмысты орындаған кезде, осы қызмет түрінің табысты болуының негізгі шартын есте сақтау қажет - баланың қызығушылығы болуы керек. Ол ертегі кейіпкерлерін, сиқырлы сызықтарды, үйлерді, сарайларды, әртүрлі заттарды, әріптерді, сандарды және тағы басқаларды жасауға оң мотивацияға ие болуы керек.

Әлеуметтік-коммуникативтік дамуда моншақпен ойындар балалардың шығармашылық белсенділіктерін арттыруға, қиялдарын оятуға, көңіл-күйлерін көтеруге, байсалдылықты, зейінділікті, эмоциялар мен әрекеттерді басқара білуді, ұжымдық дағдыларды дамытудың құралы ретінде қолданылады. Ойында балалар моншақпен көңіл-күйлерін бейнелейді. Балалар өздеріне «үй» және ойыншықтар жасайды.

Бусоград технологиясын көркемдік-эстетикалық даму шеңберінде қолдану мыналарға ықпал етеді: түстер туралы білімдерін бекіту, қоршаған әлемге эстетикалық көзқарасты қалыптастыру, балалардың өз бетінше шығармашылық әрекеттерін жүзеге асыру.

Моншақтар қозғалыс белсенділігін дамыту құралдарының бірі болуы мүмкін. Моншақтардың көмегімен өздігінен массаж жасай алады, жаттығулар жасай

алады, эстафеталық жарыстар және т.б. Балалармен қимылды ойындар ойнауға болады: зейінге, кеңістікті бағдарлауға, адымдап, бұлақтардан секіруге арналған жаттығулар; тепе-теңдік жаттығулары.

Мен бұл технологияны өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекетінің барлық түрлерінде және бес дағды бойынша қолданамын. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қортындылау және өткен тақырыпты еске түсіруге жиі қолданатын әдістерімнің бірі. Бұл әдіс арқылы әріптер жаза алады, пішіндерді, арнайы ойынан шыққан затты жасайды. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қортындылау кезінде іс-әрекеттен алған көңіл-күйлерін түстермен балалар сипаттап береді. Көбінесе мектеп алды тобының балаларының әріптер, сандарды есте сақтау жағынан қиындықтар туған кезде моншақтың көмегімен танысқан әріптер, сандардың бейнесін жасатып, ойнай отырып балалардың есінде сақтай алады. Ең маңыздысы – бусоград технологиясын міндетті түрде үлкендердің бақылауымен орындап, қауіпсіздікті қатаң сақтау қажет.

Қорыта келгенде баланың қолын дамыта отырып, әртүрлі әдістерді қолдана отырып, біз бұлшық еттерін жаттықтырып қана қоймай, сонымен қатар бақылау, салыстыру, шығармашылық қиялды дамытатынын есте ұстаған жөн. Біз табандылыққа, шыдамдылыққа, дәлдікке және табандылыққа тәрбиелейміз. Бұл әсіресе сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін өте маңызды. Мұндай технологияларды тәжірибеге енгізумен қатар, оқу-тәрбие процесін балаға қолайлы етіп, нәтижелілігін арттырады.

Әдебиеттер:

1. М. И. Родина, А. И. Буренина, "Кукляндия", "Музыкальная палитра", Санкт-Петербург", 2008 г.
2. М. И. Родина, "Бусоград", "Музыкальная палитра", Санкт-Петербург", 2014 г.

«Бестемше» - бала логикасын дамытуға арналған әрі балабақшада қолданудың ерекшеліктері

*Таждинова Анар Жаксылыковна
№69 «Еркем-ай» балабақшасының тәрбиешісі
Астана қаласы*

Аңдатпа Мақалада бестемше ойынын балабақшада қолданудың ерекшеліктері өзге ойындармен салыстырмалы түрде, тәжірибеде қолдануда көрсетілген. Ұлттық құндылықтарымыздың лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып, ойын арқылы бойына сіңіртіп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеуге болатыны жайында егжей-тегжейлі жазылған.

Түйінді сөздер: ұлттық ойын, ұлттық құндылық, әдістер, педагогикалық процесс, эстетикалық талғам, мектепке дейінгі білім беру және т.б.

Ойын – өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім ментәрбие берудің тарихи қалыптасқан құралы. Арнайы ұйымдастырылған түрлі ойындар балалар мен

жасөспірімдер еңбекке баулуға жәрдемдеседі, оларда жылдамдық пен күш, төзімділік пен икемділік дайындықтарын жетілдіреді. Қазақ халқының санадан өшіп, ұмыт бола бастаған ұлттық ойындары көп. Солардың 4000 жылдық тарихы бар, тоғызқұмалақ ойынына ұқсас, бес таспен ойналатын «Бестемше» ұлттық ойыны. Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру бүгінгі тәлім мен тәрбиенің алғы шарты. Осы мақсатта балабақша қабырғасынан бастап ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірудің бір жолы — ұлттық ойындарды насихаттау.

Мағынасы терең, баланың жүйелі ойлануына, ортада ойын жеткізе білуіне, қол маторикасын дамытуға септігін тигізетін ұлттық ойын бестемше. 5 — 6 жасқа қараған балалардың дамуында елеулі өзгерістер болады. Жоғары жүйке жүйесінің қызметі жетіледі. Бұл кезең баланың психикалық дамуында елеулі өзгірістермен ерекшеленеді. Психологтардың пайымдауынша, бес жастан кейін олармен «келісуге», тапсырмалар беруге, жаңа іспен қызықтыруға болады. Дәл осы кезеңде өзін — өзі ұстау еркіндігі — бала психикасының дамуы мен жан дүниесінің қалыптасуының көзі болып табылады. Бала нені қаласа, соған жетуге тырысады. Мен өз тәжірибемде бестемше ойының қолдануда ойының бірқатар ерекшеліктерін көре алдым. Ұлттық ойындар - ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатыр-ған байлығымыз, асыл қазынамыз. Бестемше ойының- үйренудің, күнделікті пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Бестемше ойынын балабақшада қолданудың ерекшеліктері

Ұлттық ойындар - ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатыр-ған байлығымыз, асыл қазынамыз.

Бестемше ойының- үйренудің, күнделікті пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Бестемше ойынын балабақшада қолданудың ерекшеліктерінің бір қатарын атап өтсем. Ең бастысы ата-бабадан келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып, ойын арқылы бойына сіңіртіп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеу. Мысал келтіре кетсем. Тағы бір ерекшелігі бестемше ойыны- балалардың ойлау қабілетін арттырып, есепке жүйрік болуына ықпал етеді. Бестемше ойыны— математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау – оның негізгі өзегі. Сондықтан ойыншы ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек, себебі алдын-ала жоспарлау, алдын-ала ойлау, ойлаған мақсатқа жетудің басты әрі алғашқы қадамы. Сонымен қатар, бұл ойын ойыншыны дербестікке, өзі шешім қабылдауға машықтандырады. Жеңіске жету үшін ойыншы алдын ала стратегия, жоспар құруды үйреніп, жоспар құру барысында егер дұрыс емес деп санаса сол жоспардан бас тартуды, жаңадан басқа жол іздеуді үйренеді. Егер шешімді қабылдау барысында қателескен жағдайда, ойыннан жеңіліс тапса жеңілісті мойындауға, дұрыс қабылдауға тәрбиеленеді. Жоспарды жүзеге асыру үшін ойыншыға жүрістерді есте сақтау қажет болады, ойыншының біздің жағдайымызда баланың назарын шоғырландыру арқылы зейіні дамыйды, есте сақтау қабілеті артады, алдындағы ақпаратпен дұрыс жұмыс жасау машығы қалыптасады. Кейіннен балада жеңіске деген құштарлық пайда болады,

осы арқылы бәсекелестікке қабілеті артады. Бестемше ойынының тағы ерекшелігін -қол моторикасы дамыйды. В.А.Сухомлинский «Бала қабілетінің қайнар көзі – оның саусақтарының ұшында» - екендігін жазған. Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында алатын орны ерекше. Баланың ұсақ моторикасын дамыту арқылы барлық таным процестерінің қызметін жақсартуға болады. Бестемше ойынында ұсақ шарларды ұстау кезінде қол қозғалысы арқылы ми және жүйке талшықтарына әсер етіп, мол пайдасын тигізеді. Бұл ойынның тағы бір ерекшелігі ойнаушы талғамайды: бала да, жас та, кәрі де, ер бала да, қыз бала да ойнай береді. Қазіргі таңда бала дамуына септігін тигізетін бестемше ойынына кейбір ерекшеліктер енгізіп, «Алаңдағы бестемше» ретінде қолданысқа ұсынып жатқан әріптестеріміз бар. Алаңдағы бестемше ойынының ерекшелігі, ойынға екі баладан көп бала қатыса алады, яғни «Бестемше» ойыны ұжымдық ойнау сипатын алады. Заманауи тұрғыда бейімделген «Алаңдағы бестемше» ойынына қатысатын баланың саны 10-ға дейін артып, балаларды қимыл-қозғалысқа түсіп, ептілікке баулиды. Жасөспірімнің физикалық қасиеттерінің дамуы, коммуникативтік дағдыларының қалыптасуы, танымдық-зияткерлік, шығармашылық және өзара әрекеттері, эмоционалдық қасиеттердің қалыптасуы сияқты 5 категория бойынша жүргізілген зерттеулерде жылдың басында ойнаған бүлдіршіндердің жыл соңында анағұрлым ілгерілеу бар екендігін тәжірибе барысында көруге болады. Инклюзив балалардың бестемше ойнау арқылы қалыпты мектепке барғаны да бар. Осы Бестемше ойынының ерекшеліктерін тиімді пайдаланудың нәтижесінде- ойынды үйреніп, жарыстарға қатысып, жеңістің дәмін сезген ойыншы бұдан әрі гаджеттерде отырудан гөрі осы ойынға деген қызығушылығы артып, өзінің айналасына өзі секілді зияткер, талғампаз, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, бәсекеге қабілетті, есте сақтау қабілеті едәуір дамыған, қажетті ақпаратқа зейінін тез аудара алатын, дербес шешім қабылдап сол шешімінің нәтежиесін дұрыс қабылдай алатын, кез-келген жағдайды алдын-ала жоспарлай білетін, өзіне сенімді, өз ойын еркін білдіре алатын, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиеленіп шығады.

Бұл халықтық ойын. Бестем немесе бестемше аталатын ойынның қазақ халқында барын іздеп тауып, ережесін қалпына келтірген зияткерлік ойындарды зерттеуші, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері, математик Серікбай Тілеубаев екенін атаған абзал. Аталған ойын туралы, тарихы, ережелері, сондай-ақ тоғызқұмалақ ойыны жайында толығырақ Серік Ерғалидың «Қазақы зияткерлік ойындарды жасөспірім логикасын дамытуға пайдалану» атты кітабынан оқи аласыздар.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген бестемшенің тақтасының дизайнын жақын жылдары осы ойынды зерттеуші ғалымдар киіз үйдің сұлбасына салып жасап шыққан, негізінде бестемше ойыны әуелде таста ойналған.

Қазіргі қолданыстағы тақта шағын, ағаштан жасалғандықтан еш зияны жоқ, табиғи, бояусыз, өзіңмен алып жүруге өте ыңғайлы түрде ұсынылып отыр.



Пайдаланған әдебиеттер

1. Серік Ерғалидың «Қазақы зияткерлік ойындарды жасөспірім логикасын дамытуға пайдалану» атты кітабы
2. Тайжанов С. «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы, 2019

Мектепте жүйелі түрде оқуға психологиялық даярлық – мектепке дейінгі балалық шақтағы бала дамуының қорытынды нәтижесі.

*Тажикенова Б.Б., тәрбиеші,
№69 «Еркем-ай» балабақшасы
Астана қаласы*

Аңдатпа

Аталмыш мақалада бүлдіршіндерді мектепке даярлау кезеңінде кездесетін біршама жағдайлар мен олардың шешімі жөнінде жазылған. Сонымен қатар, Отандық мектепке даярлау бағыттарында бірнеше басты әдістемелер мен тәжірибе түрлері жайында, ата-аналар мен педагогтарға бүлдіршіндердің менталдық денсаулығына зақымсыз түрдегі дайындық сатылары жайында егжей-тегжейлі жазылған.

Түйінді сөздер: мектепке даярлық, бүлдіршін, әдістеме, ата-ана, педагог.

Тасын түртсе тарихы сыр шертетін қазақ даласында үкілі Ыбырай «Кел балалар оқылық» ұранымен негізін қалаған қазақ педагогикасында бүгінде қандай өзгерістер бар? Отандық мектептерде соңғы уақытта күрделі өзгерістер болды, жаңа бағдарламалар енгізілді, құрылымы өзгерді. Бірінші сыныпқа баратын балаларға барған сайын жоғары талаптар қойылуда. Мектепте баламалы әдістердің дамуы балаларды неғұрлым қарқынды бағдарлама бойынша оқытуға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай бала мектеп оқушысы ретінде өзі үшін жаңа әлеуметтік рөлді қабылдауға, жаңа әрекеттерді және нақты жалпылама білім жүйесін меңгеруге дайын

болады. Шындап келгенде, бұның барлығы жүйелі оқуға психологиялық және тұлғалық дайындығын дамытады. Баланың психикасының одан әрі дамуы үшін бұл маңызды өзгерістер өздігінен емес, мақсатты педагогикалық әсердің нәтижесі екенін атап өткен жөн. Бұл орайда барлық бүлдіршін бағдарламаны тез меңгеріп кетеді дей алмай отырмыз. «Ұйымдастырылмаған» балалар жоқтың қасы емес. Егер отбасында қажетті жағдай жасалмаса, дамуында балабақшадағы құрдастарынан артта қалатыны бұрыннан белгілі. Кейбір авторлар мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау міндетінен бас тартуды ұсынады. Өйткені бұл олардың пікірінше, балалық дәуірде өмір сүрудің өзіндік құндылығын жоққа шығарады екен. Мұнымен келісу қиын. Біріншіден, адам өмірінің кез келген кезеңінің өзіндік құндылығы мен бірегейлігі бар. Екіншіден, психикалық даму жиынтық (кумулятивті) сипатқа ие кезеңді процесс. Бұл дамудың жоғары сатысына көшу алдыңғы кезеңде бұл үшін қажетті алғышарттар - жасқа байланысты ерекшеліктер қалыптасқан кезде ғана мүмкін болады дегенді білдіреді. Егер жас кезеңінің соңына қарай олар қалыптаспаса, онда бұл жағдайда олар дамудың ауытқуы немесе кешігуі туралы айтады. Демек, баланы мектептегі даму кезеңіне дайындау мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Үшіншіден, балалық шақта жан-жақты дамудың басты шарты – ересектер, мұғалімдер мен ата-аналардың мақсатты және саналы нұсқауы. Ал бұл, өз кезегінде, баламен жұмыс психикалық даму заңдылықтарын және одан кейінгі жас кезеңдерінің ерекшеліктерін нақты түсінуге, қандай жасқа байланысты жаңа формациялар баланың одан әрі дамуы үшін маңызды болатынын білуге негізделгенде ғана мүмкін болады. Баланы мектепке дайындау мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі маңызды міндеттердің бірі болып табылады, оны мектепке дейінгі тәрбиенің басқа міндеттерімен бірлікте шешу осы жастағы балалардың жан-жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Менің педагог ретіндегі ат басындай 24 жылдық тәжірибем көрсеткендей, мектепке дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыру және объективті бағалау тәрбиешілер мен ата-аналардың белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Бұл үшін ата- ана мен педагогқа мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктері, мектепке дейінгі дайындықты дамыту әдістері туралы белгілі бір білім қажет. Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының жиі қойылатын сұрақтарына жауап беру, оларға мектеп жасына дейінгі балалармен сабақты дұрыс ұйымдастыруға көмектесу үшін топтық түрдегі іс-шаралар жүйесін ұйымдастыруға болады (ата-аналар жиналысы, дөңгелек үстелдер, ұйымдастырушылық-белсенді ойындар, т.б.), жеке (сұхбат) кеңестер, ата-аналармен жұмыс істеуге мектепке дейінгі психологты тарту сынды біршама шаруалар педагогтың міндетінде.

Қазіргі таңда елімізде бүлдіршіндерді мектепке даярлауда жеке және мемлекеттік мекемелердің саны біршама өсуде. Қуантары да сол, осыдан 10 жыл бұрын балаларды дамыту және мектепке даярлау орталықтары саусақпен санарлықтай еді. Ал бүгінгі таңда олардың саны 200- ге жуық. Отыз жылдан енді асқан еркіндігі бар елімізде қазіргі таңда бүлдіршіндерді мектепке

даярлау әдістері жылдан- жылға жасампаздануда. Барлық Отандық мектепке даярлық топтарының педагогтары жаппай жыл сайын кәсібін шыңдау мақсатында әртүрлі іс-шараға атсалысқаны арқасында мектепке баратын бүлдіршіндер сақадай-сай дайындықпен барады. Бұл жерде көршілес еліміз Ресейдің және Германиялық әріптестеріміздің әдістемелерін айтпасқа болмас. Сол әдістемелердің біршамасына тоқталсақ...

«Ломоносов мектебі» желісі. Бұл желі Ломоносов атындағы жеке мектеппен бірлесіп әзірленген және элиталық білім беруді барлығына қолжетімді етеді. Серия мектеп жасына дейінгі балаларға әліпбимен, сауатты жазумен, оқумен немесе математикамен танысып қана қоймай, сонымен қатар шығармашылық, есте сақтау және ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. «Жылдық курстар» 2 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға арналған және қосымша жеңілдіктерді сатып алуға үнемдеуге мүмкіндік береді. Сабақтар қызықты және тақырыптық иллюстрациялармен бірге жүреді, сондықтан олар балаларда тапсырманы орындаудан бас тарту әдетін, зерігуді немесе басқа жағымсыз эмоцияларды тудырмайды. Нұсқаулықтар оқуға зауқы жоқ балаларға да, жұмысы тым қауырт ата-аналарға да жарамды, өйткені сабақтарды 15-20 минуттық шағын сессияларда өткізуге болады.

Лидия Васильеваның әдісі. Лидия Васильеваның түпнұсқа әдісі тек Ресейде ғана емес, сонымен қатар Еуропада отыз жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. Бұл 3 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға арналған, «Интеллектіні дамыту» және «Математикалық қабілеттерді дамыту» артықшылықтарын қамтитын төрт кезеңді бағдарлама. Оқу тәжірибесін нығайту және жақсарту үшін оқулықтармен бірге жұмыс дәптері бар. Техника негізгі дағдыларды меңгерумен қатар жеке қасиеттерді дамытуға көмектеседі. Жаттығу баланың күйзеліске төзімділігін арттырады және оның күшті жақтарын ашады. Нәтижесінде балалар мектепке оңай бейімделіп, қорқыныш пен жағымсыз тәжірибелердің орнына өзіне деген сенімділікті нығайтып, қызығушылықты оятады.

Надежда Жукованың әдісі. Ұзақ жылдық тәжірибесі бар мұғалім Надежда Жукова өзіндік және дәстүрлі әдістерді біріктіретін оқу құралдары сериясын жасады. Кітаптар баланың оқуға деген қызығушылығын оятуға көмектеседі, оны стресссіз және сағатсыз оқуға және жазуға үйретеді. Сонымен, үш ұрпақтан астам балалар атаулы әдістің көшірме кітапшаларынан үйренді. Әдістемелік құралдар мұғаліммен жұмыс істеу кезінде де, өз бетінше оқу кезінде де пайдалы болады. Мысалы, «Балаларға арналған ағылшын тілі» оқулығының қарапайымдылығы мен ойластырылған құрылымы ата-аналарға, тіпті шет тілін білмейтіндерге де баласына қарапайым грамматиканы, негізгі сөйлеу дағдыларын және тыңдап түсінуді үйретуге мүмкіндік береді.

Бала мектепте күн сайын мереке емес екенін, сабақта 45 минут отыру, сабақ оқу, дайындалу керектігін түсіне бастағанда «алғашқы қоңыраудан» алған әсерлер өте тез өтеді. Оның үстіне, барлық ересектер оған оның есейіп, мектепке барғанын айтады, ал мектепте бала өзінің тізбектің ең бірінші буыны екенін, оның үстінде көптеген сыныптар бар екенін түсінеді - стресс пен

қыңырлықтар осыдан басталады. Сондықтан баланың жан-жақты дамуын және мектепке дұрыс дайындалуын ұстаздар мен ата-аналардың біріккен күш-жігері ғана қамтамасыз ете алады. Отбасы – баланың дамуының ең бірінші және маңызды ортасы. Ата-аналармен ынтымақтастықтың жаңашыл және тиімді түрлері топтық семинарлар, дөңгелек үстелдер, пікірсайыстар, шеберлік сабақтары, ата-аналарға арналған тренингтер, рөлдік ойындар болып табылады. Инновациялық формалар ата-ананың белсенді позициясын, мұғалімдермен әріптестік қарым-қатынасты, ынтымақтастық процесіндегі бастаманы, әрекетке ынталандыруды және отбасылық ортада қолдануды болжайды, яғни алынған нәрсе адамның жеке ерекшеліктеріне сәйкес түсіндірілуі керек. Инновациялық формалар проблемамен теориялық танысуды да, нақты жағдайлардан практикалық қорытындыларды да қамтиды (мысалы, ата-аналардың өздері жасаған жағдаяттарды қайталау). Ата-аналардың барлығының балалармен жұмыс істеуде педагогикалық және психологиялық дағдылары жоқ екенін ескеру қажет бұл орайда. Жағдаяттарды ойнау әдісі ата-аналарға өздеріне сырттай қарауға, мектепке бару кезіндегі барлық қиындықтарды барабар және объективті бағалауға көмектеседі. Бір мәселе бойынша балалармен қатар жүргізілген жұмыс тиімді. Бұл тәсілді балабақшада оңай ұйымдастыруға болады, онда балаларды мектепке дайындау сабақтары оқытылады, ал ата-аналар өз балаларының білімдері мен дағдыларының деңгейін байқауға мүмкіндік алады. Содан кейін олар өздерін толғандыратын мәселелерді арнайы ұйымдастырылған іс-шараларда (форумдарда) - топтық семинарларда, дөңгелек үстелдерде, ата-аналардың баласының мектепке баруға дайындығын дамыту бойынша пікірталастарда талқылайды. Осының негізінде жағдайдың екі жақтылығын нақты зерттеп, бала мен ересектің ұстанымын анықтап, ата-ананың қажеттіліктері мен қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыруға дұрыс бағыттай білуге болады. Балаларды мектепке дайындау кезінде мектеп жасына дейінгі баланың ынтасын ескеру қажет. Мектепке дейінгі тәрбиешінің балалардың оқу мотивтерін және мектепке деген оң көзқарасын дамыту бойынша жұмысы үш негізгі міндетті шешуге бағытталған:

1. балаларда мектеп және оқу туралы дұрыс түсініктерді қалыптастыру;
2. мектепке деген жағымды эмоционалдық қатынасты қалыптастыру;
3. оқу іс-әрекетіндегі тәжірибені қалыптастыру.

Бұл мәселелерді шешу үшін мен балалармен біршама жылдар жұмыс жасап келе жатқан маман ретінде жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін қолданамын: мектепке экскурсия, мектеп туралы әңгімелесу, мектеп тақырыптары бойынша әңгімелер мен тақпақтар оқу, мектеп өмірін бейнелейтін суреттерге қарау және олар туралы әңгімелеу, мектептің суретін салу және мектеп ойыны. Мектеп туралы әңгімелер мен өлеңдер балаларға мектеп өмірінің әртүрлі аспектілерін көрсету үшін таңдалады. Балалардың мектепке бару қуанышын, мектеп білімінің маңызын, мектептегі білім мазмұнын, мектептегі достық және мектептегі достарына көмектесу қажеттілігін, сыныпта және мектепте өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіремін.

Сонымен бірге балаларға «жақсы оқушы» және «жаман оқушы» бейнесін көрсету, дұрыс және бұрыс мысалдарды салыстыру (мектептегі білім беруді ұйымдастыру тұрғысынан) балалармен әңгіме құру өте маңызды екенін айтқым келеді. Мектеп жасына дейінгі балалар әзіл-оспақ мазмұны бар мәтіндерді қызығушылықпен қабылдап, жақсы есте сақтайды. Отбасы мектеп жасына дейінгі баланың оқу мотивтерін және нақты тәрбиелік мотивтерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Жаңа білімге қызығушылық, ақпарат іздеудегі негізгі дағдылар, мектептегі оқытудың әлеуметтік мәнін түсіну, «мен қалаймын» дегенді «қажет» сөзіне бағындыра білу, жұмыс істеуге және бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылу, салыстыра білу, үлгімен жұмысының нәтижесі және өз қатесін көру, жасампаздылыққа ұмтылу және өзін-өзі лайықты бағалау – мұның бәрі мектептегі оқытудың мотивациялық негізі болып табылады және негізінен отбасылық тәрбие жағдайында қалыптасады. Егер отбасы тәрбиесі дұрыс салынбаса, тек мектепке дейінгі мекеменің күшімен оң нәтижеге қол жеткізілмейді. Мұғалімнің тапсырмасын тыңдау және орындау қабілеті кез келген бастауыш мектеп бағдарламасында табысты оқудың алғы шарттарының бірі болып табылады. Бұл дағдының қаншалықты дамығанын сабақ барысында баланы бақылау арқылы анықтауға болады.

Аса түйіткіл тақырыпты Міржақып Дулатұлы атамның мына сөзімен қорытындылағым келіп отыр- «Зиялы қауым халықтың қамын ойлауға міндетті» депті-мыс. Ал ол зиялы қауым сіз бен біз, құрметті әріптестер! Жасампаз елдің болашағы демек біздің қолда!

Современные подходы к профессиональной подготовке будущих воспитателей в условиях технического и профессионального образования

*Тайлакова С.Е., преподаватель
Педагогический колледж международного университета Астана*

Аннотация: в статье рассмотрены современные подходы, используемые в ТиПО при подготовке будущих воспитателей к профессиональной деятельности.

Ключевые слова: модель развития, педагогический процесс, профессиональная подготовка, компетентность, профессиональный модуль, производственная практика.

Уровень качества организации дошкольного воспитания и обучения, выявленный по международной ECERS-R, заставил по-новому взглянуть на систему дошкольного воспитания и обучения, на необходимость качественных преобразований педагогического процесса, направленного на целостное развитие личности ребенка, на отношение к ребенку, как главной ценности педагогического творчества.

Данная модернизация предполагает перестройку и самого педагога к нестандартному решению воспитательных и образовательных задач, осмыслению условий, необходимых для развития его профессиональных качеств.

Новые подходы и перспективы развития системы дошкольного образования в нашей стране требуют в свою очередь переосмысления профессиональной подготовки будущих воспитателей в условиях технического и профессионального образования, которые определены в модели развития дошкольного воспитания и обучения ().

В этой связи педагогам, ведущим подготовку студентов для дошкольных организаций, необходимо ориентироваться на развитие компетентностей будущих специалистов, соответствующих современным запросам как общества в целом, так и лиц, заинтересованных в образовании (студенты, их родители, социальные партнеры).

Любая компетентность проявляется и формируется в деятельности (1), соответственно и педагоги, работающие с детьми дошкольного возраста должны быть «активными исследователями и создателями новых форм работы с детьми, инновационными и ответственными», что и должно быть заложено уже у студентов в период обучения.

Рассматривая модель выпускника ТиПО специальности «Дошкольное воспитание и обучение», можно выделить ряд требований, которые обеспечивают результативность процесса подготовки педагогических кадров:

- формирование профессионально-педагогической компетентности;
- развитие духовно- нравственного потенциала выпускника, основанного на национальной культуре;
- развитие трудовых навыков, осмысленного восприятия как основы практической деятельности;
- развитие творческих организаторских качеств, направленных на реализацию воспитательно-образовательных задач;
- становление личности педагога, профессионально владеющего основными знаниями, умениями и навыками для создания качественного образовательного процесса на основе технологических, практических методов с использованием нестандартных форм обучения и современных инновационных педагогических технологий.

Говоря о подготовке кадров, в том числе и педагогических, не стоит забывать, что это целенаправленный, системный процесс, который включает в себя подходы:

1. *Компетентностный*- направлен на передаче знаний, умений и навыков через собственное творчество, личное мастерство и профессионализм.
2. *Креативный (творческий)*- позволяет использовать в образовательном процессе инновационные методы (квесты, мастер-классы, деловые игры, моделирование педагогических ситуаций, образовательные проекты и др), технические средства обучения, развивающие интерес студентов к учебно-познавательной деятельности и самостоятельной активности.

Что для этого делается в нашем педагогическом колледже для подготовки специалистов среднего звена?

Во-первых, важным направлением является создание образовательной среды, способствующей получению качественного образования.

Во-вторых, обучение студентов, как известно, осуществляется через профессиональные модули, главное преимущество которых - практикоориентированность. Студенты не просто получают теоретические знания, а сразу отработывают их применение для решения конкретных профессиональных задач, что позволяет готовить более квалифицированных и конкурентоспособных специалистов по сравнению с традиционным подходом.

В-третьих, разработка профессионального модуля (рабочей программы) ведется преподавателями колледжа совместно с социальными партнерами, что позволяет максимально приблизить содержание обучения к реальным требованиям и при необходимости быстро перестраивать обучение под новые запросы рынка труда.

В-четвертых. Важным условием для формирования профессиональной компетентности студентов педагогических специальностей является организация их практической подготовки. Практика (учебная и производственная) так же включена в рабочий учебный план (соотношение: теория- 40%, практика- 60%), проводится на всех этапах обучения, и направлена на усвоение студентами знаний о социальной значимости профессии, требований к личности воспитателя дошкольной организации, содержания профессиональной деятельности, исследовательской деятельности, основ самообразовательной и самовоспитательной деятельности. Необходимо отметить, что в современных условиях содержание программы практической подготовки студентов ТИПО пересматриваются с учетом новых требований ГОСО ДВиО.

Литература:

1. Модель развития дошкольного воспитания и обучения //Постановление Правительства Республики Казахстан от 15.03.2021 № 137.

2. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения// Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 03.08.2022 г. № 348.

3. Гладких В.Г., Желтикова, И.А. Проблема творческого саморазвития педагога профессиональной школы/ В.Г. Гладких, И.А. Желтикова// Вестник ОГУ. – 2012. - №2. – С.44-49.

4. Касымова А. Х. Информационные технологии в сфере образования // Среднее профессиональное образование. – 2015. – №2. – С. 51–53.

5. Правдюк В.Н., Дерепаско С.В., Маслов С.И. Современные подходы и педагогические условия в подготовке педагога профессионального обучения// Известия ТулГУ, Гуманитарные науки, Выпуск 1:в 2 ч.Тула, Издательство ТулГУ, 2012.

6. Чиркова О. А. Педагогические условия формирования социальной компетентности обучающихся рабочим профессиям // Среднее профессиональное образование. – 2015. – № 3. – С. 39-41.

Мектепке дейінгі ұйымда нейропсихологиялық жаттығулар мен ойындардың тиімділігі

*Такекова Ш.М., педагог-психолог,
№1 «Бәйтерек» балабақшасы
Астана қаласы*

Баланың ақылы – алақанының ұштарында.

В.А. Сухомлинский

Андатпа: Бұл мақалада педагог-психологтың мектеп жасына дейінгі балалармен нейрожаттығулар және ойындарды қолданудың тиімділігі туралы жазылған. Танымдық қабілеттерінде, мінез-құлқында бұзылыстары бар балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу барысында нейрожаттығуларды дұрыс орындау жолдары мен ережелері ұсынылған. Бұл мақалада балалардың танымдық қабілеттерін түзетуге арналған бірқатар жаттығулар мен ойындар бар. Қарастырылып отырған тақырып тәрбиешілерге, психологтарға, логопед – мұғалімдерге және мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына қажет болады.

Түйінді сөздер: нейрожаттығу, оң және сол жақ жарты ми шарлары, ақыл – дене.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру біздің еліміз үшін басты міндеттердің бірі болып отыр. Бұл шын мәнінде инклюзивті қоғам құрудың басты шарттарының бірі. Біз әрбір балаға, олардың мүмкіндіктеріне және басқа да жағдайларына қарамастан, қоғамда өз орнын таба білуге, қоғамға пайда әкелуге және оның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге тиіспіз.

Қазіргі таңда ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны көбейіп кетті. Біздің балабақшада ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жақсы жолға қойылған.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқудағы қиындықтары, мінез-құлқындағы олқылықтары, шамадан тыс белсенділіктері, сезімталдықтары - осы және басқа да ерекшеліктері ми мен жүйке жүйесінің жұмысына тікелей байланысты. Осы аталған қиындықтарды нейропсихология әдістері арқылы түзетіп-дамытуға болады.

Неліктен нейропсихология? Нейропсихология әдісі ғылым мен практикада дәлелденіп отыр. Нейропсихология дегеніміз - адамның мінез-құлқына ми мен жүйке жүйенің қалай әсер ететінін және керісінше денедегі қозғалыстардың ми мен жүйке жүйеге қалай әсер ететінін зерттейді. Бұл дегеніміз, егер біз денеде белгілі бір қозғалыстарды әдейі тудырсақ, біз баланың жағдайын саналы түрде және ыңғайлы жағдайда басқара аламыз деген сөз. Бұл тәсіл психикалық процестерді (зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу

және т.б., баланың эмоционалды-ерік аясын, мінез-құлқындағы бұзылыстарды) қозғалыс арқылы түзетуге арналған. Адам миы екі жарты ми шарларынан тұратынын бәріміз жақсы білеміз. Физиологтардың зерттеулері бойынша мидың оң жағы – гуманитарлық, бейнелі, шығармашылыққа жауап берсе, мидың сол жағы – математикалық, логикалық, аналитикалық талдауға жауап береді.

Нейропсихология әдістерін қолдану әсіресе мектепке дейінгі жаста, баланың миы белсенді дамып, жүйке жүйесі жұмысының негізі құрылған кезде өте маңызды. Нейрожаттығулар мен ойындарды тек арнайы мамандар ғана емес, сондай-ақ үй жағдайында ата-аналар да пайдалана алады. Ойындар әр бала үшін пайдалы әрі қызықты.

Балаларға арналған нейрожаттығулар мен ойындарға кіріспес бұрын, баланың көңіл күйіне назар аударамыз. Балаға күштеп үйретуге болмайды, өйткені оң нәтижеге қол жеткізе алмаймыз.

Нейрожаттығуларды орындау кезінде келесі ережелерді мұқият орындау керек:

1. Қозғалыстарды дұрыс орындаудың негізгі шарты – педагогтің өзі барлық жаттығуларды толық меңгеруі, содан кейін ғана балаларға үйрету.
2. Барлық жаттығулар алдымен бір қолмен, содан кейін екінші қолмен, содан кейін екі қолмен синхронды түрде орындалуы тиіс.
3. Әр жаттығуды орындау қарқынын арттыра отырып, 6-8 рет қайталау керек.
4. Егер жаттығу орындауда қиындық тудырса, онда осы жаттығуды тоқтатуымыз керек (жетістікке жеткенше келесі күні жаттығуды жалғастырамыз).
5. Жаттығулар күн сайын, оған 7-10 минут уақыт бөлу керек.
6. Жаттығуларды орындау кезінде эмоционалды жайлы және көңілді орта қажет (тыныш музыкалық сүйемелдеу).

Сонымен, оң қолмен әрекеттерді орындағанда сол жақ жарты ми шары, сол қолмен әрекетті орындағанда - оң жарты ми шары жұмыс істейді. Екі қолмен жаттығуларды орындау кезінде екі жарты ми шарларының арасында байланыс пайда болып, екеуі де жұмысқа қатысады. Осы жаттығулардың арқасында баланың сөйлеуі де, бүкіл танымдық процесстері (есте сақтау, зейін, ойлау, қабылдау, ұсақ моторика, кеңістікті бағдарлау және т.б.) дамиды.

Нейрожаттығулардың пайдасы орасан зор.

- мидың оң жақ және сол жақ жарты ми шарларының үйлесімді жұмыс істеуі;
- ұсақ және ірі жалпы моториканы дамытуы, зейінді шоғырландыруы.
- есте сақтау қабілетін арттыруы,
- мидың жұмыс істеу өнімділігін арттыруы;
- Нейрожаттығу- саусақ арқылы жасалатын ми сыңарларын дамытуға арналған жаттығудың түрі.

Нейропсихологиялық жаттығуларды қарастырайық:

«Құлақ-мұрын»-баланың оң қолы мұрында, сол қолы құлақтың ұшын ұстайды. Содан кейін екі қолын алмастырады. Жаттығуды күрделендіріу мақсатында, екі қолды алмастырғанда, шапалақты қосамыз.

«Түлкі-қоян»-баланың оң қолының сұқ саусағы мен ортаңғы саусағы жоғарыға көтеріліп тұрады, сол қолының сұқ саусағы мен шынашағы жоғарыға көтеріліп тұрады. Екі қолдың саусақтарын алмастырып, кехектесіп жасайды.

«Сақина» - бала екі қолмен кезек-кезек жасап жаттығады. Қолды жоғары көтеріп отырып бас бармақ және басқа төрт саусақтың көмегімен кезектестіре сақина жасау қажет. Күрделі кезеңде осы қимылдарды екі қолмен бірге жасауға тиіс. Күрделілігі сол – жаттығу екі қолмен бір-біріне қарама-қарсы бағытта жасалады. Яғни, бір мезетте оң қолмен сақина жасауды сұқ саусақтан, ал сол қолмен шынашақтан бастау қажет. Осылайша кезектестіріп, жылдамдықты арттыра береді.

Мақалада мен өз тәжірибемде қолданатын нейрожаттығулардың аз ғана бөлігін ұсындым. Оларды қолдану нұсқалары әр түрлі және шексіз, педагогтің алдына қойған нақты мақсаттары мен міндеттеріне байланысты.

Жаттығулардың ойын түрінде өтуі, эмоционалдығы, тұрақты мотивация мен ерікті танымдық қызығушылықтарды қалыптастыруы, бала мен педагог арасындағы серіктестік қарым – қатынасты қалыптастыру-бұл білім беру процесінде нейрожаттығуларды қолданудың артықшылықтарының толық тізімі емес.

Қорытындылай келе, нейрожаттығулар дамуы жас ерекшелігіне сәйкес келетін балаларға ғана пайдалы емес, сонымен қатар логопедиялық, психокоррекциялық, жалпы даму сабақтарын өткізу кезінде мүмкіндігі шектеулі балаларды сүйемелдеу үшін қолдануға болатындығын атап өткім келеді.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Колесников А. «Гимнастика мозга, или Легкие способы развития ребенка». Издательство: Центрполиграф, 2009.
2. Семенович А. В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте. — М.: Академия, 2002.
3. Цветкова Л. С. Актуальные проблемы нейропсихологии детского возраста : Учебное пособие / Под ред. Л.С. Цветковой. — М.: МПСИ, 2006.
4. Лурия А.Р., Цветкова Л.С. Нейропсихология и проблемы обучения в общеобразовательной школе. – М.: 1996.

Роль «графического диктанта» при подготовке детей к школе

*Ташкина Т.А., воспитатель
ГККП «Детский сад имени Ю.А.Гагарина города Кокшетау
при отделе образования по городу Кокшетау управления образования
Акмолинской области»*

Аннотация: Подготовка ребенка к школе является актуальной проблемой в современном образовании. Многие родители, задумываясь о том, как лучше всего подготовить детей к школе, обращают внимание, как правило, на счет и чтение. И ведь они даже не представляют насколько важно тренировать у ребенка движение пальцев и кистей рук, так как развитие у дошкольника мелкой моторики является одним из главных условий дальнейшего успешного овладения письмом.

Ключевые слова: графический диктант, мелкая моторика, графические навыки, графический элемент, гибкость руки, координированность руки, готовность к школе.

Одной из актуальных проблем в современном образовании является подготовка ребёнка к обучению в школе. Что такое школа? Школа – это совершенно новая жизнь для ребёнка. Она создаёт такие формы регламентации жизни ребёнка, с которыми он ещё не сталкивался. Подготовить ребёнка к школе необходимо, поскольку избежать приспособления к школьной жизни невозможно, но частично или очень значительно облегчить его – вполне реальная задача.

Большая часть родителей, задумываясь о том, как лучше всего подготовить детей к школе, обращают внимание, как правило, на счет и чтение. И ведь они даже не представляют насколько важно тренировать у ребенка движение пальцев и кистей рук, так как развитие у дошкольника мелкой моторики является одним из главных условий дальнейшего успешного овладения письмом.

Как показывает опыт работы, развитие графических навыков подготавливает руку ребёнка к письму, учит ориентироваться на листе бумаги и в тетради, что служит хорошей базой для успешного обучения в школе.


Низкий уровень развития графического навыка является причиной целого ряда трудностей в обучении письму:

- низкий темп письма;
- быстрая утомляемость при письме;
- трудности в воспроизведении формы графических элементов;
- слишком сильный нажим;
- неровная линия;
- несоблюдение размера графических элементов;
- несоблюдение наклона письма;
- большое количество помарок и исправлений;
- нежелание выполнять письменные упражнения.

В настоящее время существует множество методик, которые ставят своей целью развитие мелкой моторики руки. Но практически все они имеют давнюю историю. Методика “Графический диктант” была предложена в свое время Д.Б. Элькониным, но мало кто помнит, что прообраз этих диктантов был введен К.Д. Ушинским. В “Азбуке” Ушинского сначала помещались рисунки для изображения их детьми (переноса) на квадратной клетке. Все это делалось с целью подготовки глазомера ребенка и развития мелкой моторики руки.

Глубоко проникнув этой проблемой, мною была составлена Программа вариативного компонента по развитию графических навыков детей 5-6 лет с использованием приемов графического диктанта «Волшебные клеточки». Целью программы является - Развитие графических навыков детей путем использования графических диктантов.

Так в чем же особенности методики “Графический диктант”? Данная методика позволяет определить умение ребенка точно справиться с заданиями, предлагаемыми в устной форме, и возможность самостоятельно выполнить требуемое задание по зрительно воспринимаемому образцу, формировать у ребенка способность свободно распознавать понятия “верх”, “низ”, “право”, “лево”, “диагональ”, правильно работать в тетради, сколько клеток (строчек) отступить сверху, снизу и т.д. В конечном итоге не только учит четко ориентироваться на пространстве бумаги, но и развивает мелкую моторику руки. Обучение графическому диктанту происходит в несколько этапов: 1 этап - работа на нелинованном листе (ориентировка на листе); 2 этап - работа в тетради в крупную клетку или «Игровизоре» Воскобовича (приложение 1); 3 этап - работа в тетради в мелкую клетку. Графические диктанты дополняются загадками, скороговорками, чистоговорками и пальчиковой гимнастикой. (2, 23 с.) Поэтому в процессе такого занятия ребенок отрабатывает правильную, грамотную и четкую речь, развивает мелкую моторику рук, пополняет свой словарный запас.



В процессе выполнения графических упражнений у детей формируются навыки, необходимые для письма:

- как правильно сидеть;
- как положить руки, кисти рук;
- как держать карандаш, ручку, тетрадь.

Проблема развития мелкой моторики у детей является актуальной на данный момент еще и потому что, развивая мелкую моторику, мы развиваем все психические процессы ребенка. Важно то, что неподготовленность к письму, недостаточность движений ручной моторики может вызывать негативное отношение к обучению в школе уже на самых первых его этапах. В дошкольном возрасте важна работа именно по подготовке к письму, а не само письмо. Дети должны научиться произвольно управлять движениями пишущей руки, зрительно контролировать направление и скорость этих движений, сохранять их длительность, слитность. В ходе обучения

формируются такие важные качества движений, как точность, гибкость руки, координированность, ритмичность.

Литература

1. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения от 14 октября 2022 года №422
2. «Волшебные клеточки» программа вариативного компонента по развитию графических навыков детей 5-6 лет с использованием приемов графического диктанта./ Составитель Ташкина Т.А., воспитатель ГККП «Детский сад имени Ю.А.Гагарина города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области», 2021 г. – 100 с.

Приложение 1.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

*Сагитаева Кульзира Файзуковна, Айтбаева Айгерім Айтбайқызы
«Алтын сақа» бөбекжайы» КМҚК*

Ойын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайында балалар үшін айналаны танып білу тәсілі болып табылады. Ойын мен ойын әрекеті мазмұнының әлеуметтік сипаты баланың қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты. Ойында үлкендердің қызметіне еліктеп, өзінің шамасы келмесе де олардың қуанышы мен ренішін түсіне отырып, осындай өзіндік жолмен қоршаған өмірге белсене араласады. Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі оның өз әрекетінің сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері: ойынның түпкі ниеті, сюжеті мен мазмұны, ойын әрекеттері, ролдер, ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойында балалардың өзінше бір іс-әрекеті ретінде көрсетіледі.

Педагогтің инновациялық қызметі ойын барысында балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы ретінде қолданылады. Ойынды басқара отырып баланың жеке басының барлық жағына: санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды, ойынды ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады. Ойын арқылы балалардың білімі мен ұғымы айқындалып, тереңдей түседі. Ойын барысында рөлдерді орындау үшін бала өзінің түйсігін ойын әрекетіне көшіруі тиіс. Кейде адамдар еңбегі туралы нақты іс-әрекеттер, өзара қарым-қатынастар туралы білімдер мен түсініктер жеткіліксіз болып шығады да оларды толықтыру қажеттілігі туындайды. Жаңа білім қажеттілігі балалардың сұраныстарынан көрінеді. Сұрақтарға жауап қайтарады, олардың ойын кезіндегі әңгімелеріне құлақ түреді, ойнаушылардың өзара түсінушілігіне, келісуіне көмектеседі.

Сонымен қатар ойын арқылы баланың тілін дамытуға болады. Балабақшада балаларды тәрбиелеу барысында баланың тілін дамыту, сөздік қорын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрету және үйренген сөздерін күнделікті өмірде қолдана білуге айрықша мән береміз. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, олардың аттарын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге үйретеміз.

Ойын баланың шын тіршілігі. Педагогтің инновациялық қызметі ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына назарын аударып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп қана қоймайды, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі ойынмен байланысты. Ойын ойнап жатқанда бала еш нәрсеге тәуелсіз болады. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық баланың даму баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы мен сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Ойынды ұйымдастыру барысында өзі жетекші бола отырып, балалардың ойын ережесін сақтауына, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып баланың зейінін, қиялын дамытады. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойынды таңдауда балалардың жас ерекшелігін ескерген жөн. Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Ойынның негізгі ерекшелігі- балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп балалар бір-бірлерімен пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі.

Ойынның түпкі ниеті- бұл балалардың нені қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» болып ойнайды. Сол сияқты ойындарда топта жас

ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, тіпті демалып отырғанның өзінде ойын үстінде болады.

Ойын әдісі деп мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту барысында ерекше орын алады. Олар: көрсету, түсіндіру, нұсқау беру, сұрақтар қою сияқты тәсілмен ойын әректін үйлестіруді көздейді. Ойындар мазмұнына қарай: сюжетті рольдік ойындар, ұлттық ойындар, дидактикалық ойындар, сахналанған ойындар, қимылды ойындар, үстел үсті ойындары және құрылыс ойындары болып бөлінеді.

Дидактикалық ойындар баланың ақыл ойын дамытып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне деген баланың қызығушылықтарын арттырады. Дидактикалық ойындар кішкене балаларға арналған мейілінше тән оқыту формасы болып табылады. Оның арғы тегі ойынды өлеңмен қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасында жатыр. Мысалы: «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық» - деген ойынды ересек топтарда балаларға зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойынның міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу.

Рольдік ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті рольдік ойындар бейнелеу құралы роль менойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан көбіне еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы, сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «Шаштараз», «Отбасы», ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға болады. Өткізілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізетін тәрбиесін, өз тобындағы сюжетті рольді ойындарды одан әрі басшылыққа алу тәсілдерін ойластыруы тиіс.

Яғни таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ығакты қимыл қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді. Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке туысқандық пен бауырымдылыққа, үлкенге-құрмет, кішіге-қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған.

Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады.

Аса көрнекті үздік педагог Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын-өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады».

Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бірақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ моторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі.

Әр түрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни 3 кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек.

1. Ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс.
2. Ойынның басталуы мен ойнау барысы.
3. Ойынның аяқталуы. Осылайша ойындар арқылы балаларды жан-жақты дамытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Бала мен балабақша» 2012 жыл
2. Ф.Н. Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика» 2008 жыл
3. Г. Дүкенбаева Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.
4. Кел балалар, ойнайық! Алматы «Орда» 2006жыл
5. Қазақтың ұлттық ойындары-Алматы- «Рауан» 1991

Ұйымдастырылған іс-әрекетті ойын түрінде кіріктіру бойынша әдістемелік қолдау

*Нуртазаева Гульмира Бахтияровна
«Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Балдырған балабақшасы» МКҚК*

*«Білім - бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды,
не істесе де келістіріп істейді.»*

А. Байтұрсынов

Мақсаты: мектепке дейінгі мекеме педагогтеріне білім беру процесін іске асыруда, нормативтік құжаттарды меңгеруге әдістемелік сүйемелдей отырып ұйымдастырылған іс әрекеттерді ойын түрінде кіріктірілген формада жоспарлап, оны балалармен түрлі әрекеттерде қолдануы және іске асыруы.

Міндеттері: тәрбиелеу мен білім беру процестерін ойын түрінде ұйымдастыру

түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау

Өзектілігі: қазіргі білімге деген көзқарас балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, жылдам өзгеріп отыратын болмыспен бірге өзгеруде. Білімді баланың туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарау білім беру процесін ұйымдастыруды қажет етеді. Балалар көп уақытын балабақшада өткізеді, бұл балалардың жан-жақты дамуы үшін тиісті жағдайлар жасаудың маңыздылығын, яғни күні бойы тәрбиелеу мен оқыту процестерін жас ерекшелігін ескере түрлі әрекеттерді оңтайлы ұйымдастыруды қажет етеді. Демек тәрбиешінің іс-әрекеті баланың қызығушылығын, белсенділігін және жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтың алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор екенін әр педагог түйсініп жұмыс істегенде мектепке дейінгі білім берудің сапасы артатыны сөзсіз. Қазіргі педагог дамытушы білім беруді құра білуі, балалардың бойына адамгершілік нормалары мен құндылықтарды сіңіруі, олардың дербестігі мен бастамасын қолдауы тиіс. Бұл ретте ол **икемді, шығармашыл, жауапты әрі дербес, үздіксіз дамуға қабілетті** болуы тиіс.

«Балаларды көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден гөрі, аз болса да, анықтап нық үйрету абзал» -Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай тәрбиешінің мүмкіндігі мен біліміне шығармашылығы мен тәжірибесіне, бағдарламаның ұсынымдарына сүйене отырып, өзінің білімін жаңаша талаптарды (сыни ойлайтын, командада жұмыс істейтін, өз бетінше саналы таңдау жасай білетін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу) ескере отырып тәрбиешінің өзінен туындауын қарап, әдістемелік сүйемелдеу қазіргі таңда балабақша әдіскерінің жауапты да міндеті десек артық айтылмады деймін. Тәрбиешінің тәжірибесінің артуы баланың білім алып дамуына зор ықпалын тигізеді. Сонда ол тәрбиешілердің кәсіби құзіреттіліктерінің артуына инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып нақты, мүмкіндік жасауына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде оның ішінде мектепке дейінгі жастағы балаларға тәрбиелеу мен білім беруде, дамытуда Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі бекітіліп (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы) осы модельді іске асыруда нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, осы құжаттарды басшылыққа ала отырып жаңа бағытта, жаңаша өзгерістермен қазіргі таңда балабақшалар өз қызметін жүргізіп, ұйымдастыруда.

Әр педагогтың ойын әрекетін ұйымдастыруда оны өткізудегі қызметін қалай жандандыруға болады? Мұны қандай әдістермен және тәсілдермен жасауға болады? Бұл туралы осы жоба барысындағы түрлі формада өткізілген шаралар аясында педагогтар меңгеріп, өз жұмыстарында қолданады.

Күтілетін нәтиже:

Мектепке дейінгі ұйымдағы ойын әрекеті тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру мен мазмұнның ажырамас бөлігі екенін түсінеді

Тәрбиеші ойынды белсенділік түрлері мен өзара әрекет нұсқалары арқылы тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі әрекет түрінде пайдаланады

Күні бойы педагог ойын түріндегі түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген формада өткізу әдістерін меңгереді

Қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес нормалар мен талаптарды сақтайды

Әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын меңгереді

жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып береді

Балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы орта құрады

МДҰ-дағы педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыру жолдары жобасы

№	Жүргізілетін іс-шара тақырыбы	Сипаттамасы
1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер» Өткізілу түрі: педагогикалық кеңес	Мақсаты: тәрбиелеу мен оқыту мазмұнындағы өзгерістерді нормативтік құқықтық сүйемелдеу 1. «Миға шабуыл» әдісі 2. Нормативтік құқықтық актілермен таныстыру
2	«Мектепке дейінгі мекемелердегі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ойын түрінде ұйымдастыру» Өткізілу түрі: педагогикалық қонақ бөлме	Мақсаты: тәрбиешілерге балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін өзгерту туралы түсіндіру. 1. «Ыстық орындық» әдісі 2. Жас ерекшелік топтарының ұ.іс-әрекеттерін талдау, талқылау
3	Тәрбиешілермен әдістемелік шығармашылық «Аукцион» ойыны Өткізілу түрі: шығармашылық-практикалық ойын	Мақсаты: тәрбиешілердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге алып ұ.іс-әрекетті ойын түрінде іске асыруы 1. 1-топқа «Тәтті сөз» әңгімесі. «Балдырған» журналы. 2. 2-топқа «Тал мен терек» әңгімесі «Балдырған» журналы 3. 3-топқа «Масыл деген не?» «Балдырған» журналы
4	«МДҰ-дағы педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыру жолдары» Өткізілу түрі: тренинг	Мақсаты : Тәрбиешілерге инновациялық даму жолын таңдауда тиімді тәсілді таңдаудың түрлі жағдайында қолдау мен көмек көрсету, кәсіптік міндеттерді шешуге бағыттау. Сондай-ақ өзін-өзі анықтауы мен дамытуын қамтамасыз етуге ықпал ету. -сәттілік жағдайын құру - кәсіптік өсуді ынталандыру

		- танымдық психикалық процесті өзектендіру(кәсіби қызығушылығын тудыру-себебі қызығушылық психикалық процестердің барлығына: қабылдауға, есте сақтауға, назар аударуға, ойлауға, ерікке жағымды әсер етеді.Тандалған кәсіпке тәрбиешінің мотивациясын көтеру.) - рефлексияны үйрету
5	«Заманауи педагог» әдістемелік жұмыс Өткізілу түрі: психологиялық сағат	1.Шығармашылық тапсырма. «Мектепке дейінгі тәрбиенің заманауи педагогы» 2.Топтық жұмыс. Шығармалармен таныстыру, мектепке дейінгі білім берудің қазіргі заманғы заманауи педагогының жеке қасиеттерін талқылау 3.Заманауи тәрбиешіге жақындау үшін не қажет? Сіз өзіңізге қандай нақты тапсырмалар қоя аласыз? Сіз оларға қашан жетуді жоспарлап отырсыз?
6	Тәрбиеші-педагог қандай болуы тиіс? Өткізілу түрі: Жаднама	Мақсаты: өз кәсібіне қызығушылығын арттыру Тәрбиеші-педагог қандай болуы тиіс? Тәрбиеші-педагогтың мынадай қасиеттері болуы тиіс: Қабілетті- үнемі өзін дамытатын, сыни талдайтын, дәлелдер іздейтін, шығармашыл, жаңашыл Сезіне білу – өзін бір нәрсе шығара алатын шығармашыл адам ретінде қабылдай білу. Әрекетшіл – идеялардағы және ойлардағы икемділік, тапқырлық, «Ал, егер ...» позициясынан алғанда әрекетшіл болуы тиіс. Тәуелсіз – өз-өзіне сенімді, ішкі құндылықтары мен критерилерінің, сыртқы талаптарға қарсы тұра білуінің негізінде өз мінез-құлқын басқара білетін. Тәуекелге бейім – бұл қолайсыз жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін болса да жаңа бір нәрсені байқап көруге дайындық, сәтсіздіктерге тұрақтылық, оптимистік. Жігерлілік – әрекеттермен сiңiрiп кету, iскерлік, сүйсiнушiлiк, эмоционалды , «аяқ асты әрекетті бастауы жеңіл». .Қызығушылық – қызығушылықтарының көп болуы, білуге құмарлық, және сұрақ қоя білу. Әзіл-оспақты түсіне білу – ойнақылық.
7	Өткізілу түрі «Ойын-баланың негізгі іс-әрекеті» Өткізілу түрі: шеберлік сағаты:	Мақсаты: баланың қажеттілігін ескеру, әр баланың әлеуетін дамытуға ойынның маңызы және дағдыларды меңгерту ойын арқылы іске асыру туралы тәжірибе алмасу
8	«Табысқа жетудің 5 қадамы» Өткізілу түрі: дөңгелек үстел	Мақсаты: педагогтардың жалпы және кәсіби мәдениетінің деңгейін ұдайы арттыруға

		<p>оңтайлы жағдай жасау, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттіліктерін қалыптастыру</p> <p>Тиімді әдіс-тәсілдерді таңдаудың түрлі жағдайында қолдау мен көмек көрсетіледі.</p> <p>Тәрбиешілердің кәсіби құзіреттіліктері арттыруға мүмкіндік туады</p> <p>Өзін-өзі анықтауы мен дамытуын қамтамасыз етуге ықпал етіледі</p> <p>Жаңашылдыққа деген сұранысты түсінеді; Зерттеу, эксперименттік қызметке, авторлық әдістемелерді әзірлеуге бағдарланады;</p>
--	--	--

ҚОРЫТЫНДЫ

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті.

«Бала табиғаты нені сүйеді? Бала табиғатының сүйетіні: жүру, жүгіру, ойнай жүре бір нәрсені шұқынып істеген болу. Баланың ойыны қайсы, жұмысы қайсы айыруға болмайды. Ойын үстінде сөйлеседі, таласады, тартысады: ойын үстіндегі өнерлері ойынынан ойын шығарады»-деп, ұлы педагог А.Байтұрсынов айтқандай физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдылары ойын нысанында іске асады. Осы баланы дамытудың басты құралы ойынды мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі шығармашылықпен, шеберлікпен, баланы қызықтыратындай ойындармен ұйымдастырылған іс-әрекетті күні бойы жүргізуі қажет.

Әрине, бұл үшін педагог үнемі даму мен ізденуге, білімін жетілдіруге, оқуға деген ұмтылысы болуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы**)
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы**)
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша**)
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты. **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық,-Астана, 2022 ж.**

Ұсақ қол моторикасы арқылы балалардың тілін дамыту

*Темирбекова А.С., тәрбиеші
ЖШС «High Up» «Зерек бала» балабақшасы
Астана қ.*

Андатпа: Балабақшадағы оқыту - тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Түйінді сөздер: ұсақ моторика, тілді дамыту, мектепке, қимыл қозғалыс.

Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау. Балабақшадағы оқыту- тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі-тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр- түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде маманның: -балалардың сөздік қорларын дамыту; -жаңа сөздерді меңгерту; -үйреген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Осы аталған міндеттерді логопед маман үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді.

Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, сол ойындардан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені ең алдымен не нәрсенің болсын жөн бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл- ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық- саусақ ойыны. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзеті-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сызуға үйренудің маңыздысы болып саналады. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Педагогтар мен балалар психологының мақсаты- ата – аналарға ұсақ моториканы ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуін, тапсырманы орындауда қиындыққа кездесе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Бау байлауды үйрету ата- анаға да, тәрбиешіге де

қиындық туғызатын болса керек. моториканың дамуының аздығын, соның ішінде қол қимылының аздық себебін зерттей келе қазіргі заманғы барлық баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің дамуында бір ақау бар екендігі анықталды. Осыдан келе мынадай қорытынды шығаруға болады: егер тілінің дамуында ақау болса, онда бұл ұсақ моториканың мәселесі. Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Егер 4 - 5 жастағы балада бау байлау қиындық келтірсе, ал ермексаздан тек шар мен ұзынша жабыстырылса және 6 жаста тиек тігу- орындалмас және қауіпті іс болса, онда сіздің балаңыз кінәлі емес. Өкінішке орай көп ата- ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Ұсақ моторика дамуының бала жасына байланысты ерекшеліктері: 3-6 айда бала қолын аузына апарды. Қолдың қимылын көзбен қадағалайды. Көрген затына қолын созады және алады. 6-12 айда бір қолындағы затты екінші қолына ауыстыра алады. Қасықты ыдысқа, текшелерді қорапқа сала алады. 1-2 жаста – Шимайлар мен сызықтар сала алады. Ыдысты қолына алып, көтеріп іше алады. Төртбұрышты төртбұрышқа, домалақты домалақтесікке сала алады. Қайшымен қиюды біледі. Қақпақтарды аша алады. Ірі моншақтар тізе алады. 3-4 жаста – Қаламды дұрыс ұстай алады. Нүктеленген суреттерді бастыра алады. Өзіне домалап бара жатырған допты ұстай алады. Қағазды бүктей алады. 4-5 жаста – Қарапайым пішіндерді бояй алады. Негізгі әріптердің баспа түрін жаза алады. Адамның негізгі мүшелері бар суретін сала алады. Қалтаның ішіндегі заттарды сипап сезу арқылы не екенін айта алады. Ермексазбен жұмыс жасай алады. Бау байлай алады. 5-6 жаста – Суреттерді жиектеп ұқыпты қия алады. Әріптер мен сандарды жаза алады. Балғамен шегені ұра алады. Геометриялық пішіндердің суретін сала алады. Бала жоғарыда айтылған әрекеттерді жасай алмаса не істеу керек? Балалардың ұсақ моторикасын дамытуда тақпақпен бірге жасалатын саусақ жаттығуларының орны ерекше. Данышпан қазақ халқымызда бұған да ерекше назар аударған. Мысалы, «Қуырмаш», «Санамақ» т.б. ойындарды ойнатудың баланың ұсақ моторикасын, көру-қозғалыс тепе-теңдігін сақтауда, зейін қою, есте сақтау, санау қабілеттерін дамытуда маңызы зор. Сонымен қорыта айтқанда, балабақша балаларының тілін дамытуда түрлі ойын, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану, осы бағыттағы атқарылатын игі іс-шаралардың нәтижесіз қалмайтындығының айқын дәлелі деп санаймын.

Қолданылған әдебиет

1. Новикова О. Веселые пальчиковые игры, Москва-Санкт-Петербург, из-во «Сова», 2005
2. Пилюгина Э.Г. «Сенсорные способности малыша» - М.: «Мозаика-Синтез», 2003

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балабақшада ата-аналармен бірлескен жұмыс бағыты

Тилегенова Г.С., Нурмагамбетова Н.С., тәрбиешілер

Андатпа: Балабақшада тәрбиеші мен отбасының өзара іс — әрекетінің негізгі мақсаты балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, олардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету, балалардың ата-аналарының білім беру қызметіне қатысуы үшін жағдайлар жасау ғана емес, аталған мәселелерді шешуде тәрбие мазмұнын айқындауда «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзектілігіне негіз болады.

Білім беру жүйесіндегі балалардың білік және дағдылардың көзі ретінде ғана емес, ең алдымен балаларды әлеуметтендіру құралы ретінде, интеллектуалдық, адамгершілік-еріктік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету. Сондықтан ата –аналармен тығыз байланыста болып, олармен бірлесіп өсіп келе жатқан ұрпаққа дұрыс тәрбие беру үшін бірлесіп жұмыстар атқару басты бағыт.

Кілт сөз: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, инновациялық нысандар, өзара іс-қимыл, отбасы, ақпараттық-аналитикалық нысандар, танымдық нысандар, бос уақыт нысандары, көрнекі-ақпараттық нысандар.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу отбасы мен балабақшаның басты міндеті. Отбасы ол, баланың өсіп, тәрбиеленетін мекені болса, ал балабақша, баланың әлеуметтік дамуы үшін ең маңызды ұйымы. Бұл нысандардың тәрбиелік функциялары әртүрлі болғанымен, баланың жан-жақты дамуы үшін олардың өзара әрекеттесуі маңызды.

Балабақшада тәрбиеші мен отбасының өзара іс — әрекетінің негізгі мақсаты балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, олардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету, балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) білім беру қызметіне қатысуы үшін жағдайлар жасау ғана емес, аталған мәселелерді шешуде тәрбие мазмұнын айқындауда «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзектілігіне негіз болады. Бұл бағдарламада ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейді. Бұл бағдарлама бойынша біздің балабақшада «Әкелер» клубы, «Ата- әжелер» клубы, «Аналар» клубы құрылған. Біздің тобымыздың ата-аналары осы клубтардың белсенді мүшелері.

Бұл бағдарлама арқылы педагогтердің отбасыларымен өзара іс-әрекетінің тиімді болуы үшін:

- бала туралы өзара хабардар ету және алған ақпаратты педагогтер мен ата –аналардың балалардың мүддесіне сай пайдалану;
- мектепке дейінгі білім берудің ашықтығын қамтамасыз ету;
- ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін, ақпараттандырудың жүйелілігін, ата-аналардың балабақша кеңістігіне еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- ата-аналардың білім беру процесіне барынша қатысуын қамтамасыз ету;

- отбасына педагогикалық қолдау көрсетуді, ата-аналардың даму және білім беру, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерінде құзыреттілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу тәсілдерінің бірлігін қамтамасыз ету.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беруде балабақша мен отбасының өзара әрекеттесуінің инновациялық (дәстүрлі емес) формалары мен әдістері ерекше өзекті болып табылады, бұл мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес келеді.

Ата-аналармен өзара әрекеттесудің инновациялық формалары мен әдістеріне мыналар жатады: ақпараттық-аналитикалық формалар.

Ең алдымен, олар ата-аналардың мүдделерін, сұраныстарын анықтауға, педагогтер, ата-аналар мен балалар арасында эмоционалды байланыс орнатуға арналған.

Оларға мыналар жатады:

- сауалнама
- тесттер
- әлеуметтік төлқұжат
- «Сенім пошта жәшігі»
- «Сенім телефоны».

Сондықтан ата –аналармен тығыз байланыста болып, олармен бірлесіп өсіп келе жатқан ұрпаққа дұрыс тәрбие беру үшін бірлесіп көп жұмыстар атқарудамыз. Мысалы, отбасын зерделеп, ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін анықтау, оның мүшелерімен байланыс орнату мақсатында тәрбиелік әсерді қолдану үшін біз «Отбасының әлеуметтік портреті» сауалнамасын жүргізіп, «Ата-ана поштасы» әдісін құрдық.

Оның мақсаты - проблемалық мәселелерді анықтау, қандай қиындықтармен кездесетіні туралы білу. Сол арқылы егер бір мәселелер туындаса қажетіне қарай көмек көрсетіп, кеңестер беру. Ата -аналардың бұл хаттарын қабылдау бөлмесінде арнайы «Сұраңыз - жауап береміз» - деп жазылған пошта жәшігін ұйымдастырдық.

Ата – аналар сол жәшікке өздерінің ой – пікірлерін, балаларына тәрбие мен білім беруге қатысты сұрақтарын қалдырса, сол бойынша көмектер көрсетілді. Мысалы, біздің балалардың жас ерекшеліктері 4-5 жас, ересек топтың балалары. Біздің балалар мемлекеттік стандартқа сай «Сөйлеуді дамыту» ұйымдастырылған іс әрекетінде оқыған қысқа мәтінді түсініп, оны мазмұндап берсе, қысқа ертегілерді тындап, қойылымдар қоюға бейімделеді және сөздегі дыбыстарды анықтап, сөздің басында ортасында, аяғында екенін тауып, дыбыстық талдау жасай білуі керек.

Ал ата –аналар «Бұл шақта балалар әріп оқуы қажет пе, нешеге дейін санай білуі керек?» - деген сияқты сұрақтар қояды. Ол үшін ата- аналарды білім стандартымен таныстыру қажеттігі туындады. Сондықтан «Бәрін білгім келеді» - атты ата- аналармен квест ойыны жүргізілді. Ата – аналар өздері ойнай отырып, өз сұрақтарына жауап алды.

Сонымен қатар біздің тобымызда отбасының кез-келген мүшесі баласын тәрбиелеу әдістеріне күмән келтіруге, белгілі бір маманнан көмек сұрауға және т.б. туындаған сұрақтарына жауап алу үшін «Сенім телефоны» - жұмыс істейді.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ата-аналарды мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен және психологиялық ерекшеліктерімен таныстыруға, оларда тәрбиенің практикалық дағдыларын қалыптастыру процесіне бағыттауда жұмыс істеудің белсенді нысандары мен әдістері айқындалған.

Олар:

- жалпы және топтық ата – аналар жиналыстары;
- консультациялар;
- ата – аналардың қатысуымен өткізілетін сабақтар
- «Ашық есік күндері»;
- тренингтер;
- семинар-практикумдар;

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша ата-аналармен бірлесіп, балабақша мен отбасының бірігіп жүргізетін іс – әрекетіне жылдық жоспар құрылды. Бұл жоспар бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану талапқа алынды.

Осы жоспар бойынша «Әжемнің ертегісі» - атты ертегі сағаттарын ұйымдастырып, аналар клубында «Бал бала» - атты тіл ширату жобалары мен іс-шараларын өткізгенде балалаға ғана емес ата - аналардың өздеріне де өте қызықты болды. Ал, әкелермен бірлесіп, балалардың жас ерекшелігіне, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып жүргізген ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары, спорттық қимыл-қозғалыс ойындары өте тартымды өтті.

«Бірлесіп көтерген жүк жеңіл» - дегендей балабақша педагогтерінің отбасыларымен жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану оң нәтиже беруде. Педагогтар мен ата-аналар арасындағы өзара әрекеттесу сипаты өзгерді, олардың көпшілігі балабақшаның барлық іс-шараларының белсенді қатысушылары және педагогтердің таптырмас көмекшілеріне айналды. Ата-ана мен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін әлі де тығыз байланыста болып, шығармашылықпен жұмыс жасаймыз.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2023 ж.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, 2022 ж.

3. «Білім айнасы» журналы, 02 желтоқсан 2021 ж.
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», 2023ж. ҚР Оқу –ағарту министрлігі

Формирование экологического мышления у дошкольников с использованием it и геймофикации

*Тойганбаева Г.Д., воспитатель
Детский сад №24 «Айналайын» г. Астана*

Аннотация: Для современных детей познавательная, исследовательская, игровая деятельность с помощью IT является повседневным, привлекательным занятием, доступным способом получения новых знаний и информирования других детей и взрослых в защиту экологии.

Ключевые слова: компьютерные технологии, QR-код, опытно-экспериментальным путем, сохранение природных ресурсов, экологической деятельности
Актуальность.

Современный мир меняется стремительно. Глобальная проблема влияния человека на окружающую среду, своими продуктами жизнедеятельности, становится более активными и губительным для экологии. Одной из главных задачах на данный период является сохранение экосистемы и природных ресурсов. Дошкольный период является первой ступенью в формировании личности ребенка, его экологической культуры, экологического сознания и гражданственности. Для современных детей познавательная, исследовательская, игровая деятельность с помощью IT является привлекательным занятием, доступным способом получения новых знаний и информирования других детей и взрослых в защиту экологии.

Проблема.

Как привлечь внимание детей к познанию «недетских» экологических проблем?

Цель: формирование осознанного, бережного отношения к окружающей среде через экологическое образование с использованием IT и геймификации

Задачи:

- учить детей использовать современные компьютерные технологии в процессе реализации проекта;
- направлять познавательно-активную деятельность на осознание себя, как части природы, сохранение природных ресурсов в условиях создания компьютерных игр
- воспитывать экологическое сознание, эмоционально-положительное отношение к природе через природоохранную деятельность

Пути решения:

Не сорите, где живете (загрязнение окружающей среды)

1. Проведение эксперимента «Мусор в земле»

Цель: опытно-экспериментальным путем показать детям, что не весь мусор, выброшенный на землю, исчезает или разлагается.

2. Проведение эксперимента «Не загрязняйте водоемы»

Цель: опытно-экспериментальным путем показать детям, что загрязнение водоемов ведет к гибели водоплавающих птиц и рыб

3. Игра м/п «Сортируем мусор»

Цель: формирование представлений у детей о вторичной переработке мусора для сохранения окружающей среды.

4. Создание электронной версии игры «Сортируем мусор»

5. Создание электронной версии чек-лист «Экологические привычки»

6. Обучение других детей с целью информирования об экологических проблемах и способах решения

Зеленый уголок

1. Посадили огород

Цель: создание условий для знакомства детей с овощными культурами и зеленью, совместно со взрослым ухаживание и наблюдение за ростом и сбор урожая.

2. Изготовление автоувлажнителя для полива из ТБО

Цель: Вода – ценный природный ресурс, экономия которой бережет нашу общую жизненную среду

3. Грядки из ТБО

Цель: показать возможность использования пластиковых бутылок в целях бережного отношения к природным ресурсам

4. П/ игра с малышами «В саду – на огороде»

Цель: закрепить умение различать овощи и фрукты

5. Создание электронной версии игры «В саду – на огороде»

6. Обучить других детей с целью закрепления навыка называть и

группировать овощи и фрукты по месту их произрастания

7. Создание фильма «Как растут растения»

Цель: обобщить представления о последовательности роста и развития растения <https://youtu.be/oWdXj9vIKnk>

Деревья - легкие Земли

1. Проведение эксперимента «Что будет, если вырубить деревья в лесу»

Цель: опытно-экспериментальным путем показать детям, если даже лес маленький, то изменится микроклимат этой территории (будет суше и теплее летом и холоднее зимой), лес задерживает влагу. Подвести детей к выводу, что все в мире взаимосвязано. Нарушится экосистема. Деревья очищают воздух, дают нам кислород. Без деревьев Земля погибнет.

2. Изучили деревья нашего детского сада (закрепили умение различать деревья по характерным признакам: ствол, листья)

- собрали информацию о деревьях

- сделали фото деревьев и листьев

- подготовили интервью о деревьях, растущих на территории нашего детского сада

4. Создание QR-код, чтобы поделится информацией о деревьях, с другими детьми и взрослыми

5. Создание электронной версии игры «С какого дерева листок?»

6. Научили других детей играть в игру «С какого дерева листок?»

7. Совместно с родителями посадили саженцы деревьев на своем участке

Цель: Формирование у детей знания о значении деревьев в жизни человека; желания самим посадить дерево, ухаживать за ним. Способствовать вовлечению родителей к экологической деятельности, воспитание чувства сопереживания к бедам природы, желание бороться за ее сохранность.

Конечный продукт, фото продуктивной деятельности детей и родителей



-автоувлажнитель

-грядки из ТБО

-теплица

-проведение экспериментов

-посадка деревьев

-дети учат детей (работа на планшете)

Ссылки на игры:

«Сортируем мусор» <https://learningapps.org/25753538>

чек-лист «Экологические привычки» <https://learningapps.org/25987817>

«В саду – на огороде» <https://learningapps.org/25805113>

«С какого дерева листок?» 1 часть <https://learningapps.org/25857117>

«С какого дерева листок?» 2 часть

<https://learningapps.org/display?v=poakpoiw322>

QR-код интервью детей о деревьях нашего детского сада



Литература

1. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан, 2022
2. ГОСО РК
3. Бритвина Е.В., и др. Естествознание: Методическое руководство для педагогов / Е. В. Бритвина, Т. Л. Яндулова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2018. – 125с
4. Акимбаева Ж.Ж., Батырбаева А.Б. Ознакомление с окружающим миром. Основы экологии: Методическое руководство Ж.Ж. Акимбаева, А.Б. Батырбаева. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2018. – 56с
5. Евдокимова Е.С. Технология проектирования в ДОУ. – 2006
6. Евдокимова Е.С. Проект как мотивация к познанию: Проектная деятельность дошкольников. Дошкольное воспитание №3, 2003, с.20-24
7. Фестиваль педагогических идей «Открытый урок» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://festival.1september.ru>
[Электронный ресурс] / Режим доступа: Источник: www.kt.kz

МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс және болашақ педагогтерді даярлау

Токишева Айгерим Бактыбаевна

Астана қаласы, №88 «Баян сұлу» балабақшасы тәрбиешісі

Аңдатпа. Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс – тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін жағдай жасау яғни инноватор тәрбие дәрижесіне жету.

Кілт сөздер: Заманауи балалар, цифрлық технологиялар, білім беруді жаңғырту, АКТ, даярлау, болашақ педагог.

Қазіргі кезде қоршаған сандық кеңістік ерте жастан бала өмірінің ажырамас бір бөлігі болды. Баланың қоршаған орта, жалпыадамзаттық құндылықтар, адамдар арасындағы қарым-қатынастар туралы маңыздылығын қалыптастыру объектісі тек әлеуметтік орта және білім беру ұйымдары ғана, ата-аналар, сонымен қатар медиаресурстар да болып табылады. Әрине, заманауи балалар үшін компьютерлік құралдардың көмегімен танымдық, зерттеу, ойын қызметі күнделікті, тартымды ұйымдастырылған оқу қызметі, жаңа білім мен әсер алудың қолжетімді тәсілі болып табылады. Балалардың мүдделері мен қажеттіліктері білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттарда ескерілген, онда негізгі міндет білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, оның ішінде қазіргі заманғы цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастыру арқылы болып табылады.

МДҰ-да заманауи сандық ортаны ұйымдастыру Мектепке дейінгі білім берудің **«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының»** негізгі принциптерін, мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балалар компьютерлік технологиялармен танысып, олардың мүмкіндіктерін біліп, олармен қарым-қатынас жасаудың қызығын, таңданысын және қуанышын сезінеді. Цифрлық технологиялар дамыта оқыту міндеттерін шешу және іс-әрекет тәсілін іске асыру, МДҰ дамыту ортасын байыту үшін тиімді құрал болып табылады. Виртуалды білім беру міндеттерін шешу барысында балаларда шығармашылық әлеует, бастама, ізденушілік, табандылық, еңбекқорлық, жауапкершілік дамиды, бұл мектепке дейінгі білім берудің **«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының»** мақсатты бағдарлары болып табылады. Интерактивті оқыту ойындары әр түрлі қабілеттері мен мүмкіндіктері бар балаларды бір мезгілде оқытуды ұйымдастыруға, әр баланың жеке ерекшеліктері негізінде білім беру қызметін құруға мүмкіндік береді. Сандық технологиялар балабақшаның отбасымен ынтымақтастығын ұйымдастыруда, оның ішінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру, әлеуметтік білім беру желілері мен қауымдастықтарды құру кезінде маңызды буын бола алады.

Мектепке дейінгі өсіп келе жатқан қабілеттердің қалыптасуына сезімталдық баланың дамуын ерекше байытуы мүмкін немесе керісінше, босқа және, өкінішке орай, ұзақ емес сыйлық болуы мүмкін. Дұрыс тандалған ойын материалы мектепке дейінгі баланың ақыл-ой өсуіне қосымша мүмкіндіктер ашатыны кұпия емес. Қазақстандық білім беруді жаңғырту бағдарламасының арқасында мектепке дейінгі мекемелердің пәндік-дамыту ортасының маңызды бөлігі инновациялық жабдықтар: интерактивті тақталар, үстелдер, мультимедиялық балалар студиялары мен планшеттер болды. Осы "ақылды" және "әдемі" құрылғылардың айналасында ерекше оқыту кеңістігі қалыптасуда. Осы орайда, болашақ педагогтерді даярлау мәселесі туындайды.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің басқару құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін сәтті жүзеге асырудың негізгі шарты, теориялық білімдердің практикалық қолдану жағдайымен, болашақ мамандарды істәжірибеге бағдарланған іс-әрекеттерге жұмылдырудың оқу үдерісінің шоғырлануының өзара байланысы болып табылады. Демек, МДҰ педагогінің басқару құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін тиімді жүргізудің тағы бір тәсілі ретінде студенттің іс-тәжірибеге бағдарланған іс-әрекеттерге, контекстке сезімтал модельдеу жағдайларын және МДҰ басқарушылық қызметтің практикалық тапсырмаларын енгізу екендігін аңғарамыз.

Бүгінгі күні болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі тек белгілі бір арнайы кәсіби біліктілігі бар адам ғана емес, сонымен қатар командада жұмыс істей алатын, дербес шешімдер қабылдайтын, бастама көтеретін, ақпараттық коммуникациялық технологиялармен жұмыс істейтін, білікті педагог болуы шарт. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда басқару, мектепке дейінгі білім берудегі басқару теориясы мен практикасы саласындағы арнайы білімі мен дағдылары болуы маңызды мәнге ие. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқару құзыреттілігін қалыптастыру міндетін шешу болашақ мектепке дейінгі білім беру педагогінің кәсіптік даярлау үдерісіне құзыреттілік тәсілін анықтайтын идеялар мен теориялық тұжырымдарды жаңартады.

МДҰ-ның қызметі «бала – бала», «бала – ата-ана», «бала – тәрбиеші», «бала – маман» жүйесіндегі «Серіктестікке негізделген іс-қимылдардың алуан түріндегі шығармашылыққа белсенді, еркін баланы дамыту» тұжырымдамалық қағидалары негізінде құрылады. Тек айналасындағы адамдармен тығыз ынтымақтастықта ғана бала мінез-құлықтың әлеуметтік қабылданған түрлерімен танысады, адамгершілік нормаларын саналы түрде ұстануға және білім беру үдерісіне белсене қатысуға үйренеді. Даму МДҰ-қызметінің барлық жағын қамтиды, ал өзгерістер әр балаға, тәрбиешіге, басшыға, отбасына қатысты болады. Әр педагог тәрбиеленушілермен өзара әрекеттесудің негізгі түрлеріне – ынтымақтастыққа, сұхбатқа, серіктестікке, бірлескен шығармашылыққа үнемі бағдар алып отырады. Тұжырымдамалық қағидағтар негізінде МДҰ-ны басқару технологиясын ұйымдастыруды қарастырамыз.

Балабақша тек оқу мен жазуға үйрететін орта емес, тек білім беріп қана қоймай, ең алдымен әр баланың жас ерекшелігіне сай танымдық, адамгершілік, жеке дара ерекшеліктерінің уақытында дамып, қалыптасуына ықпал ететін орта екенін ата-аналарға түсіндіру қажет. Ендеше алдарымыздағы жас ұрпаққа адамгершілік құндылықтардың тұқымын сеуіп қана қоймай, оның жайқалып өсуіне де жағдай жасай білейік!

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің АКТ пайдалану қызметіндегі қарапайым-бейімделушілік деңгей қызметін жаңа бастаған маманға тән, оның мақсаты оған қойылатын талаптарға бейімделу, яғни пернетақтада, түрлі перифериялық құрылғыларда жеткілікті дәрежеде сенімді жұмыс жасау, компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін білу және оқытуды жандандыру, оқутәрбие үдерісін тиімді басқару мақсатында дайын бағдарламалық әзірлемелердің жиынтығын пайдалана білу. Бұл деңгейдегі мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін ақпараттық көздерге жоғары сұраныс тән, әсіресе АКТ-ны пайдалану қызметін меңгеру және оған бейімделуге көмектесетін жаппай компьютерлік оқыту жөніндегі әдістемелік әдебиет дидактикасына деген қажеттілік жоғары болады.

Қоғамдық ақпарат педагогтар мен балалар алдында мынадай міндеттер қояды:

- Жаңа заманға қадам басу ;
- Жаңа технология әлеміне балаға жолсерік болу ;
- Компьютерлік бағдарламаларға тәлімгерді таңдау ;
- Ақпараттық мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру ;
- Педагогтардың профессионалдық деңгейін және ата – аналардың құзыреттілігін көтеру ;

Осындай міндеттерді арқалаған әр тәрбиеші АТҚ бітіргендігі туралы куәлігі болуы қажет. Ол заман талабы , өмір талабы және өзің үшін ең бірінші қажеттілік. Өйткені ХХІ ғасыр ақпараттандыру ғасыры. Ал , ғасыр талабына талас жоқ.

Педагогикалық оқу орындарының, мектепке дейінгі тәрбие мамандықтарын кәсіби шеберлікпен еңбек ететін оқытушылар мен магистранттар мен докторанттарға арнап шығармашылық шеберханаларын, зертханаларын ұйымдастыру. Болашақ МДҰ педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру күрделі және көпқырлы мәселе. Сондықтан зерттеу барысында алынған нәтижелерді оны шешудің бір ғана жолы деп есептеп, бұл бағыттағы ізденістер болашақта МДҰ педагогтерін дайындаудың басқа да қырларын, психологиялық астарларын, педагогтердің басқарушылық құзыреттіліктерін зерттеу тұрғысында өзінің жалғасын табуы тиіс деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Балабақша меңгерушісі мен әдіскері» журналы, № 4 , 2015 ж.
2. «Бала мен балабақша» журналы, № 4 , 2012 ж.
3. Педагогикалық еңбектер .2008 ж.
4. Тұрғанбаев Б. А. «Дамыта оқыту технологиялары», Алматы 2000 ж.

Сенсорное развитие детей младшего дошкольного возраста посредством дидактических игр на липучках

*Толочкина А.Б., воспитатель
Ұлытау облысы білім басқармасының
Жезқазған қаласы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжайы» КМҚК*

С восприятия предметов и явлений окружающего мира начинается познание. Познавательному развитию в современной системе дошкольного образования отведено приоритетное место: одна из пяти образовательных областей, согласно ГОСО ДО, носит это название - познание.

Сенсорное развитие – неотъемлемая часть познавательного, это развитие восприятия ребенка и формирование его представлений о внешних свойствах предметов: их форме, цвете, величине, положении в пространстве, запахе, вкусе и так далее. Сенсорное развитие является условием успешного овладения любой практической деятельностью. Развитие ощущений и восприятий создает необходимые предпосылки для возникновения всех других, более сложных познавательных процессов (памяти, воображения, мышления). Развитая сенсорика - основа для совершенствования практической деятельности современного человека. Ведь, как справедливо отмечал Б.Г.Ананьев, «самые далеко идущие успехи науки и техники рассчитаны не только на мыслящего, но и на ощущающего человека».

Ведущая форма деятельности воспитанников в детском саду – это игра. Играя, ребенок приобретает опыт, который в последствии переносит в реальную жизнь. На сегодняшний день детям предложено и доступно множество игр. Посредством педагогического наблюдения было выявлено, что играм на липучках дети отдают большее предпочтение. Исходя из вышесказанного, сенсорное развитие детей младшего дошкольного возраста наиболее эффективно посредством использования дидактических игр на липучках.

Обстановка в младших группах детского сада должна быть прежде всего комфортной и безопасной для ребенка. Маленькие дети плохо реагируют на пространственные изменения обстановки они предпочитают стабильность в этом отношении [1]. Дети младших групп еще не умеют хорошо взаимодействовать со сверстниками, предпочитая игры рядом, но не вместе. Необходимо отводить место для одновременной деятельности не более 2–3 детей, а также учитывайте возможности организации совместной деятельности взрослого и ребенка, поскольку взрослый основной партнер ребенка в играх и занятиях. Маленький ребенок активно входит в предметный мир и изучает его с интересом.

В каждой игре должны быть задействованы 4 основных цвета. Подборка игр должна быть разнообразна: на узнавание, называние и закрепление цвета, на группировку однородных и разнородных предметов по цвету, форме, величине, закрепление величины предметов, геометрических форм, сравнение предметов по цвету, форме, величине и другие. Наглядным материалом к дидактическим играм являются игрушки и картинки [2]. Все дидактические

игры, которые мы использовали с детьми, вносились в циклограмму воспитательно-образовательной работы. Используя разнообразные дидактические игры для накопления сенсорного опыта, дети легче адаптируются к условиям детского сада, дети увереннее накапливают представления о цвете, форме, величине, проявляя желание действовать вместе с воспитателем, со сверстниками и самостоятельно. Любой воспитатель должен уметь разработать варианты знакомых детям игр и создать новые полезные и увлекательные. Для обогащения сенсорного опыта детей, мы постоянно вносим новые дидактические игры. Ведь любая игра учит запоминать, мыслить, анализировать, синтезировать, обобщать, то есть помогает развивать умственные способности детей. Специально созданные условия, как в процессе проведения образовательной деятельности, так и в повседневной жизни, позволяют обеспечить накопление различных слуховых, зрительных и осязательных впечатлений, формировать элементарные представления об основных характеристиках величины (большой, маленький), формы (круг, квадрат, овал, прямоугольник, треугольник), цвета (зеленый, красный, желтый, оранжевый, фиолетовый, белый, черный, синий). В результате становится возможным формировать умения выделять разнообразные свойства предметов, ориентируясь на цвет, форму, величину, звуки, фактуру). Специально созданные условия сенсорного развития, педагогическое воздействие, индивидуальное сопровождение в мире чувственности, познания окружающего и осознания себя - все это задачи взрослого. Насколько успешно будет реализован намеченный образовательный план, зависит от профессиональной компетентности педагога в сфере сенсорного воспитания [1].

Результатом моей работы является повышение уровня сенсорного развития воспитанников: у детей сформировались первичные, но в тоже время устойчивые представления о цвете, геометрических фигурах, отношениях по величине между несколькими предметами, вкусе; обогатилось сенсорное впечатление, разовьются любознательность, инициативность и самостоятельность.

Таким образом, мы определили и обосновали психологопедагогические условия, обеспечивающие эффективное использование дидактических игр в сенсорном развитии детей раннего возраста. Такими условиями являются: обогащение предметно-развивающей среды в группе разнообразными пособиями, стимулирующими самостоятельное применение полученных представлений, разработка дидактического материала и дидактических игр, повышение компетенции педагогов дошкольном образовательном учреждении в области сенсорного развития детей раннего возраста.

Литература

1. Дильдабекова Г.А., Давыденко Т.Б. «Раннее развитие как фактор успешности ребенка», Костанай 2020, 48 стр.

2. Сопбекова М.Б. Сенсорика әлемі. Әдістемелік нұсқаулық. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты. – Тараз, 2020 – 64 б.

3. Танцюра С. «Вместе с малышом. Игры и упражнения», ООО ТЦ «Сфера», 2015 г., 70 стр.

4. Хохрякова Ю., «Сенсорное воспитание детей раннего возраста», ООО ТЦ «Сфера», 2020 г., 180 стр.

Логикалық ойындар арқылы балаларды дамыту

*Төленберген Р.Ғ., тәрбиеші
№68 «Балбұлақ» балабақшасы*

Аңдатпа: Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да тәрбиеші балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, оқу іс – әрекетінде бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Мәтін: Баланың жас ерекшелігін ескере отырып қазақ тілінен түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интеллектуалдық деңгейін көтеру. «Логикалық тапсырмалар» баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар баланың интеллектуалдық деңгейін көтереді. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. Психолог – ғалымдар: Н. Н. Пospelов, Ю. А. Петров, А. Н. Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше «логикалық ойлау» дегеніміз логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой - пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А. В. Запорожец, Л. Н. Венгер, И. С. Якиманская еңбектері жарық көрді. Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз:

- барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;
- ойлау белсенділігін, өз беттілігін дамыту.

«Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К. Д. Ушинский.

Мектеп жасына дейінгі баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».

Баланың логикалық ойлауы арқылы тілін дамыту үшін, тәрбиешіге оның теориясын терең білу міндеті жүктеледі. Логикалық ойлауды дамытудың кестесі арқылы тіл дамыту жолдарының кестесін жасауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда сұрақтардың алатын орны ерекше. Сондықтан балаға қойылатын сұрақ жүйелі, әрі түсінікті болу керек. Сұрақтар қоя білу қиялдаудың ең жоғарғы сатысы және нәтижелі ойда негізгі рөл атқарады. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірибесін өз бетінше іс жүзіне асырады. Сондықтан ойын балалар үшін өзіне тән жүру барысымен, мақсатымен маңызды. Міне, осыдан баланың логикалық ойын қиялдау қабілеті шыңдалады, дамиды. Бұл қазіргі заманға өте қажет. Өйткені, бұл компьютер ғасыры. Баланы болашақ өмірге, белсенді еңбекке даярлауда, оның ақыл - ойы, адамгершілік - эстетикалық сезімдерін, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыруда – балаға құрметпен қарау қажет.

Бүлдіршіндердің логикалық ойлау қабілетін дамытуда қарапайым математиканың алғашқы ұғымдарын ойын арқылы үйретудің математикалық диктант жазудың, заттарды әр - түрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың, көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Біздің балабақшаның тәрбиешілері логикалық ойлау қабілеттерін жоғарлатуда.

Логика - дүниені тану тарихының нәтижесі, жиынтығы, қорытындысы. Логика ғылымында жаңаша әдістерді жетілдіру, адамның дүниетанымын барынша өрістетуге басты мәселе болып саналады. Логика ғылымы адамдардың сан ғасырға тарихи тәжірибесінің жемісі.

Бұл ғылым адамдардың өмір сүру қызметінің әр түрлі салалары үшін аса маңызы бар әлеуметтік тарихи құрылым. Бұл логикалық ойлау ғылымы көптеген басқа ғылымдармен байланысады. Философиямен, психологиямен, жоғарғы нерв қызметі, физиологиямен, кибернетикамен, математикамен байланысын зерттейді. Логика - талқылау кезіндегі ойдың дұрыс құралуын зерттейтін ғылым. Екінші сұрақта формалды және диалектикалық логика туралы түсініктердің мазмұнын анықтаудан бастау керек. Формалды және диалектикалық логиканың ерекшеліктеріне, айырмашылықтарына тоқталған жөн. Формалды логика жаңа білімдерді қорытып шығарудың заңдарын қарастырады. Формалды логика білімнің құрылымдық жағын

жеке - жеке көрсетуге, олардың элементтерінің формалды байланыстарына көңіл аударады.

1. «Логика» ұғымына түсінік Білім берудің басты мақсаты - үнемі өзгеріп тұратын әлеумет жағдайына қарай өсіп келе жатқан ұрпақты даярлау. Өзгермелі өмірге қарай балаларды бейімдеуде білім мен тәрбиемен қаруландыру білім беру үрдесінің негізгі кілті болып табылады. Логикалық ойлау әдістерін меңгермеген балада, білім саласында көп қиындыққа ұшырайды: есептерді шығаруда, жаттығуларды орындауда көп уақытын және күшін жоғалтады. Нәтижесінде денсаулығы әлсірейді, оқуға деген құлшынысы төмендейді. Бала логикалық операцияларды меңгергенде, анық және дәл ойлай алады, амалды орындауда неге мән беру қажеттілігін түсінеді, өзінің дұрыстығы туралы пікірін білдіре алады. Білімді меңгеру оңайға соғады, мектеп бала үшін қуаныш әкеледі.

Балабақшада өзге ұлт балаларын қазақ тілін үйретуде ойынның маңыздылығы

Турсанина Г.А.

«Колобок»б/ж КМҚК, қазақ тілі мұғалімі

Аннотация: Болашағы зор егеменді еліміздің өршіл талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқытуға, оның ішінде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету ерекше мән берілуде. Тәуелсіз мемлекетіміздің келешегі – жас ұрпаққа сапалы білім беру – оны қазіргі заманға сай білімді, жан дүниесін рухани бай етіп тәрбиелеу сияқты қиыны мен қызығы бірдей іс – педагогтар еншісінде.

Түйінді сөздер: мемлекеттік тіл, тәрбие, білім беру, ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын технологиялары.

Мемлекетіміздің болашағы жас ұрпақ болғандықтан оларды тәрбиелеу жан-жақты қамтылуы тиіс. «Тәрбие тал бесіктен» дегендей қазіргі таңда балабақша табалдырығынан бастау алатын өзге ұлт бүлдіршіндерін қазақ тілін үйретуде ерекше маңыздылық қажет.«Отаны бірдің-тілегі бір, жүрегі бір» екенін балалықтан бастау алатын етіп тәрбиелеу міндетіміз. Бүгінгі күн талабына сәйкес баланың ойын, тілін дамыту, уақыт көшінен қалып қоймауына, ұшқыр ойлы, жігерлі, ұлтжанды, қайратты етіп, сапалы білім, саналы тәрбие мен ұштастыра алсақ қана ұлт тілегі орындалады. Ауызбірлік пен түсіністік болған жағдайда ғана тыныштық мамыражай өмір болатынын бүлдіршіндерге қарапайым тілде, түрлі әдістер мен бойларына сіңіруге өз үлесімді қосудамын. Баланың ой-өрісіне балаша үңілсе ғана нәтижеге жетесің. Бүлдіршіндерді яғни біздің келешегімізді қазақ тілін меңгерту біздің басты мақсатымыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту барысында бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудің білім-деңгейі нақты бағдарламамен берілген. Әр мұғалім заман талабына сай өз сабағына жаңашылық енгізіп, шығармашылық ізденіспен өткізеді.

Өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде ойын және жаңа ойын технологиялар арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып,тілдесім әрекетіне

жетелеу тиімді болып табылады. Ойын — балалардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады, сенімін оятады.

Балабақшада балаларға қазақ тілін үйрету барысында ойындардың алатын орны ерекше. Ойын-балалар үшін қоршаған ортаны танып білудің ең жеңіл-де ұтымды тәсілі. Ойын процесінде сөйлесу үлкен рөл атқарады. Ойын — мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру балалардың тіл үйренуге деген қызығушылығын,ынтасы мен зейінін арттырады. Бала ойын ойнау барысында жан-тәнімен ойынға кірісіп кетіп, қызығушылық танытып, белсенділік пайда болады. Ойын ойнаған кезде тіпті тілді үйренгісі келмейтін баланың өзі қызығушылық танытып ойынға араласып кетеді.

Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойын түрлері-де әр түрлі болып келеді. Оқу әрекеті барысында қолданатын ойындар бірнеше түрлерге бөлінеді: дидактикалық ойындар, сюжетті-рөлдік ойындар, қимыл-қозғалыс ойындар, ұлттық ойындар, саусақ ойындары, фонетикалық ойындар, логикалық ойындар, үстел үсті ойындары және т.б.

Біздің балабақшада балаларға қазақ тілін үйрету үш жастан басталады. Өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде тек қана сөздерді жаттату, қайталау арқылы үйретпей, оларды ойын мен ойын технологияларын қолдану арқылы үйретемін.

Ұйымдастырылған оқу әрекеті барысында балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында мазмұнды көрнекі суреттер, кейіпкерлерді қатыстыру, әр-түрлі ойыншықтар және ойындар қолданылды. Екінші кіші тобында «Қуыршақта қонақта», «Хайуанаттар бағында», «Әжемнің үйінде қонақта» және тағы да басқа саяхат- сабақтары ойын түрінде өткізіледі. Осы іс-әрекетте балалардың сәлемдесу, танысу және заттың атауын атап үйрену арқылы тілге қызығушылықтары артады.

Ортаңғы тобында дәстүрден тыс сабақтарында «Қызықты кездесу», «Ауылда», «Кішкентай балапанның саяхаты», «Дүкенде», «Асханада» саяхат- ойындары балалардың ойлау қабілетін, ой санасын, түйсігін арттыруға себебін тигізуде.

Қазақ тіліндегі тән дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету үшін балаларға дыбыстық жаттығулары, сергіту сәттерін қолданып, қысқаша тақпақтар мен жаңылтпаштар айту әдістері жиі пайдаланылуда. Сонымен қатар балалардың санау қабілеттерін арттыру мақсатында «Бір-көп», «Тауық және балапандар» ойындары және т.б. , саусақтар моторикасының дамуын көздеу мақсатында «Қуырмаш», «Балақай», «Отбасы» сияқты ойындар ойнатылады. Мысалы: «Мына саусақ ата, мына саусақ әже, мына саусақ әке, мына саусақ ана, Мына саусақ мен. Барлығы менің-отбасым!»

Ұйымдастыру оқыту әрекетінде балаларға қонаққа Алдар көсе, ата, әже , қуыршақ Сәуле сияқты кейіпкерлер келеді. Оқу барысында балалардың ойлау және ой санасының артуына себебін тигізетін «Сиқырлы дорба», «Дүкен», «Телефон», «Кім жылдам?», «Мен бастайын, сен жалғастыр» және тағы басқа дидактикалық ойындары қолданылды, ал «Не артық?», «Үй жануарлары», «Кім қалай дыбыстайды?», «Хайуанаттар бағында», «Жеміс-жидектер», «Құстар», «Көңілді алаң» сияқты ойындар кезінде қимылды-қозғалыс ойындары ойнатылады. Осы

әдістерді пайдалану балалардың өздерін қоғамдық орындарда емін еркін ұстау нормаларын машықтанып, олардың қазақ тілінде ауызекі сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Ересектер тобында балалардың қойылған сұраққа дұрыс жауап беруіне, тілді түсінуіне көп көңіл бөлінуде. Балалардың белсенді сөздерінің сан жағынан өсуіне байланысты сабақта кем дегенде 3-6 сөздік жаттығулар енгіземін.

Мысалы, «Ойыншықтар» тақырыбында «Не бар, не жоқ?», «Ғажайып қапшық», «Балабақша», «Танысу» тақырыптарына «Қонақты қарсы алу», «Қонақты балабақшамен таныстыру» ойындары ойнатылады.

«Лото» ойынында балалардың алдында түрлі үй жануарларының немесе ойыншық түрлерінің қиынды – кубиктері таратылып беріліп, аталған заттарды жинастыру тапсырылады. Осы ойындарды қолдану балалардың заттардың атауын есте тез сақтап, олардың ой өрісінің ықтималды дамуына әсер етеді.

«Ғажайып дорба» ойынында заттардың жекелей атауларын, түр-түсін, қимыл-әрекеттерін айтқызу үшін бұл ойынды бірнеше түрде қолдануға болады. «Ыдыс-аяқ», «Киім», «Ойыншықтар», «Көкөністер» т.б тақырыптар бойынша жеке атаулармен қатар заттардың жалпылама мәнді сөзбен аталуын бекітуде де бұл ойынның мәні зор.

«Поезд» немесе «Ал, кеттік» ойынында балалар дөңгелене отырады да, топтама суреттер оларға таратылып беріледі. Бұйрық берілісімен беті теріс қаратылған карточкаларды балалар жылжыта бастайды. «Тоқта» деген белгі берілісімен қозғалыс тоқтатылып, әрбір бала алдына келген суреттің атын атайды. Бұл ойындарда балалар суретке қарап заттардың атауын атап, есте сақтау қабілеттері дамиды.

Тілді дамытуға арналған дыбыстық жаттығуларды өткізуде, балалар сөздердегі қазақ тіліндегі тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйреніп, дауыс ырғағын дамытып, тілдерін жаттықтырады.

Мысалы: Дән-дән, сән-сән, дәмді сүт, дәмді нан. Ән-ән, қамба толы дән

Әжем айтқан ән, құрып жүрген сән.

Ойын арқылы балалар қазақ тілін меңгеріп, сөздік қорын байытады және жаңа материалды жақсы қабылдап, есте сақтайды, зейіні дамиды, қызығушылығы артады.

Оқу жылының аяғында балалар оқу бағдарламасының талабына сәйкес ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгеріп, байланыстырып сөйлеуге үйренеді, қазақ тіліндегі сөздік минимумы қалыптасады.

Түрлі ойындарды өткізу сөзсіз оқу іс-әрекетін жандандырып, қызығушылығын арттырады. Осылайша ойын түрлері баланың дұрыс сөйлеуі мен тілін дамытуда жетістікке жеткізер жолдың бірі болып табылады.

«Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға» -деп, Абай атамыз айтпақшы, бүгінгі жас ұрпаққа қамқорлық жасап оларды ізгілікке, адамгершілікке, отаншылдыққа, ұлтжандылықпен мемлекеттік тілге деген құрметке тәрбиелесек қана еңбегің жемісті болмақ! Ертеңімізді бүгін ойлап, жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеумен жеткілікті білім қорын беру әр ұстаздың міндеті екенін ұмытпайық.

Әдебиеттер

1. Республикалық педагогикалық журнал // Балабақша: тәрбиелеу және оқыту 2013 ж. №1
2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты // Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту // 7.08.2013 ж. №323
3. Республикалық педагогикалық журнал // Бала мен балабақша. 2012 ж. №2

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

*Түркей Нұрсұлу Дайрабайқызы, тәрбиеші
№88 «Баян сұлу» балабақшасы, Астана қаласы*

Аңдатпа. Баяндамада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі тенденцияларын талқылау, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерінің кәсіби құзіреттіліктерін көрсете отырып, білім озық жаңашыл заманауи педагогтің рөлін насихаттау.

Кілт сөздер: Жаңашыл тәрбиеші, ақылдылығы, қайырымдылығы, мәдениеттілігі, білімділігі, кәсіби шеберлігі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеудегі заманауи педагогтің рөлі

Жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналатын, ең алғашқы, әрі негізгі саты мектеп жасына дейінгі мекемелер болып табылады. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде балалардың жеке қасиеттерінің, құзыреттіліктерінің жетілуіне негіз қалау, мектеп өміріне дайындау, күн тәртібіне және оқу ісіне бейімделуін жүзеге асыру көзделеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекемелердің көбеюінің бастау алып жатқандығы қоғамымыздың қуантарлық жаңалығы деуге болады. Бұл дегеніміз ертеңгі болашағымыз, артымыздан келе жатқан ұрпағымыздың заман талабына сай, өз жас ерекшелігіне байланысты білім алу, бойына адамгершілік сезімін сіңіру, отанға, елге, отбасына, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке ие болуы. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Білім берудің деңгейлерімен мазмұнын анықтағанда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды «үздіксіз» білім берудің бастапқы деңгейі» деп көрсеткен.

Ал, бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық дәстүр қалыптасқан, инабатты да ибалы, мейірімді, адамгершілігі мол, рухани бай азаматты тәрбиелеп өсіру – мектеп жасына дейінгі мекемелердің бірден-бір міндеті. Бұл міндеттің жүзеге асырылуына үлес қосатын тәрбиеші педагог екені белгілі. Тәрбиеші педагог өздерінің кәсіби шеберлігі, біліктілігі, құзыреттілігі арқылы баланың бойына сіңірте біледі.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі - жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістердің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себеппен де ол үнемі жинақты, таза, ұқыпты жүріп, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы әдемі, салмақты келіп,

асықпай, байыппен сөйлеуі керек. Бала еліктегіш болғандықтан, жақсыны да, жамандыда тез қабылдайды.

Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын ұйымдастырады. Ал бөбекжай мен балабақша тәрбиешісі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейді, мектепке даярлайды, отбасына көмектеседі. Тәрбиеші балалардың жақын досы болуы керек, ал еркелетуге сақтықпен қараған жөн. Бір баланы еркелету басқа балалардың қызғанышын тудырады. Дегенмен, балаларды еркелету де қажет. Тәрбиеші өз талабына ұқыпты болуы қажет. Бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. Балабақша тәрбиешісі жас ұрпақты жан-жақты дамытып тәрбие беру, оны өмірге еңбекке даярлауда педагогикалық білімді көпшілік арасына насихаттау сияқты әрі жауапты, әрі қадірлі қоғамдық міндеттер атқарады.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі- жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістердің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себеппен де ол үнемі жинақты, таза, ұқыпты жүріп, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлеуі керек. Бала еліктегіш болғандықтан, жақсыны да, жамандыда тез қабылдайды. Жаңашыл педагог Ш.А.Амонашвили тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: педагог- тәрбиеші әріптестеріне мейрімді, жылы шырайлы, ықыласты болуы керек, әріптестерімен қарым қатынас жасаудың әдебін, дауыс сарынын, жылы үнін игеру керек, әріптестерінің табысына қызғанышпен, күншілдікпен қарауға құқы жоқ, әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісуге міндетті, әріптестерінен үйренуге ұялмауы керек, әріптестеріне жоғарыдан менсінбей қарауға құқы жоқ, әріптестерінің ар-намысын, атақ-даңқын сақтауы керек, балаға байланысты отбасы құпиясының бәрін білу керек, бірақ оны ешкімге шашпауы тиіс. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс – тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін жағдай жасау яғни инноватор тәрбие дәрижесіне жету. Осы ретте тәрбиешілердің жаңа бағдарламаны тиімді пайдалануы үшін олардың кәсіби шеберліктерін шыңдап, шығармашылықпен еңбек етуіне бағыт беріп, қазіргі заман талаптарына сай инновациялық бағытта дұрыс ұйымдастыра білу – әдістемелік жұмыста үлкен ізденіс пен жауапкершілікті талап етеді.

Тәрбиешінің бойында болатын маңызды сапалары: ақылдылығы, қайырымдылығы, мәдениеттілігі, білімділігі, кәсіби шеберлігі, балаларға деген сүйіспеншілігі, тәртіптілігі, шығармашылық қабілеттілігі, белсенділігі, жан жақты қызығушылығы, ұйымдастырушылық қабілеті, бір нәрсемен шұғылдану, зиялылығы, әзіл-қалжыңға бейімділігі, басқаны тыңдай білуі, талдау жасай білу қабілеті, еңбексүйгіштігі, мейрімділігі, әділдігі, ашықтығы, шыншылдығы, әділеттілігі, әдептілігі, жақсылық жасай білуі. Тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі тәрбие жұмысының әрбір кезеңінде не істейтінін, не үшін істейтінін, қандай нәтижеге жеткісі келетін саналы, анық және дәл білуіне байланысты болмақ. Шебер тәрбиешінің бөлмелерді педагогикалық және эстетикалық талаптарға сай жабдықталуы, тәрбие жұмысына қажетті көрнекі құрадарының түгел болуы, педагогикалық мақсатқа сәйкестелінген болуы шарт. Олардың өз орнында тұруы

жемісті еңбек етуге жағдай жасайды. Шебер тәрбиешінің негізгі қасиеттерінің бірі- педагогикалық әдептілік. Педагогикалық әдептілік бала психологиясын және оның жас ерекшеліктерін жете білуді талап етеді. Әдептіліктің қайнар көзі- балаларды сүю және қадірлей білу. Педагогикалық әдептіліктің бір көрінісі – шамамен сезу қасиеті. Сонда тәрбие әдістерінің көпшілігі нәтижелі болады. Қолайлы әдісті таба білу шеберлік пен әдептіліктің көрінісі. Шеберлік үйретумен, үйренумен, өз ісіне деген сүйіспеншілікпен, тәжірибемен, жұмысқа ұқыпты қараумен саналы, ойлы еңбекпен қалыптасады.

Тәрбиеші қызметінің ерекшелігі: педагогтік әдепті игеру, ел үшін ерлікпен еңбек ету, педагогтік бедел, педагогтің артистігі, педагогтік оптимизм, кәсіби шеберлікті үнемі шыңдап отыру, т.б.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Бала мен балабақша» журналы, № 4 , 2012жыл
2. «Жалпы педагогика» . 2009ж М.Жұмабаев.
3. «Балабақша меңгерушісі мен әдіскері» журналы, № 4 , 2015 жыл .
4. Оқушылардың шығармашылығын дамыту» Ғылыми-әдістемелік журнал, №5 , 2009 ж

Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері

*Тұрысбекова Жанерке Бақытқызы
Астана қаласы, № «Баян сұлу» балабақшасы, педагог-психолог*

Аңдатпа: Мектепте оқытуға баланың психологиялық дайырлығы - мектепке дейінгі балалық шақ кезеңіндегі психикалық дамудың қорытындыларының бірі. Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Баланың психологиялық даму деңгейінде жекелей өзгешеліктер өсе түседі. Бұл өзгешеліктер мынадан көрінеді: балалар бір-бірінен ақыл-ой, адамгершілік және жекелей дамуымен ажыратылады. Олай болатын болса, балаларға психологиялық қолдау жасау білім беру мекемелерінің (балабақша, мектеп) ең негізгі міндеті болып табылады.

Кілт сөздер: Психологиялық даму, ЕҚБ, даму кезеңі, психологиялық-педагогикалық қолдау, даму сипаты мен дәрежесі.

Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі - өнегелі, жігерлі, дербестік, және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы. Егер сөйлеу, ойлау, қабылдау процестерінің дамуы қалыпты жағдайда жүрмесе баланың ой-өрісінің дамуы да кейін қалады. Бала бұл жаста өзін еркін ұстап, өз бетімен әрекет жасап үйрене алмайды, олардың дамуында жол көрсететін, өмірге бейімделуіне жағдай жасайтын адам болу керек.

Баланың 3-тен 6 жас аралығы мектепке дейінгі кезең деп есептейді. Бұл кезде бала алғышқы кезеңмен салыстырғанда тез өсіп, салмағы тез артады. Жоғары жүйке жүйесінің дамуы да жоғарылайды, бойының өсуінде де өзгерістер байқалады. Дәлел келтіре кетсем, 5 жаста 6-7 см-ге артса, 6 жаста 7-8 см-ге өссе, 7 жасында 10см-ге өседі. Баланың кеуде клеткасының өсуіне байланысты аяғы мен дене пропорциясы өзгереді. Бұлшық еттері дамиды, денесі кішкене кезеңмен салыстырғанда сымбатты бола бастайды. Қимыл қозғалысының дамуы бұлшық етінің дамуына үлкен әсерін тигізеді.

3 жасқа дейін баланың екінші сигналдық системасының дамуы психикасының дамуына өзіндік сепігін тигізеді. Өйткені бала құрбы-құрдастарымен, айналасындағы үлкен адамдармен жиі-жиі тілдік қарым-қатынаста болады, бұның өзі баланың логикалық ойлауына ерік сапасы мен есінің, қиялы мен қабылдауының, зейінінің дамуына әсер тигізеді. Соның нәтижесінде баланың алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда қоршаған ортамен қарым-қатынасы артып, жас кезеңіне тән өзіндік ерекшелігі қалыптасады.

Зеттеулерге қарағанда 3 жастан кейінгі кезең сәбилік кезеңнен мектепке дейінгі өту кезеңі деп есептеледі. Осы кезде бала заттармен өз бетінше әрекет етуге талпынады, бірақ әлі де болса үлкендер тарапынан қамқорлық күтеді. Сөйлеуі дұрыс дамып жетілуіне байланысты, сөзі анық емес, түсініксіз болады. 3 жастан жоғары қарай сөздік қоры дамып, өзінің ана тіліндегі барлық сөздерді меңгеріп, түсінеді, тілдік қарым-қатынасы жоғары сатыға көтеріледі. Ойлауы көрнекі амалдық, бейнелік болып, кейбір мәселені өздігінен шешіп ой қорытындысын шығара алады. Баланың санасының мазмұны күрделеніп, 3 жастың соңына қарай мазмұндық рөлдік ойындар ойнайды. Ал, 4 жасқа келгенде денесінің бұлшық етінің күші артып, ептілігі, икемділігі, қозғалысқа икемділігі байқалады. Доптың немесе басқа бір заттарды нысанаға лақтырып қағып алуды үйренеді, бірақ көргені мен естігенін ұзақ есінде сақтап, өз мағынасында тез жаңғыртып бере алмайды. Рөлдік ойындарын да күнделікті көріп жүргендерін ғана бейнелейді.

5 жасқа келгенде қимыл-қозғалысының нақты дамуына байланысты, жүру, жүгіру, секіру, қабырғадан өрмелеу, еңбектеу, шаңғы, шана, велосипед тебуді үйренеді. Үлкендермен еркін қарым-қатынас жасауына байланысты баланың грамматикалық сөздік қоры молайып, тәрбиешінің айтқан сөздерін жақсы түсініп, оған өзінің түсінігі бойынша жауап береді. Осы кезде тәрбиешінің тапсырмасын және қарапайым еңбек әрекеттерін де орындайды. Үлкендердің басшылығымен көптеген әдет-дағдыларды меңгеру де бала психикасының дамуына көп ықпалын тигізеді. Ертегі және әңгімедегі кейіпкерлерге өзінше баға беріп, талдау жасайды, соның нәтижесінде қиял, ойлау, есте сақтауының дамығандығын байқаймыз. Бала ұжыммен бірігіп, ойнап, еңбек әрекеттерінің нәтижесінде өзінің жасаған жұмысына эмоциялық баға беріп, эстетикалық талғамы артады. Бала 6 жасқа келгенде ерекше қарқынмен дамып, дене бітімі күрделенеді. Барлық органдарының жұмыс істеу қабілеті артады, оқу әрекетін орындағанда да, қағаз-қарындашпен де еркін әрекет ете алатын болады. 6

жасқа келгенде сөздің тура және жанама мағынасын түсінеді. Бұл жаста ойынның мазмұны күрделеніп, өмірдегі барлық шындықты бейнелеуді көздейді.

Баланың даму сипаты мен дәрежесіне қарай бір немесе бірнеше білім беру қажеттілігі анықталуы мүмкін. Балалардың ерекше білім қажеттілігі тәрбиелеудің кез келген кезеңінде пайда болады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – оқу процесі барысында баланың қолдаудың түрін, формасын, көлемін анықталған оқу қиындықтары, олардың пайда болу себептері мен механизмдері негізінде белгілеу. Оқу процесі барысында қиындықтары бар балаларды анықтау және олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау екі деңгейде жүзеге асырылады.

Айта кетейін, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «2021-2022 жылдары балалардың әл-ауқатын және жағдайын жақсартуды бағалауға үшін баланың әл-ауқаты индексі айқындалып, енгізілетін болады» деп көрсетілген. Осы құжатта сонымен қатар өмірлік қиын жағдайға тап болған балалары бар отбасыларына әлеуметтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жөніндегі орталықтар мен психологиялық қызметтер желісін жалғастырылады. Азаматтық қоғамның назарын аудару, мемлекет пен қоғамның балалардың құқықтарын қорғау саласының өзекті мәселелеріне шоғырландыру мақсатында, сондай-ақ балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін тұрақты негізде әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар іске асырылатын болады делінген. Осы ретте инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы екенін айта кету керек.

Баланың жүйке жүйесінің күшті немесе әлсіздігін өмірдегі мынадай көрсеткіштер дәлелдейді. Оның ұйқысының тыныш болуы, тез ұйықтауы немесе тыныш ұйықтай алмауы, қатты ұйықтауы сол сияқты жүйке жүйесі күшінің жылдам немесе жай қалпына келмеуінен де байқалады. Бала ашыққан кезде өзін қалай ұстайды, оны уақытымен тамақтандырып отырмаса айқайлап жылап немесе көңілсіз, әлде тыныш бола ма соған да байланысты, яғни сыртқы ортаның әсер еткен әр түрлі тітіркендіргіштеріне мидың төзімділігі тепе-теңдігі, бір қалыптылығымен де жауап қайтарады. Жүйке жүйесінің күнделікті өмірдегі негізгі көрсеткіштері ұстамдылық, тұрақтылық, тыныштық, көңіл-күй қалпының өзгеруімен және бірден жарқырап қуанып, жабырқап, қайғыруынан байқалады. Сөзі мен қимыл-қозғалысының біркелкі болмауы да осыған мысал бола алады. Жүйке жүйесінің қозғыштығының көрсеткішіне өзін қоршаған ортаға жаңаны тез қабылдап, бағдарлай алуы, өмірдегі өзгерістерге тез бейімделуі, естеліктер мен дағдыларды тез игеруі көпшілік ортада өзін еркін ұстап, жаңа ортаға тез бейімделуі, жан-жақты қабілеттілік әрекетінің бір түрден екінші түрге тез ауысуы, еске тез сақтап, қайта жаңғырта алуы, шапшаң қимылдап тез сөйлеуі де жүйке жүйесінің қызметіне

байланысты. Жүйке жүйесінің әсерлегіштігі сырттан әсер ететін тітіркендіргіштерге жауап беру қабілеттілігінен де көрінеді. Кейбір балаларды ашуланшақ, күйгелек, шыдамсыз десек, енді біреулердің қуанғаны да, ренжуі де түсініксіз дейді. Енді біреулерді икемді, етпі десек, оған қарама- қарсы ебедейсіз, олақ, бейімділігі жоқ та балалар бар. Бұл қасиет баланың сыртқы әрекеттердің әсеріне оңай бейімделе алмауынан, көп күш жұмсауынан көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана – 2009.
2. 2. Выготский Л.С. Собр. соч. Т.4. Детская психология. Москва, Педагогика, 1984.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуде инновациялық әдістерді қолдану

*Уйсинбаева А.Б., қазақ тілі мұғалімі
«Сәуле» бөбекжайы ҚМҚК
Теміртау қаласы*

Андатпа: Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр ұйымдастырылған оқыту қызметінде жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен іздеу керек. Көп жайларды зерттеп, көңілге түйіп, мәселелер төңірегінде іздену әр педагогтың міндетіне айналды. Сондықтан педагогтардың тәжірибесінде мынадай проблема тууы мүмкін: балалардың танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру, қимыл және т.б.) дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің заман талабына сай болмауы. Осы проблеманы шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет.

Балалардың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, коммуникативтік шығармашылық құзіретін дамыту. Мектеп жасына дейінгі баланың тілдік қорын дамыту, іс жүзінде ауызша сөйлей білуге үйрету.

- ✓ Қазақ тілін оқыту әдістемесін әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру.
- ✓ Мемлекеттік тілді оқытуда – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оңтайлы пайдалану.

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты. Еліміздегі барлық білім ошақтары компьютер және интерактивті тақтамен жабдықталуда. Қазіргі заманғы, ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны күннен-күнге өсуде. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер жүктелуде. Білім беру

саласында жаңа ақпараттық технологияны практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа ақпараттық технологияны меңгеру педагогтің білімін шыңдап ғана қоймай, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және тағы басқа көптеген адами келбетін қалыптастыруына ықпал жасайды.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Мектепке дейінгі мекемеде ұйымдастырылған қызметте интерактивті тақтаны пайдалану педагог мен тәрбиеленуші қарым-қатынасы жүйесін, олардың білімге деген қызығушылығының, ізденушілікке деген ынтасының, сезімінің өсуіне әсер етеді. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер педагогтың жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, ізденушілігіне байланысты.

Қазіргі таңда біздің алдымызға қойылған басты міндет-шығармашыл құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатта біз, ең бастысы, әрбір ұйымдасқан оқыту қызметін шығармашылық негізде құрып, тіл дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білуіміз керек. Сонда ғана балалардың күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, үйренуіне білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасай аламыз.

Балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету, дұрыс сөйлеу дағдыларын, сөйлеу тілінде жаттықтыру, өлеңдер мен әндерді жаттату, көркем шығармалардың өз түсінігі бойынша мазмұнын айтқызу секілді жұмыстардың маңызы зор.

Демек, баланың білімін, біліктілігін, дағдысын меңгерту, көзқарасы мен танымдық мүмкіндіктерін қалыптастыру мақсатында педагогтің ұйымдасқан қызметі барысында қолданатын құралдарын әдіс-тәсілдер дейміз. Әдіс-тәсілдер педагогтің ұйымдасқан қызметінің үстіндегі іс-әрекетінің құралы болып табылады. Әдіс-тәсілдің таңдалуы оқылатын материалға байланысты болуы керек.

Қазіргі кездегі жаңа технологиялардың бірі – балалардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде балаларға қазақ тілінен терең де тиянақты білім беруге болады. Сын тұрғысынан ойлау әдісі арқылы балалардың өз бетімен ізденіп, өзін-өзі реттей отырып диалогтік қарым-қатынас арқылы білімдерін арттырып, сандық технологияларды пайдалана білетін белсенді, білімді, саналы азаматтарды тәрбиелеуге болады. Балалар басқалардың айтқан пікірлеріне күмәнмен қарап, ой електерінен өткізе білу қабілеті болып саналады. Яғни педагогтің де, баланың да сыни тұрғыдан ойлау қабілеті арта түсетіні анық.

Бүгінгі таңда сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген ұйымдасқан қызметінде кез келген стратегиялары құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар балалардың қызғушылығын арттыра отырып, педагогтің тығырыққа

тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас, болжау, топтастыру, т.б, стратегияларын қолдану балалардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сыни тұрғыдан ойлау – қазіргі таңда Қазақстандағы білім алушы балалар үшін ең тиімді тәсіл. Балалар өздерінің ақпараттарының шынайылығына және басқалардың айтқан пікірлеріне күмәнмен қарап, ой елегінен өткізе білу қабілеті болып саналады. Сыни тұрғыдан ойлау ең маңыздысы болғандықтан, ойлай отырып мәселелерді талқылайды. Балаларға шығармашылық бағыт-бағдар бере отырып, үздіксіз іс-әрекетке жетелеу. Бұл бағдарламаны оқып, үйреніп оны өз жұмысында қолдану педагогтік кәсіптің қыр-сырына тереңдей түсуді білдіреді. Бұрын үндемей отыратын балалардың ұйымдасқан қызметке қызу араласуы. Ұйымдасқан қызметін ерекше, жаңа технология жобасымен өтуі оларға еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге, сыншыл көзқарас байқатуларына мүмкіншілік туғызады. Сын тұрғысынан ойлауға арналған әртүрлі қызықты тапсырмалар беру, топтық жұмыста белсенділігін арттыру мақсатында постерлер жасату арқылы баланың қызығушылығы артады.

Ақпараттық технологияны оқыту үдерісінде екпінді түрде енгізу бағытына қолданылатын жаңа түрдегі құрал – интерактивті тақта болып табылады. Интерактивті тақтаның келуіне байланысты оқытудың жаңаша әдісі пайда болды. Педагогтар өз ұйымдастырған қызметтерінде мейлінше интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жан-жақты ізденіп, ұйымдастырған қызметтерін қызықты, әрі тартымды, нәтижелі өткізуге тырысуда. Интерактивті тақтаның мүмкіншілігі шексіз. Оны көрнекілік ретінде қарастырсақ, ол оқу нәтижесінің сапасына оң әсер етері сөзсіз. Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Қазақ тілі ұйымдастырылған қызметтің түпкі мақсаты балаларға, қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеуге, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танытып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс – тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру. Осылардың барлығы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дәстүрлі әдістемеге қарағандағы артықшылықтарын пайдалану арқылы тіл үйренушінің білім сапасының артуына, қатысымдық құзіреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Тілдік білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тіл үйренушілерді әлемдік мәдени құндылықтарға, ақпараттық ресурстарға жақындатып алып келеді, шынайы мәдени аралық коммуникацияға жағдай жасайды. Бұл технологияның тіл үйретудегі мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты дәлелденген, тек практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мамандардың дайындығы арта түсуі қажет. Алдағы уақытта жоғары талаптарға жауап беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлері арта беретіні сөзсіз.

Ақпараттық технологияларды қолданылудың негізі – интерактивті тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Ұйымдастырылған қызметте

интерактивті тақтаны дұрыс пайдалану мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, балалардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға, нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын тұжырымдарға келулеріне көмектеседі. Сонымен қатар интерактивті тақтамен орындалатын жаттығулар балалардың білімді меңгеруін жеңілдетеді, деректерді есте сақтауға ықпал жасайды. Балалардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио – және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттырады.

Интерактивті тақтада орындалатын тапсырмалар бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты болады.

Әдіс-тәсілдердің түрі көп, бірақ оларды орынды қолдану ғана көздеген мақсатқа жеткізіп, білім сапасын арттырады.

Мемлекеттік тілді оқытып үйрету талабы тіл мамандарының алдына үлкен жауапкершілік артып отыр. Сондықтан да, қазақ тілі ұйымдасқан оқыту қызметінде мектепке дейінгі балалардың білім сапасын арттыру педагогтен шеберлікті, ізденушілікті, әр түрлі иновациялық әдіс-тәсілдерді баланың білім деңгейіне қарай тиімді қолдануды қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі . Оқыту әдістемесі. А., 2005 .
2. Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану. А.: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2, 2004. 47 б.
3. Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл
4. Бұзаубақова, Қ.Ж. (2003). Жаңа педагогикалық технология. Тараз
5. Қадашева, Қ. (2001). Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі. Алматы
6. Мирсеитова, С (1998). Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.
7. Рақышова, Г.А., Игибаева, А.К. (2006). Жаңаша оқыту- жетістік көзі.
8. Тұрғынбаева, Б. (2005). Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қазақстан мектебі, 4

Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдану

*Улмесова Гулниса Габитовна,
ортаңғы тобы тәрбиешісі
МКҚК №66 «Толағай» балабақшасы
Астана қаласы*

Андатпа: Бұл жұмысымда мектепке дейінгі тәрбие берумен оқытудағы сапалы оқыту мәселелері, тәжірибелер, және білім мазмұнын жаңарту

жағдайында білім беру жүйесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу процесінде ақпараттық инновациялық технологияларды пайдалану болып табылатындығы көрсетілген. Педагогикалық жаңа инновациялық технологияларды қолдану – балалардың білім сапасын арттырудың һәм танымын жан-жақты дамытудың басты құралы екені қарастырылған. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін тәрбиешінің оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды.

Кілт сөздер: тәрбиеші, бала, тәжірибе, инновация, ғылым, технология.

Қазіргі жаһандану үрдісіндегі ХХІ ғасырда жер шарында халық саны көбейген сайын білім-ғылымға деген құштарлық пен сұраныс арта түсіп қана қоймай, жеделденген ақпарат пен ғылымның жаңалықтары баршаны ойландырып толғандыру үстінде.

Тәрбиешілер өз іс-тәжірибелерінде әртүрлі инновациялық педагогикалық технологияларды белсенді қолданады, бұл мектепке дейінгі білім беру сапасына әсер ететіні сөзсіз.

Ойлау мәдениетін қалыптастыру, зерттеушілік мінез-құлық дағдылары мен дағдыларын дамыту үшін Савенков А.И. ұсынған әдістерді қолдануға болады[1].

Зерттеу әдісінің көмегімен (Тutorka жобасы) мектеп жасына дейінгі балалардың өздері зерттелетін заттар немесе құбылыстар туралы ақпарат алады, ал тәрбиешілер оқу процесін мүмкіндігінше тиімді етеді және мектеп жасына дейінгі балалардың табиғи қызығушылығын толығымен қанағаттандырады. Жұмыстың бұл түрі әр баланың ізденімпаздық және танымдық белсенділігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін атмосфераны құра отырып, ересек пен баланың (бірге, тең шарттарда, серіктес ретінде) жұмысында тұлғалық-бағдарлы өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Мұндай іс-әрекет барысында мектепте одан әрі оқу үшін өте маңызды, мысалы, талдау, салыстыру, жалпылау, себеп-салдар байланысын орнату сияқты әртүрлі интеллектуалдық дағдылар қалыптасады деп болжанады.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту процесін технологияландыру проблемасын қояды. Оқытудың әртүрлі технологиялары әзірленуде, білім беру мекемелерінің практикасына енгізілуде. Жаңа технологияларды игеру тәрбиешінің зияткерлік, кәсіби, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да адами қасиеттерінің қалыптасуына жағымды әсер етеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденген және іс жүзінде жақсы нәтиже береді[2].

Дәстүрлі оқыту технологиясы. Бұл технологияның негізінде топтық-сабақтық оқыту жүйесі жатыр, яғни тәрбиеші білімін баяндайды, балалардың біліктері мен дағдылары қалыптасады, балалар оларды қайталау арқылы бекітеді, сабақтың қорытындысын бағалайды.

Модульдік оқыту технологиясы. Бұл технология оқу процесін өзгертеді. Білім алушы мұнда мақсатты жеке бағдарлама бойынша толық немесе бөліп-бөліп дербес оқиды.

Жобалық оқыту технологиясы. Осы технология бойынша оқу процесінде: назардың орталығы-балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жоба бойынша жұмыста әр балаға өзінің даму деңгейін арттыруға мүмкіндік беріледі.

Осылайша, әртүрлі білім беру өзгерістерін енгізу бойынша іс-шаралар мектепке дейінгі ұйымның өзін дамытуға арналған іс-әрекет екенін есте ұстаған жөн.

Инновациялық кеңістік білім беруді дамыту жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады, ол білім беру және білім беру үдерістерінің сапасы мен тиімділігін арттырады.

Қазіргі уақытта біздің мектепке дейінгі ұйым белсенді қалыптасу және инновацияларды енгізу сатысында деп сеніммен айтуға болады.

Инновациялық технологияларды зерделей келе, педагогикалық әрекетті әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін әрекеттің дербес түрі деп, ал педагогикалық технологияны – педагогикалық мақсаттарға жетуге кепілдік беретін, алдын-ала жобаланған, оқу-тәрбие үрдісі бірізді жүзеге асатын жүйе деп түсінгеніміз жөн.

Бүкіл оқыту барысында оның әртүрлі жақтарын қамтамасыз ететіндей бір мезетте бірнеше әдіс қолдану керектігіне тәрбиеші назар аударуы қажет. Оқытудың әдіс-тәсілдерінің бір ерекшелігі – оның білімді меңгертуде, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерін: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл ж.т.б) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы танытуға, сондай-ақ жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас жасау, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға: белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілде) дамытуға бағытталуында.

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайын кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі. Келешек - ел басқарар, жер - суына иелік етер, ел - халқын гүлденетер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя – балабақша. «Аулына қарап, азаматын таны», дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иманжүзді, білімді азамат болып өсуі, ең алдымен, ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша - бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамидықұнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан балабақша-баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту. Оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-

педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

Жаңа технология үрдісінің талабы- балаға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету. Біздің балабақшамыздың негізгі мақсаты- балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы, денсаулығы мен физиологиялық дамуын қорғау және нығайту.

Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен жол атқарады, яғни балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. «Балабақша үйіміз, әдемілікті сүйеміз» - деген ұранымызбен, балаларды айналамен таныстырып, оларға экологиялық тәрбие беру болып табылады. Баланың өз туған өлкесінің табиғатын сүйеге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету.

21 ғасырда оқытудың жаңа әдістерін іздестіру ерекшелігі бар, бірақ іс жүзінде әдістер бұрынғыдай, дәстүрлі болып қала береді. Олар негізінде технологияларды енгізу есебінен өзгертіліп, толықтырылып отырады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы идеялар алдыңғы ұрпақ педагогтары бұрыннан белгілі идеялармен тығыз байланысты. Оқытудың дәстүрлі және инновациялық үлгілерін біріктіру маңызды. Осылайша, оқу процесі тиімді және өнімді болып қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. (оқулық) Тараз. ТарМУ, 2003ж. - 12 бет.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі.- астана. 2017 ж. – 214 б.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Усаева Р.С.

КМҚК «Колокольчик» б/ж балабақшасы

Аннотация: Мақалада әдіснамалық және теориялық негіздерді ескере отырып жасалған мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық әдістемелік қызметті дамытудың авторлық моделі ұсынылған. Модель мақсатты, мазмұнды, ұйымдастырушылық және нәтижелі компоненттерді қамтиды. Модельдің таңдалған компоненттерінің әрқайсысының мазмұнды сипаттамасы берілген. **Түйінді сөздер:** инновация, инновациялық қызмет, инновациялық әдістемелік қызмет, инновациялық әдістемелік қызметті дамыту моделі, модель компоненттері: мақсатты, мазмұнды, ұйымдастырушылық-белсенді және нәтижелі.

Қазіргі кезеңде білім және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан кезде мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру мазмұнын жаңарту, баланың жеке басын дамыту, өскелең ұрпақтың білімі мен тәрбиесін жаңа сапалы деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің бірінші кезеңі ретінде өзгермелі өмірге сәтті бейімделе алатын өскелең ұрпақтың қалыптасуы мен дамуына жағдай жасайды. Ғалымдардың көпжылдық зерттеулері адамның интеллектінің, жеке, әлеуметтік және эмоционалдық дамуында мектепке дейінгі жас маңызды екенін дәлелдеді. Қазіргі уақытта егемен елдің білім беру саласы әлемдік білім беру кеңістігіне кіру және нәтижеге бағытталған білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асыру сияқты үлкен жауапты өзгерістерге бағытталған.

Педагогикалық парадигма-бұл модель-Стандарт, белгілі бір топтарда қалыптасқан педагогикалық міндеттерге үйреншікті көзқарас. Алайда, танымал модель Стандарт болып табылады және көзқарастарға күмән келтірсе де, педагогика ғылымы мен практикасында фактілер қолданылады. Педагогикалық парадигма қосарланған функцияны орындайды: бір жағынан, педагогика ғылымға ғылыми мәселелерді шешуді жеңілдетеді, ал екінші жағынан, педагогикалық шығармашылық проблемаларды өңдеуді тоқтата отырып, жаңа идеяларды қабылдауға кедергі келтіретін мәселелерді шешуге ықпал етеді. Білім беру бағдарламасын жаңарту қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуының негізгі факторларының бірі ретінде тұлғаға бағдарлануы, адамгершілік білім беру кеңістігіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтар ескерілуі тиіс, білім беру бағдарламаларының мазмұны білім берудің әрбір сатысы мен жасына сәйкес тәрбиеленушілердің заманауи талаптары деңгейінде білімді, іскерлікті, дағдыларды қалыптастыруға бағдарлануы, мазмұнын жаңартуға бағдарлануы тиіс жеке тұлғаны қалыптастырудағы білім және әлемдік мәдениеттің интеграциясы.

Білім беру мазмұнын жаңартуда ұсынылған тұжырымдар мен ұстанымдар, жаңа парадигмалар мектепке дейінгі ұйымдарға өз қалауы бойынша жалпы және қосымша білім беруде тәрбие мен оқыту бағдарламаларын мақсатына, міндеттеріне сәйкес таңдауға, баламалы және авторлық бағдарламаларды, арнайы курстарды, оқу-әдістемелік кешендерді дайындауда барлық халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты сақтауға, ұлтын, дінін анықтауға мүмкіндік береді, мен әлеуметтік жағдайға деген дүниетанымдық көзқарастың алуан түрлілігіне қарамастан, оны таңдауға құқығы бар деп тұжырымдаймын, өз пікірін білдіруде басшылыққа алу, дәлелдеу.

Балабақшадағы тәрбие ойынының бағыттары

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты - жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу, ой-өрісін, санасын кеңейту, өмірге қажетті білім-дағдыларға үйрету.

Ұлы педагог А.С. Макаренко айтқандай, ойын баланың өмірінде үлкен маңызға ие, ересектер үшін жұмыс, белсенділік маңызды, балалар үшін ойын

маңызды. Сондықтан болашақ қайраткерді таныстыру алдымен ойында жүзеге асырылады. Ойын барысында бала жан-жақты білім алады, табиғи әрекет, көптеген ақпарат алады. Балалық шақ-қызықты ел. Бұл елде бәрі болып жатыр. Ал сізде Қорған болмаған кезде сіз күшті боласыз, қызықсыз және қызықсыз нәрселер көңілді және қызықты болады. Бұл елде әр бала өзінің жаман қылықтарын жеңе алады, айналасын өте әдемі, таңқаларлық ашық және қызықты етеді. "Менімен ойна" - бұл біз балалардан жиі еститін нәрсе. Бір минут, біз ойнауға келісеміз Қасқыр, дәрігер. Егер біз дүкенші болып ойнасақ, бала қуанады.

Балалар қиялдау арқылы әртүрлі ойындар жасайды. Ойын арқылы шығармашылық ойлау, балалардың қиялы шарықтау шегіне жетеді. Білім беру және білім беру ойындары, бұл ойындар баланың өмірін сақтап қалатынын есте ұстаған жөн. Әдемі, ақылды, дені сау баланы көру-әрқайсымыздың арманымыз. Балаларды тәрбиелеу-күрделі және жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшауланған емес. Ол фокуспен, қоғамның тынысымен, уақытпен бірге жүреді. Осыған байланысты кез-келген нәресте үшін бала тәрбиесі балалардың одан әрі дамуы мен тәрбиесіне ықпал ететіні сөзсіз.

Балабақша тәрбиеленушілерінің танымдық қызметін қалыптастырудағы негізгі қызмет ойын әрекеті болып табылады. Баланың саналы, мәдени, адамгершілікке айналуы, жан-жақты дамуы, тілін дамытуы, сөз байласуы және қоршаған өмір құбылысын түсінуі үшін.

Көрнекті мұғалім А.С. Макаренко ойынның баланың әртүрлі қасиеттерін, қабілеттері мен белсенділігін қалай көрсететінін айтады: "ойындағы бала неғұрлым көп болса, ол өмірдегі кәсіби қызмет саласында жиі кездеседі". Сондықтан адамды болашаққа тәрбиелеу-ең алдымен ойын арқылы. Ойын-бұл балалардың айналасындағыларды білу және білу тәсілі. Ойын әрекетінің әлеуметтік сипаты баланың әлеуметтік өмір сүруіне байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап басқалармен қарым-қатынасты ұмытып кетеді, соның арқасында жаратылыс құралы, күш күші біртіндеп тілді игереді.

Ойын-баланың негізгі қызметі. Ойын барысында бөлме теңізде де, авиацияда да болуы мүмкін. Ойын кезінде балалар тыныш отыра алмайды. Тіпті бір бала сөйлеседі.. Сондықтан ойын барысында қарым-қатынас үлгісі қалыптасады.

Ойын-бұл балалар өмірінің қоректік негізі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті шарты және олардың көру, есту, сенсорлық қабілеттерін, халықтың әдет-ғұрыптарын зерттеуде, табиғи құбылыстарды білуде зейіні мен тапқырлығын дамытады. "Адам өркениетті болуы үшін ол балалық шақтан аман қалуы керек, егер ойын мен ойын - сауыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгі жабайы болып қала береді", - деді К. Чуковский. ол балалар ағзасының дамуы мен дамуы ойынға тікелей байланысты екенін атап өтті. Ойын баланың физиологиясын дамытуда ғана емес, оның тілін дамытуда да үлкен рөл атқарады. Ойынның әр түрінің өзіндік мақсаты-міндеті, бағыты бар. Сондықтан мен оқу-тәрбие процесінде әртүрлі ойындар арқылы баланың жан-жақты дамуына ерекше назар аударамын және бұл менің басты

міндетім. Тәрбиешінің басты міндеті-мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту ісінде жаңа сөздерді игеру; зерттелген сөздерді бекіту, анықтау және байыту.

Әдебиеттер тізімі

1. Гуров в. педагогтың инновациялық қызметі // Қосымша білім беру және тәрбие. № 2. 2008. С. 9-15.
2. Дуранов М. Е. кәсіби-педагогикалық қызмет және оған зерттеушілік көзқарас. Челябинск: ЧГАКИ, 2002. 276 Б.
3. Калачикова о. н. педагогтардың инновациялық қызметке кіру мазмұны мен кезеңдерін зерттеу // Томск мемлекеттік университетінің хабаршысы, № 316. 2008. С. 174-177.
4. Молчанов с. г. мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі // білім сапасын басқарудың өзекті мәселелері : Сб. ғылым. мақалалар. Т. 6. 2001. 136с.
5. Сластенин В.А., Подымова Л.С. педагогтың инновациялық қызметке дайындығы // Сібір педагогикалық журналы, №1. 2007. С. 42-49.

5-6 жастағы балалардағы коммуникативті-тілдік құзіреттілігінің дамуы

*Ускенбаева Н.А., тәрбиешісі
ЖШС «High Up» «Зерек бала» балабақшасы
Астана қ.*

Мектепалды даярлық сыныбында балалардың жеке басын қалыптастыруда ой-өрісі мен сөйлеу ерекше рөл атқарады. Мектепалды даярлық сыныбында балалардың ойлау қабілетінің дамуы ойын іс-әрекетке негізделеді. Мектеп жасына дейінгі балалар ойын іс-әрекетінің арқасында білім мен тәжірибе алады. Ойлану, сөйлеу, іс-қимыл, танысу, қарым-қатынас, спорт, өнер, тәрбие, көңіл күй.

Мектепалды даярлық сынып балаларының ойлау процесі өй-өрісі мен сөйлеу дағдыларының қалыптастыруна үлкен әсер етеді. Сөйлеу баланың қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу қажеттілігінен туындайды, содан кейін ол ойлау функцияларына барады. Мектеп жасына дейінгі баланың белсенді сөйлеуін қалыптастыру ойлауды дамыту жағдайларын тез өзгертеді.

Мектепалды даярлық тобындағы тәрбиеленушілерді ұлттық ойын арқылы ойлау қабілетін арттыру. 5-6 жаста сюжеттік-рөлдік ойындар өзінің кемеліне жетіп, толысады. Балалардың сомдауы арқылы жасалған адамдар арасындағы қарым-қатынас ойынның негізгі мазмұнын құрайды. Балалар 3-4 адамнан құралған тұрақты ойын бірлестігін құрады. Рөлдік ойындарда бала сомдап тұрған кейіпкерінің атынан басқа кейіпкерлермен сөйлеседі. Осылайша, баланың мазмұнды сөйлеу тілі қалыптасады, рөлдік қарым-қатынастардың мәні ашылады. Қойылымдағы 13 қимыл-әрекеттер ықшамдалып, баланы жалықтырмайтындай қысқа, рет-ретімен, орынды қойылып, сюжеттің

мазмұны ашылатындай болуы керек. Осы жастағы балаларға не жайлы ойнағандықтарын білуге ұмтылу тән. Ертегі, кино, мультфильмдерден көріністер, ең бастысы, қоғамдық сюжеттер ойында басты орын алады. Осы кезеңнің маңызды жаңалығы – мінез-құлық еркіндігі. Барлық психикалық процестер (қарапайымнан күрделіге дейін), қатынас жасай білу мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті – ойын арқылы дамиды. Мысалы, ойында бала белгілі бір рөл атқара отырып, ойын міндетіне барлық өзінің тезаралық, импульсивті әрекеттерін бағындырады. Ойын барысында бала, ересектердің тікелей тапсырмасын орындағаннан гөрі, зейіндерін жылдамырақ шоғырландырады, көбірек есте сақтайды. Балалармен ойнай отырып, олардың талап-тілектерін ескереді, келіспеушіліктерді шешеді, жаңа жоспар құрады және оны іске асырады, яғни қатынас жасай білуге үйренеді. Ауыстырғыш заттармен ойнай отырып, шартты кеңістікті көз алдына ойша елестетеді. Көз алдына елестетін кеңістіктегі әрекет практикасы шығармашыл қиялды дамытуға мүмкіндік жасайды. Бұл кезеңнің жаңа құрылымы – мінез-құлықтың жаңа маңызды еркін түрі: мінез-құлықта импульсивтік және ашықтық пайда болады. Бұл кезеңде өзін-өзі еркін ұстай білу дағдысы әлі де қалыптасу сатысында болады. Алғаш рет «өзін қалай ұстау керек?» деген сұрақ туады. Бала санасында өз әрекетін реттеп отыратын өзін-өзі ұстау тәртібінің үлгісі құрылады. Сол үлгі арқылы бала өз әрекетін реттеп отырады. Өз мүмкіншіліктерін, нені істей алатындығы мен істей алмайтындығын сезеді, өзгелермен қарым-қатынаста өз орнын біледі, өз әрекетін ғана емес, ішкі жан күйінің тербелістерін (қуаныш, реніш, қобалжу, толқу т.б.) де сезінеді, ересектердің талаптарын түсініп, өз пікіріне сай келсе, саналы түрде орындай алады. Психологтардың пайымдауынша, бес жастан кейін олармен «келісуге», тапсырмалар беруге, оларды жаңа іспен қызықтыруға болады. Дәл осы кезеңде өзін-өзі ұстаудағы еркіндік бала психикасының дамуы мен жан дүниесінің қалыптасуының көзі болып табылады. Жалпы, бұл құбылысты сыртқы мінез-құлқын анықтай бастайтын баланың ішкі психикалық жан-дүниесі, ойындағы әрекеттер жоспары деп тануға болады. Бұл кезеңде баланың қоршаған әлемді түсінуге талпынысы артады және әлем туралы алғашқы түсінігінің жобасы пайда болады. Алайда көрнекі-бейнелі ойлау - ойлау қабілетінің кең тараған түрі. Ол тікелей затқа емес, сол заттың бейнесі мен баланың зат туралы түсінігіне бағытталған. Демек, ойын – ойлау қабілетінің маңызды шарты, ойын арқылы балада бір затты екінші зат арқылы елестете білу дағдысы қалыптасады. Жаңа бейне жасау мүмкіншілігі туады. Бұл мақсатты осы кезеңнің маңызды құрылымдарының бірі – елестету арқылы іске асырады. Балада 5-6 жаста сөздік-қисынды ойлау қабілетінің күрт дамуы байқалады. Сол арқылы көзге көрінбейтін заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты түсіну қабілеті қалыптасып, өзі қолымен ұстап, көруге болмайтын заттар мен құбылыстардың байланысын бақылауына, түсінуіне мүмкіншілік туады. Баланың сөйлеу тілінің қалыпты (уақытында және дұрыс) дамуы оған үнемі жаңа ұғымдарды меңгеруге, білім қоры мен қоршаған орта туралы елесті кеңейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, сөйлеу тілі, оның дамуы ойлаудың

дамуымен өте тығыз байланыста болады. Әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, үлестірме карточкалармен көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады. Орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский: "Бала табиғаты үнемі көрнекілікті талап етіп отырады", - дей келе, күнбе-күн көрнекілікпен жұмыс істеудің жақсы нәтиже беретінін айтады. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, болашақ ұрпақтың танымдылық белсенділігін дамыту ақыл-ой тәрбиесінің бір түрі. Ақыл-ой тәрбиесінің бұл аспектісі баланың ойлау операциясының, танымдық процестерінің және қабілетінің дамуына тікелей байланысты. 6-7 жастағы баланы оқу-тәрбие процесінде дамыту мәселесіндегі басты рөлді ең алдымен баланың өздігімен әрекеті және танымдық белсенділігі атқарады. Белгілі ғалымдар С.Л.Рубинштейн, Д.П.Годовикова, Т.А.Куликова, А.И.Сорокинаның еңбектерінде 6-7 жастағы балалардың білуге құштарлығының, танымдық қызығушылығының, коммуникативтік сұрақтары, түрткісінің дамуын танымдық белсенділігінің көрсеткіштері ретінде атаған. 6-7 жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту мектепке дейінгі ұйымдардағы педогогтардың ұйымдастыру шеберлігімен тікелей байланысты. Сондықтан, тәрбиеші-педогог мамандарына түпкілікті білім берумен қатар, кәсіби іс-әрекетінің ғылыми негіздерін практикада қолдануға, практикалық біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Ең басты талап баланың бақыты мен тағдырына жауапкершілікпен қарап, дене, физиологиялық, психологиялық даму заңдылықтарын түсіну қажет. 6-7 жастағы балалардың психологиялық ерекшелігі қоршаған ортадағы дүниені танып білсем деген қызығушылығы басым болып келеді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – тіл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыра отырып, тілдің дыбыстық мәдениетін жетілдіру, сөздерді үйрете отырып, сөздік қорларын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Демек, 5 жастағы бала барлық тіл дыбыстарын толық меңгеріп, тілдік белсенділігі артатыны бала тілінің дамуын зерттеген ғалымдардың еңбектерінен белгілі. Бұл балаларды сөзді дыбыстау мәдениетіне мектепке дейінгі кезеңде тәрбиелеу қажеттігін айғақтайды. Сонымен қорыта келгенде, баланы дер кезінде дұрыс сөйлеуге үйретпесе, онда бала өмір бойы анық сөйлеп, ойын дұрыс айта алмауы ықтимал. Ауызша сөйлеуінің өз деңгейінде жетілмеуі жазбаша тілдің дамуына кері әсерін тигізеді. Тіл кемістігі бар балалардың жалпы мектеп жағдайында оқу мен жазуды толығымен меңгеруге мүмкіндігі болмайды.

Қолданылған әдебиет

1. Батаршев Л.В. Организаторские и коммуникативные качества личности. Таллинн: ЦИСТ, 1998
2. Эльконин Д.Б. «Игра, ее место и роль в жизни и развитие детей», «Дошкольное воспитание» №5, 1976 г.

Мектеп жасына дейінгі балаларда ұсақ қол моторикасын дамытудың маңызы

*Тулесова М.А., тәрбиеші
әкімдігінің №59 «Аққанат» балабақшасы
Астана қаласы*

Андатпа: Соңғы жылдары «Нейрогимнастика» термині жиі қолданысқа ие. Мұндағы «нейро» сөзі – жүйке жүйесі деген мағынаны беретін болса, гимнастика – жаттығу ұғымымен пара-пар түсінік. Олай болса, нейрогимнастика дегеніміз - бұл миға жасалатын жаттығу. Біз күнделікті өмірде қол-аяғымызды сермеп, қарапайым дене жаттығуларын жасаймыз. Біраз уақыт белсенді қозғалыс болмаса, денеміз құрысып-тырысып қалады. Дәл сол сияқты, миды да белсенді «қозғалтып», жақсы жұмыс істеуі үшін қарапайым ми жаттығуларын жасап тұрған абзал.

Себебі, байқап отырсақ, қазіргі кездің балаларында жалпы моторлық артта қалушық байқалады екен. Тіпті қазіргі балабақшадағы балалардың ешбірінде баулы аяқ киім кездеспейді. Бау байлауды үйрету ата-анаға да, тәрбиеші ге де қиындық туғызатын болса керек. Осыдан 20 жыл бұрын ата-аналарға, олармен қоса олардың балаларына көп нәрсені қолмен жасауға тура келді: кір жуу, тоқу, тігу т.б. Ал қазіргі кезде осының бәрін жасайтын автоматты машиналар.

Кілт сөздер: Саусақ ойындары, сөздік қор, мектеп жасына дейінгі бала, ұсақ моторика, ойын, жаттығу.

Жалпы моториканың дамуының аздығын, соның ішінде қол қимылының аздық себебін зерттей келе қазіргі заманғы барлық баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің дамуында бір ақау бар екендігі анықталды. Олай болса, егер баланың тілінің дамуында ақау байқалса, баланың мінез-құлқында енжарлық байқалса, кейде ақыл-ой дамуы кешеуілдеп жатса, онда баланың ұсақ қол саусақ моторикасы дұрыс жұмыс істеп жатқан жоқ деген сөз.

Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Егер 4 - 5 жастағы бала аяқ киімінің бауын байлаудан қиналса, ал, ермексаздан тек шар мен ұзынша жабыстырма ғана жасай алатын болса, 6 жаста тиек тігу – бала үшін орындалмас қиын іс болып көрінсе, онда баланың ұсақ қол саусақтарының проблемасы бар деп айтуға болды. Өкінішке орай көп ата-ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарандашпен жазып үйренуі бала үшін аса қиындық туғызып, оқуға қызығушылық жоғалады.

Көптеген жаңашыл зерттеушілер ұсақ қол саусақ моторикасын дамытуға байланысты саусақ ойындарын, сергіту сәттеріндегі қол саусақтарының белсенділігін, ойында, ертегілерде қол саусақ қозғалыстарын пайдалануды ұсынады Т.А. Ткаченко сергіту сәтіне жаттығу енгізу бас миының сөйлеу зонасының қимылын белсендіреді, ол баланың сөйлеу тілін түзетуге мүмкіндік

береді деп тұжырым жасаған. В.А.Сухомлинский «балалардың қабілеттері мен дарындылығының бұлағы – олардың саусақ ұшында. Неғұрлым бала қолының қозғалысында ширақтылық болса, соғұрлым қолының еңбек қаруымен өзара іс-қимылы жіңішкерек болады, бала ақыл-ойының шығармашылық сұрапылдығы көрнекті болады. Ал бала қолында шеберлік көбірек болса, бала ақылды болады...» деп жазған. Сол сияқты, өз заманында әйгілі философ Аристотель: «Адамның қолы - құралдардың құралы», - десе, неміс философы Иммануил Кант: «Қол - адамның сыртқы миы іспеттес», - деп қолдың ұсақ моторикасын дамытудың қаншалықты маңызды екенін айтып кеткен екен.

Олай болса, ұсақ қол саусақтар қозғалысы миға жаттығу ретінде пайдасы өте зор. Нейрожаттығулар мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының үйлесімді жұмыс істеуін жақсартады. Ұсақ және ірі моториканы дамытады. Ақпаратты тез қабылдап, анализ жасап, дұрыс қорытынды жасай алуға көмектеседі. Зейінді шоғырландырады. Есте сақтау қабілетін арттырады. Оқу және жазу процесстерін жеңілдетеді. Мидың жұмыс істеу өнімділігін арттырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өмірлік тәжірибелерді меңгеруі мен өзіне қызмет етуі – бала дамуының басты бағдары. Бала өмірінің алғашқы жылдарында бала дамуын басшылыққа алып, арнайы іс-шаралар ұйымдастыру арқылы бала дамуындағы көптеген жетістіктерге қол жеткізуге болады. Осы орайда баланың ақыл-ойы мен сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма- жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл- ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан- жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады.

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету - тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді талап етеді.

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу. Қозғалыс - әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау - балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалармен ұсақ қол саусақтарына байланысты ойындарды, нейрожаттығуларды ерте жаста, бір жарым жастан бастаса да болады.

Мектепке дейінгі балалық шақта заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасындағы байланыстар мен қатынастарды бөлу мен пайдалануды талап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді шешуі – ойын арқылы жүзеге асады. Ойында, сурет салуда, құрастыруда, жапсыруда, оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бала үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Балалар саздың ылғалдық дәрежесі мен оның жапсыруға бейімділігін, құрылым формасы мен оның орнықтылығын, допты соққан күш пен оның еденнен жоғары секіру күшінің дәрежесі арасындағы т.б. байланыстарды табады және пайдаланады. Дамып отыратын ойлау балаларға өздерінің іс-әрекеттерінің нәтижелерін алдын ала көріп, жоспарлауға мүмкіндік береді.



Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуін, тапсырманы орындауда қиындыққа кездесе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек.

Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады.

Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете отырып және оны белсендіріп көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Саусақтармен сурет салу.

Бала саусақтарын гуашьқа батырып, қағаз бетіне нүктелер мен дақтар түсіру арқылы сурет салады. әр саусаққа әр түрлі түсті бояу алынады.

Екі қолмен сурет салу. Екі бірдей сызықты оң және сол қолымен жүргізе отырып, нүктелер арасын қосады.



Фотокөшірме

Баланың іс-әрекетінің жемісті түрлері саналатын сурет салу мен құрастыру мектепке дейінгі балалық шақтың түрлі кезеңдерінде ойынмен тығыз байланысты. Мәселен, сурет сала отырып бала қандай да бір сюжетті ойнайды.

«Саусақтар сәлемдеседі» - оң қолдың басбармағының ұшын кезек-кезек сұқ саусаққа, орта саусаққа, аты жоқ саусаққа және шынашаққа тигізесіз. Алдымен оң қолдың саусақтарымен амандасып, сосын бір мезгілде екі қолдың да саусақтарымен амандасуы керек.

«Кішкене адам» - қолдың (кейін сол қолдың да) сұқ саусағымен орта саусағы үстел үстіне жүгіреді.

«Кішкентай піл» - (орта саусақ алға қарай шығыңқы – тұмсығы, ал сұқ саусақ пен аты жоқ саусақ - аяқтар) үстел үстімен жүреді.

«Сона» - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мезгілде осы қимылды (сона) жасау керек.

«Ағаштардың тамырлары» - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген.

«Ағаштар» - екі қолдың алақанын өзіңе қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек.

«Көзілдірік» - қолдардың бас бармақ пен сұқ саусақтарынан екі дөңгелек жасап, оларды қосу керек.


Астық жинау ойыны. Балаларға астықты, дәнді дақылдардың аз ғана көлемін араластырып берген соң, ол дәндерді бір-бірінен ажыратып бөліп алуды ұсынады. Бұл, әлбетте, қол саусақтарының ұсақ әрекеттерін талап етеді.

Саусақ қуыршақ ойындары. Егер бала қандай да бір саусақ ойынын жетік меңгерсе, онда ол міндетті түрде бір көрініске не өлеңге жаңа бір сахналау ойлап табуға тырысады. Бір жастан екі жасқа дейінгі балалар бір қолмен ойналатын саусақ ойындарын жақсы қабылдайды. Үш жастағы балалар екі қолмен ойналатын саусақ ойындарын игере алады. Мысалы, бір қол үйшік те, екінші қол үйге жүгіріп келе жатқан мысық болуы мүмкін. 4 - 5 жастағы балалар белгілі бір көріністі саусақ арқылы сахналай алады.

Бір жастан асқан балалар үшін – саусақ бассейні әдістемесі өте пайдалы. Бір ыдысқа 1 кг бұршақты немесе фасольді төгеміз де ішіне баланы қызықтыратын бір ойыншықты көміп қоямыз. Сондан соң оны тауып беруін өтінеміз. Бұл қызықтыру жаттығуы кезінде баладан алыстап кетпеңіз. Себебі ұсақ нәрселерді аузына салып алу қаупі бар.

Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау ойыны – балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Бұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады.

Сіріңке шырпыларымен түрлі өрнек жасау ойыны.



В.В. Цвынтарный ұсақ қол моторикасын дамытуға есептеу таяқшалар мен сіріңкемен жұмыстар жасатудың әсері мол деген көзқарас білдіреді. Осы сияқты әртүрлі ойындар – мектеп жасына дейінгі балалардың тұтас психикалық дамуын қатар алып жүреді.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балаларда ұсақ қол саусақ моторикасын дамытуға байланысты көптеген тапсырмалар мен ойын түрлерін қолдануға болады. Оларды нақты мысалдармен сипаттап кетейік:

- Қолмен ермексазды жұмсарту;
- Әр саусақпен тасты, маймақты, шарикті айналдыру;
- Алақандарды жұмып ойын ойнау (таңертең тұрдық – ашылу, кешке ұйықтадық - жабылу);
- Жұмсақ жұдырық жасау, тез ашу, қатты жұдырық жасау, саусақтарын тез ашу;

- Қолдың екі саусақтарымен үстелде «Жүру», алдымен ақырын, содан кейін тез жүгіріп келу. Жаттығуды алдымен оң қолмен, содан кейін сол қолмен жасау;

- Жеке бір саусақты көрсету, содан соң екеуін ары қарай үш, төрт, бес саусағын көрсету;

- Барлық қолдың саусақ ұштарымен үстелді соғу – жаңбыр жауды;

- Ауада саусақтарын былғау;

- Қолдың басымен фонарик жасау;

- Қол соғу: ақырын, қатты, әр түрлі әрекетте қол соғу;

- Барлық саусақты бірге жинау (саусақтар жиналды - қашты)

- Жуан жіпке түймелер, шарлар, мойыншақтар кигізу;

- Түрлі түсті жіңішке сымды катушкаға орап, өзінің саусағына арнап сақина жасау;

- Қалың арқан, жіп ұштарын байлау;

- Түймелерді, ілгіш, замок, қақпақтарды жабу, механикалық ойыншықтарды кілтпен жүргізу;

- Болттар мен гайкаларды бұрау;

- Ауада сурет салу;

- Құммен, сумен, ұнмен ойнау;

- Сурет салу, бояу, штрихтау (қаламмен, қарындашпен, бормен, түрлі-түсті бояу, гуашьпен, көмірмен, түрлі-түсті борлар және т.б.)

Ойша бейнелермен іс-әрекет жасай отырып, бала заттармен жасалатын нақты іс-әрекетпен оның нәтижесін көз алдына елестетеді және осы жолмен өзінің алдында тұрған міндетті шешеді.

Ойын жағдайлары мен ондағы іс-әрекеттер мектепке дейінгі шақтағы баланың ақыл-ой әрекетінің дамуына үнемі әсер етеді. Ойында бала заттың баламасымен іс-әрекет жасауға үйренеді. Ол балама затқа ойынға сәйкес ат қояды және осы затқа әрекет етеді. Балама зат ойлау тірегі болады. Балама затпен іс-әрекет ету кезінде бала сол зат жөнінде ойлауды үйренеді. Сонымен, ойын едәуір дәрежеде баланың ұғым тұрғысынан ойлауға көшуіне көмектеседі. Ойын тілдің дамуына өте зор ықпал тигізетіні даусыз. Ойын жайындағы балалардың шынайы өзара қарым-қатынастарының қалыптасатыны да байқалады.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Сондықтан, тәрбишілер балабақшада саусақ ойындарын сергіту жаттығуларына, ертеңгілік жаттығуларға, барлық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеттері үстінде үнемі пайдаланып отыру қажет. Нәтижесінде балалардың тілі, қимыл, қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамыды.

1. Никитина, А.В. Нетрадиционные техники рисования в детском саду. Планирование, конспекты занятий: Пособие для воспитателей и заинтересованных родителей / А.В. Никитина. – СПб.: Каро, 2014. – 96 с.
2. Жұмабекова Ф.Н.. «Мектепкедейінгі педагогика». Астана, - 2012жыл.
3. Мордашова О. Окно возможностей для вашего ребенка. Серия. Секреты умных родителей. Изд.: АСТ, 2023 г. ISBN 978-5-17-158421-4
4. Ахмадуллина А.А. Нейрогимнастика. Букварь-тренажер. Изд.: Нева. – 2022 ., ISBN 9785604278284

Сиқырлы магниттің сыры

*Ф. Толыбаева, тәрбиеші
«Сиқырлы магниттің сыры»
Ересек «Ертөстік» тобы
№3 «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасы*

Сиқырлы магниттің сыры Ересек топ «Ертөстік»

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыны қалыптастыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Қоршаған орта

Кіріктірілген іс-әрекеттер: Құрастыру, Сөйлеуді дамыту, Дене шынықтыру.

Мақсаты: Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын, танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру. Материалды ескере отырып заттарды танып-білуге, қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытуға дағдыландыру .

Әдіс-тәсілдер:

Көректі ресурстар: магнитті таяқша, магнитті фишкалар, магнитті темір ойыншықтар, магнитті

Барысы


Балалар, қараңдаршы мына зат маған қарай қозғалып келе жатыр.

Неліктен екен? Білгілері □ келе ме?

Менің қолымдағы жәй таяқша емес, ол сиқырлы таяқша. Ол магнит деп аталады. Магнит металдарды өзіне қарай тартады немесе өзінен тебеді, итереді. Оның оң және теріс өрісі болады. Оң өріс теріс өрісті тартады, оң өрісті тебеді, итереді.

Қане бұл тәжірибені «Кім тез жетеді?» деген ойын ойнап білейік.

Магнитке жабыстырылған күшік- сүйекке, Қоян – сәбізге, Кірпі – алмаға, Тышқан – ірімшікке қарай жақындап бару керек. Егер жақындамай қашып жатса онда екеуі де оң өріс немесе екеуі де теріс өріс болғаны.



Керемет! Магниттің сиқырлары көп екен. Енді магнит неге жабысады, не нәрсеге жабыспайтынын білу үшін «Магнитке жабысатын заттарды тап» ойынын ойнайық.

Балалар, магниттің осы қасиетін білу үшін «Автомобильдер жарысы» ойынын ойнайық. Балалар магниттің оң өрісімен сол өрістерін ажыратады. Машиналарын жарыстырады.

Ортаға ыдысқа әр түрлі заттар(скрепка, қақпақ, тиын, түйме, қаңылтыр ыдыстар, кілт, темір баулар, мата, резина заттар қойылады. Балалар таңдаған заттарын алып, жинайды. Соңында қандай заттар жабыспай қалғанын біледі. Балалар магниттің сиқыры көп екен. Тағы да сиқыр көргілерің келе ме?

Тәжірибе: Мына жерде не көріп тұрсындар. Я енді мен осы құмның ішінен заттарды қолымды тигізбей ақ заттарды алып шығамын.

Ендеше алдарындағы ыдыстарға құмдарды құйып, ішіне скрепкаларды салып, магнитті таяқшамен іздеп көріңдер, енді скрепка көріндіме? Сендерге зерттеу ұнадыма? Енді судың ішіндегі заттарды магнит тартадыма? Соны зерттеп көрейік. Су толы ыдыстарға заттарды салып қолды тигізбей магнитпен тартып шығарады.


Балалар, көрдіңдерме магнитпен түрлі ойындар ойнауға, жарысуға болады екен.

(Танымдық, шығармашылық дағдысын дамыту)

«Өз бейнеңді жаса» ойыны. Магнитті конструктордан (Ата-аналар дайындаған, қақпақтардан) түрлі бейнелер құрастырады.

Коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларын дамыту. Топтарға бөлініп ойнайды. Магнитті лабиринт «Өз орындарына орналастыр» , «Шаңғышы»

Магнит арқылы бейнелерді жылжытып өз орындарына орналастырады. Бейнелер туралы әңгімелейді.





Аутизмге шалдыққан балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы музыка терапиясының қажеттілігі

*Халила А.Б., тәрбиеші,
№36 «Балапан» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қаласы*

Андатпа

Аутизмді емдеу әдістерінің бірі - музыкалық терапия, өйткені ол аутистің белсенді немесе пассивті қатысуымен жақсы нәтижеге қол жеткізе отырып музыканы барлық түрінде қолданады. Музыкалық терапия аутизммен айналысатын адамдарға қарым-қатынас, әлеуметтік дағдылар, сенсорлық мәселелер, мінез-құлық, таным, қабылдау-қабылдау дағдылары, өзін-өзі бағалау немесе өзін-өзі анықтау сияқты салаларда дағдыларды жетілдіруге көмектеседі.

Кілт сөздер

Сауықтыра алады, әсер етуі, фактор, жұмыстар, пайдасын тигізеді, құрал, сөйлеу сипатымен, денсаулығына, гормондардың, эмоцияларын, ыңғайлы құрал, дағдыларды жетілдіруге, қызығушылық, терапевт, техниканы, анықтауға, терапия.

Адамдарға музыканың зор күші көне заманнан белгілі. Шаманизмнен бастап және әлемдік тілдерден аяқталатын түрлі діни рәсімдердің саундтрегін еске түсіру еске түсіру жеткілікті. Бірақ ғылым анықтағандай, музыка тек жанға ғана емес, денені де сауықтыра алады[1]. Музыка арқылы емдеу музыкалық терапия деп аталады.

Флип Шеппард – Лондондағы Корольдік музыка академиясының профессоры; Корольдік музыка коледжінің оқытушы, Оксфорд шіркеу мектебінің меңгерушісі; Нью-Йорктегі Гарлем орталығында білім беру жобаларының жетекшісі ата-аналар үшін «Девелопмент музыкасы» практикалық нұсқауларын жазды. Ф. Шеппард өзінің кітабында балалардың психикалық және физикалық дамуына музыка жақсы әсер етуі[2] мүмкін деп жазды. Табиғатынан әрбір бала музыкалық қабілеттерге ие. РДА (ерте балалық аутизм) түзетулерінде музыкалық сабақтар психологиялық және психикалық

үйлестіру деңгейін көтереді, себебі музыка оқытудың және баланың жалпы дамуының тиімді құралы болып табылады.

Егер аутизмі бар баланың музыкаға деген сүйіспеншілігі бар болса, онда баланың даму қарқыны жақсы қалыптаса бастайды. Музыка балалар даму кезеңдерін тездетеді және байытады. Ерте аутизмі бар балаға мұқият тыңдау, алынған ақпаратты қабылдау және оны тез игеру мүмкіндігін дамытуда музыка маңызды фактор[3] болуы мүмкін.

Бала аутизмін зерттеуге арналған барлық жұмыстар[4] аутизмге ұшыраған барлық балаларға тән бір ерекшелікті, атап айтқанда, музыкаға деген бейімділікті атап көрсетеді.

Интеллект- жаңа нәрсені үйрену және қабылдау қабілеті. Музыка бұл үрдіске өз пайдасын тигізеді[5]. Ол әлеуметтік және сөйлеу дағдыларын меңгеруге көмектеседі, сонымен бірге шығармашылықты арттырады және баланың психикалық, физикалық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді.

В наше время мировое сообщество говорит о том, что совместное обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями и детей не имеющих таких ограничений необходимо, так как это позволяет каждому ребенку дошкольного возраста право на получение дошкольного образования.

В Послании Главы государства народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» определены стратегические ориентиры и приоритеты развития казахстанского общества: «...надо усилить внимание нашим гражданам с ограниченными возможностями. Для них Казахстан должен стать безбарьерной зоной. Позаботиться об этих людях, которых немало, - наш долг перед собой и обществом». В ближайшем будущем дети с ограниченными возможностями здоровья получат повсеместно возможность воспитываться со здоровыми сверстниками. Инклюзивное образование – реальность, которая входит в нашу жизнь.

Кто такие дети с особыми образовательными потребностями? Это дети, которые испытывают постоянные или временные трудности в получении образования, обусловленные здоровьем, нуждающиеся в специальных, общеобразовательных учебных программах и образовательных программах дополнительного образования».

В связи с увеличением количества детей с ООП возникает необходимость в создании условия для адаптации и социализации таких детей. Сенсорная интеграция, это уникальная помощь таким детям.

Американский педагог-психолог, трудотерапевт Э.Дж.Айрес и немецкий эрготерапевт У.Кислинг впервые отметили, что существует взаимосвязь между задержкой развития ребенка и сенсорной интеграцией. Они дают определение сенсорной интеграции — это упорядочивание ощущений, их объединение, которые будут использованы ребенком. Ощущение

представляют собой информацию о физическом состоянии тела и окружающей среды. Сенсорная интеграция является бессознательным процессом, происходящим в головном мозге, которая упорядочивает информацию, полученную с помощью органов чувств (вкус, вид, запах, прикосновение, движение, воздействие силы тяжести и положения в пространстве) и позволяет нам осмысленно действовать и реагировать на ситуацию, в которой мы находимся (адаптивный ответ) и формирует базу для теоретического обучения.

Нарушение сенсорной обработки (дисфункция сенсорной интеграции)-это состояние, при котором сигналы от различных органов чувств не организуются в надлежащие поведенческие реакции, и может быть частью таких нарушений, как проблемы с речью, неспособность к обучению, расстройства поведения, РАС, СДВГ, генетические синдромы и неврология.

Дети дошкольного возраста с нарушениями сенсорной интеграции обладают повышенной чувствительностью к прикосновениям, шуму, запахам и другим людям. Они могут общаться с другими детьми, дружить с ними, испытывают трудности с одеванием, приемом пищи, сном, с культурно-гигиеническими навыками, не усидчивые, плохо ориентируются в пространстве, часто натываются на людей и предметы, часто плачут без повода и долго не успокаиваются.

Цель сенсорной интеграции – это стимуляция базовых сенсорных систем: вестибулярной, тактильной системы и проприоцептивной.

Существуют нормы сенсорного развития для детей дошкольного возраста. Дети 2-3 лет должны знать основные цвета, формы и размеры предметов, их сочетание. Они умеют складывать пирамидку, сортеры, выполнять задания по группировке предметов отличающихся на 1-2 признака.

У детей 4-5 лет уже появляются устойчивые сенсорные эталоны о цвете, форме, размере предмета. В этом возрасте ребенок знает основные цвета и палитру оттенков, полутона, вырабатываются сенсорные эталоны — устойчивые представления о цветах, формах, размерах окружающих предметов, классифицирует предметы уже по 5 и более признакам, а также устанавливает последовательность и взаимосвязь между элементами одного ряда. Ребенок знает и различает не только базовую палитру, но и оттенки, полутона.

В 5-6 лет ребенок дает характеристику предмету по 3-5 признакам и свойствам, лепит и рисует его с натуры или по представлению. Видит дальность и близость предмета. В этом возрасте он может отличать похожие и не похожие предметы, собирая единую форму из разных модулей, сочетает цвета

Чтобы корректировать сенсорные системы, такие как тактильная, вестибулярная, проприоцептивная, необходимо использовать коррекционные методики: «развивающее движение», «мультисенсорная методика».

Коррекционная методика английского педагога Вероники Шербон «Развивающее движение» позволяет детям с особыми образовательными

потребностями учатся сосредотачиваться и выполнять задания, контактировать с другими детьми. Эта методика подходит всем детям дошкольного возраста.

Мультисенсорная методика, которую разработали американский нейропсихиатр С. Ортон и педагог-психолог А. Джиллингем используя в своей методике три типа восприятия мира: аудиал, визуал, кинестетик. Такой метод позволяет детям с ограниченными возможностями лучше запоминать полученную информацию и развивать микро и макромоторику, через специальные упражнения.

Одним из направлений сенсорной интеграции – это создание сенсорного уголка, где дети могут смотреть, трогать, слышать и чувствовать окружающий мир. У детей обогащается чувственный опыт, развивается осязательное восприятие, микро и макромоторика. Сенсорный уголок доступен для обогащения среды. Его можно использовать для любого дошкольного возраста, он разнообразен, можно взаимозаменять, а самое главное, для детей предоставлен выбор.

С помощью сенсорного уголка можно: стимулировать сенсорные функции (*зрение, осязание, слух, обоняние и т. д.*), развивать мелкую моторику, стимулировать двигательную активность, снимать мышечное и психоэмоциональное напряжение, достигая состояния релаксации и комфортного самочувствия детей, активизировать когнитивные процессы (*мышления, внимания, восприятия, памяти*).

Используя сенсорный уголок, я играю с детьми в игры с песком, манкой, природными материалами «Выложи рисунок крупой», «Чего не хватает», «Яркий лоскуток (Найди пару)», «Покормим ёжика», «Волшебный мешочек», «Шершавые предметы», «Шнуровка». Использую игровыми пособиями такого типа, как «Пуговички», «Перебери фасоль», «Зашнуруй ботинок», «Вкладыши», «Украшь елочку», «Шишки», сенсорную книгу, «Волшебный куб», «Куб пескотерапия», дорожки и коврики с разными фактурами, бросовый материал (зубные щетки, крышки, бутылки), погремушки и кубики с разным наполнителем, колокольчик, разнообразные шумелки, мячи разные по текстуре, мешочки с песком и разным наполнителем и т.д.

Разнообразный дидактический материал позволяет строить с ребенком интересные игры и задания. Каждое занятие строиться в виде игры-путешествия. Длительность занятия не превышает 20-30 минут, в зависимости от возраста ребенка и кратность 1-3 раза в неделю согласно типовым учебным планам дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан.

Применяя элементы сенсорной интеграции, «развивающего движения», «мультисенсорную методику» я пришла к выводу, что детей с ограниченными возможностями научились социализироваться в обществе и выполнять простые упражнения, у них стал развиваться вестибулярный аппарат, тактильные ощущения, обоняние, зрение, они стали более усидчивые.

Литература

1. Айрис, Э. ДЖ. Ребенок и сенсорная интеграция. Понимание скрытых проблем развития/Э.Дж.Айрис; [пер.с англ. Юлии Даре]. -М.: Теревинф,2009.-272 с.
2. Закон РК «Об образовании» от 27.07.2007г. №319 [1] (с изменениями и дополнениями от 11.07.2017г №91-VI)
3. Кислинг Улла. Сенсорная интеграция в диалоге: понять ребенка, распознать проблему, помочь обрести равновесие/Улла Кислинг; под ред. Е.В. Ключковой; [пер. с нем. К.А. Шарп].-М.: Теревинф, 2010.-240 с.
4. Об утверждении типовых учебных планов дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан от 20 декабря 2012 года №557 (с изменениями и дополнениями от 12.05.2020 №195)
5. Послание «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»
6. www.defectologiya.pro/zhurnal/sensorное_razvitie_detej_zachem_i_kak_ra_zvivat
7. externat.foxford.ru/polezno-znat/multisensornoe-obuchenie
8. pandia.ru/text/82/097/11295.php

Здоровьесберегающие технологии в работе с детьми с особыми образовательными потребностями

Чумаченко В.С.

*ТОО Ясли – сад «Алақай» г. Петропавловск, воспитатель.
«Здоровый дух в здоровом теле - вот краткое, но полное
описание счастливого состояния в этом мире».*

Джон Локк

Аннотация: в статье рассматривается использование здоровьесберегающих методик в образовательном процессе применяемых в работе с детьми с ООП. Представлена характеристика основных видов здоровьесберегающих методик их влияние на развитие детей с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: здоровьесберегающий процесс, технология, коррекция, компоненты, дети с ООП.

Формирование жизнеспособного молодого поколения - одна из главных задач национального развития. Первый шаг к здоровью, стремление к здоровому образу жизни, самосознание, формирование здоровой культуры- все это делается в детских садах. При воспитании детей с особыми образовательными потребностями необходима систематическая работа по охране и укреплению здоровья детей. Дошкольное обучение придает большое значение оптимальному использованию интеллектуального и творческого потенциала каждого дошкольника. Необходим комплексный подход к организации здоровьесберегающего пространства, сгруппированного в детском учреждении, не вызывая ни у кого подозрений.

Согласно Государственному общеобразовательному стандарту дошкольного обучения и воспитания Республики Казахстан от 3 августа 2022 года, одной из задач дошкольного воспитания – является охрана и укрепление физического, психического здоровья детей, а также эмоционального благополучия дошкольников.

Выделяется несколько компонентов **здоровья**:

1. Соматическое здоровье — состояние органов и всего организма человека в целом, основой которого является генотип, составляющий биологическую программу индивидуального развития.
2. Физическое здоровье — определяется уровнем роста и развития всего организма в целом, его способностью приспосабливаться к изменившимся условиям внешней и внутренней среды.
3. Психическое здоровье — состояние психической сферы, которая выражается уровнем и качеством мышления, развитием памяти и внимания, развитием волевых качеств, основу которой составляет состояние общего душевного комфорта.

Осознавая необходимость усилий по формированию, укреплению и охране здоровья учащихся, воспитатели должны целенаправленно стремиться к созданию благоприятного пространства для охраны здоровья, выбирая методы и приемы, соответствующие особенностям развития детей.

Здоровьесберегающий процесс - это специально организованное взаимодействие дошкольников и педагогов, сложившееся во времени и в рамках определенной образовательной системы, направленное на достижение цели сохранения здоровья и обогащения здоровья в процессе образования, воспитания и обучения детей.

Технология-это инструмент профессиональной деятельности педагога, характеризующийся соответственно качественным качеством обучения. Сущность педагогической технологии заключается в том, что она имеет очевидный этап, состоящий из совокупности определенных профессиональных действий на каждом этапе, позволяющих педагогу прогнозировать промежуточные и конечные результаты своей профессионально-педагогической деятельности.

Даже после проектирования характеристиками педагогической технологии являются: цели и задачи конкретности и ясности; наличие этапов: первичная диагностика; выбор содержания, формы, метода и технологии его осуществления; использование комплекса средств для организации промежуточной диагностики, основанной на результатах оценки результатов.

В последние годы все чаще поднимается вопрос о значении здоровьесберегающих технологий в образовательном процессе. Любая методика обучения должна быть здоровой.

Здоровьесберегающие образовательные технологии - это система воспитания и оздоровления, коррекционно-профилактических мероприятий, направленных на защиту, укрепление и развитие психического,

эмоционального, интеллектуального, личностного и физического здоровья дошкольников.

Основными компонентами системы являются:

1. Организация рациональной модели движения дошкольников.
2. Постоянный мониторинг состояния здоровья детей и своевременная помощь в коррекции возникающих отклонений.
3. Организовать разумный образовательный процесс с учетом возрастных и личностных особенностей детей с особыми образовательными потребностями, а также в соответствии с санитарно-гигиеническими требованиями.
4. Создать благоприятную психоэмоциональную атмосферу в образовательном учреждении с комфортным проживанием детей.

При использовании здоровьесберегающих методик в образовательном процессе необходимо соблюдать следующие принципы:

- Не делай больно!
- Принцип непрерывности, то есть систематичности и постоянно;
- Соблюдение содержания и организации учебной деятельности в соответствии с возрастными и личностными особенностями ребенка, с учетом сопутствующих заболеваний.

Важно отметить, что эффективность достижения целей здоровьесбережения зависит от совместных усилий врачей, учителей физкультуры, педагогов и родителей.

Виды здоровьесберегающих методик, используемых во взаимодействии с детьми ООП.

Технология защиты и стимулирования здоровья, Коррекционная технология.

Дыхательная гимнастика - это система упражнений для развития голосового дыхания.

Дыхательные упражнения предназначены для решения следующих задач:

- Насыщают организм кислородом и улучшают обменные процессы в организме;
- Повышение общего жизненного тонуса ребенка, резистентности и устойчивости к респираторным заболеваниям;
- Нормализуют и улучшают психоэмоциональное состояние организма;
- Развитие силы, плавности и длительности выдоха.

Оборудование для развития дыхания, входящее в состав основного органа-развития окружающей среды (вертушки, мыльные пузыри, спортивные игрушки...).

При работе с детьми дыхательные упражнения применяют в сочетании с удлиненным, усиленным выдохом (вдох через нос).

Проводится в различных формах оздоровительной работы, во время гимнастики, после дневного сна, физминутках.

Динамические паузы-использование физических упражнений в организованной учебной деятельности способствует снижению утомляемости

у детей, а также активизации мышления и повышению умственной работоспособности.

Используется с элементами глазной гимнастики и дыхательной гимнастики. Общее укрепление гимнастики - это организованное общение детей в процессе занятий спортом. Во время гимнастики повышается эмоциональный тонус, что является результатом мышечной радости от движения группы сверстников. Напряжение пробуждения после ночного сна ослабляется, внимание собирается, поведение дисциплинируется. (Утренняя зарядка перед завтраком).

Упражнения для пробуждения выполняются после сна, чтобы запустить все важные процессы организма. Это хороший стимул для улучшения настроения, счастья, профилактики нарушений осанки и плоскостопия. Проводится ежедневно (упражнения в постели, «здоровый путь»).

Развивайте мелкую моторику.

- Повышение эффективности работы коры головного мозга;
- Развитие у ребенка активной речи.

Развитие детей связано с развитием движения пальцев. Третью часть всей проекции движения в коре головного мозга занимает проекция руки. Поэтому тренировка тонких движений пальцев оказывает большое влияние на развитие у детей активной речи. С помощью комплекса пальцевых упражнений, воздействуя на тонус детской руки, непосредственно воздействует на тонус речевого аппарата. Даже в фольклоре существует множество детских стишков, сочетающих голос с движением руки. По-видимому, уже в древности была замечена взаимосвязь этих процессов. У детей с задержкой речи часто наблюдается недостаточная двигательная активность, в том числе недостаточная координация мелкой моторики пальцев. У такого ребенка развитие движения пальцев подготовит к последующему формированию речи.

Игра с бассейном из натуральных, одноразовых материалов (горох, фасоль...) Мяч СУ-ДЖОК.

Метод Су-джок основан на том, что каждому органу человеческого тела соответствуют биологически активные точки, расположенные на руках и ногах. Изучая эти точки, можно избавиться от многих болезней или предотвратить их развитие. Су-джок - это не лекарство или терапевтическая практика, это метод, который был проверен исследованиями и доказал свою эффективность и безопасность.

Воздействие на точку стопы осуществляется при ходьбе по ребристым дорожкам, коврикам с пуговицами, «здоровым дорожкам» и т. д.

На ортодонтических курсах для стимуляции подвижных точек, расположенных на пальцах руки, используются различные приспособления (шарики, массажные шарики, грецкие орехи, колючие валики). Также эффективен ручной массаж пальцев. Особенно важно воздействовать на большой палец, который отвечает за голову человека. Кончики пальцев и

ногтевые пластины отвечают за работу мозга. Массаж проводят до появления тепловых эффектов.

Формирование культурно - оздоровительных навыков.

Обучайте детей навыкам уборки, порядку и культуре питания как неотъемлемой части поведенческой культуры. Эта задача сложна и требует последовательности, большого терпения, единства требований к взрослым. Необходимо сделать этот процесс легким для доступа, увлекательным и захватывающим. Интенсивное мытье (руки до локтя, воротниковая зона и лицо) является частью КГН, которая является эффективным расслаблением и закаливанием.

Релаксация-это особый метод, предназначенный для снятия мышечного и нервного напряжения с помощью специально подобранных техник.

Расслабление-это произвольное или произвольное состояние покоя, расслабления, связанное с полным или частичным расслаблением мышц. Возникает вследствие снятия напряжения, после интенсивного переживания или физического усилия. Она может быть произвольной (расслабление перед сном) и произвольной, вызванной принятием спокойной позы, представляющей собой состояние, обычно соответствующее отдыху, расслаблению мышц, участвующих в различных видах деятельности.

В «сухом» бассейне занятия помогают избавиться от мышечного и эмоционального напряжения. Во время «заплыва» ребенок ощущает постоянный контакт кожи с мячом, получая таким образом массаж всего тела. Существует тактильная чувствительность к раздражителям. Мяч в бассейне действует как общий массаж, воздействуя на расслабление чрезмерного мышечного напряжения и подавление чрезмерных физических нагрузок, то есть «сухие» игры и упражнения в бассейне важны для психоэмоционального развития ребенка.

Самомассаж- это массаж, выполняемый самостоятельно. Это доза механической стимуляции организма человека, осуществляемая вручную с помощью специального оборудования: массажных шариков, грецких орехов, бусин, бигуди, деревянных массажеров, гороховых, бобовых массажеров.

Песочная терапия

Игра с песком - одна из естественных форм деятельности для детей.

(Строения из песка ,заливка, рисование на песке пальцами, палочками).

Коррекционная технология.

Артикуляционная гимнастика - это система упражнений для развития органов речи. Цель этой гимнастики - развить полное движение голосовых органов, необходимое для правильного произношения, и подготовить голосовой аппарат к голосовой нагрузке. Выполнение упражнений на произношение способствует рождению правильных звуков и усвоению слов со сложными слоговыми структурами. Проведение упражнений на произношение способствует рождению правильных звуков и усвоению слов со сложной слоговой структурой.

Логоритмика - активное средство, через развитие области движения ребенка, преодоление языковых барьеров сочетается со словами и музыкой. Развитие речи тесно связано с двигательной активностью ребенка. Губы, язык, челюсть и т. д.:

Точное, динамическое выполнение упражнений для ног, туловища, рук, головы, готовых улучшить движение суставных органов.

Логоритмика влияет на общий тонус, моторику, настроение, способствует развитию подвижности нервного центра центральной нервной системы и активации коры головного мозга, развивает внимание, его концентрацию, объем, устойчивость, распределение и память, зрение, слух, моторику, настроение, способствует развитию подвижности нервного центра центральной нервной системы и активации коры головного мозга;

Психогимнастика (пародия и пантомима). В непосредственной образовательной деятельности. Мимика тесно связана с произношением. Различные эмоциональные образы лица способствуют развитию ребенка не только в лице, но и в проявлении двигательных навыков.

Поэтому использование здоровьесберегающих методик обучения на рабочем месте является методом, направленным на повышение эффективности образовательного процесса и сохранение и укрепление здоровья учащихся между педагогами и родителями. Использование здоровьесберегающих технологий в процессе воспитания детей с ООП приводит к тому, что повышается самооценка ребенка, корректируются психологические процессы и совершенствуются навыки, помогающие ему хорошо адаптироваться в современном обществе.

Здоровьесберегающие методики помогают защитить здоровье детей, что естественно предписано для поддержания их положительного и эмоционального состояния и способствует физическому развитию ребенка.

Литература

1. Государственному общеобразовательному стандарту дошкольного обучения и воспитания Республики Казахстан от 03.08. 2022 № 348
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения от 12.08.2016 № 499
3. Алямовская В. Г. Современные подходы к оздоровлению детей в дошкольном образовательном учреждении // Дошкольное образование. – 2004.
4. Ахутина Т. В. Здоровьесберегающие технологии обучения: индивидуально-ориентированный подход // Школа здоровья. – 2004.
5. Сократов Н. В. Современные технологии сохранения и укрепления здоровья детей. – М. : ТЦ Сфера, 2005.
6. Алямовская В.Г. Петрова С.Н. Предупреждение психоэмоционального напряжения у детей дошкольного возраста. М., 2002. – 79 с.
7. Кудрявцев В.Т., Егоров Б.Б. Развивающая педагогика оздоровления. - М. : Линка- пресс, 2000.

8. Яковлева Т.С. Здоровьесберегающие технологии воспитания в детском саду. – М.: ТЦ Сфера, 2005
9. Л.В. Гаврючина. Здоровьесберегающие технологии в ДОУ - 2007 г.- Пособие
10. Л.П. Банникова. Программа оздоровления детей в ДОУ - 2007 г.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы оқыту

Шабарова Айсулу Кабдуалиевна

Ақмола облысы білім басқармасы Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі «Мамай ауылының негізгі орта мектебі» КММ мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі

Андатпа: Мақалада ойындар, соның ішінде ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық және физиологиялық дамуына әсері туралы сөз қозғалады.

Кілт сөздер: ұлттық ойындар, ұлттық тәрбие, бала психологиясы, физиологиясы

Мектеп жасына дейінгі балалар – балалық шақтың бал қызықтарын бастан өткеріп жатқан кішкентай бүлдіршіндер. Сол себепті оларды оқытып тәрбиелеу үрдісінде міндетті түрде ойын технологиясы маңызды орынды болады. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады. Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды.

Ойын түрлерінің ішінен ұлттық ойындарға басымдық берген жөн. Қазақ халқында балаларға арналған ұлттық ойындар жетіп артылады. Бұл ойынның барлығы балаларды физикалық тұрғыда дамытуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, епті болуға бейімдейді. Осы орайда, мектеп жасына дейінгі жастағы балаларға қандай ұлттық ойындар сай болатынын қарастыра берсек. Қазақтың ұлттық ойындарына "Сұңқарлар мен қарлығаштар", "Ақсүйек", "Орамал", "Балапандар", "Тақия тастамақ!", "Түйме алу" сынды ойындар жатады.

"Сұңқарлар мен қарлығаштар" мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналған белсенді ашық ойын. Бұл ойынға бірыңғай жастағы балалар қатысуы керек. Ойын ережелері: Қатысушылар 2 топқа бөлінеді. "Қарлығаштар" мен "Сұңқарлар" бір-біріне арқаларын қояды. Жүргізуші "Сұң!" немесе "Қар!" деп айғайлайды, сол кезде құстардың қайсының аты толығымен айтылса, сол топтың балалары екінші топтың балаларын жүгіріп, қуа жөнеледі. Аты толық айтылған команда басқа команда мүшелерін қуып жете бастайды. Ал қатысушылар белгіленген аумақтан қашуға тырысады. Қуып жеткендер, екінші топқа қосылады. Команда бірнеше есе көбейген кезде ойын аяқталады. Ойынды бірнеше рет қайталап, кімнің ең епті және жылдам екенін анықтауға болады. Балалар әдетте бұл ойыннан шаршамайды және қайталап жиі ойнайды.

«Орамал тастамақ» ойыны қазақ халқында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық ойындар да болған. Ойынның ережесі: Қатысушылардың біріне түйін болып байланған орамалды жүргізушіге беретін адамды таңдайды. Ойыншылар шеңбер жасап тұрады, ал жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Қатысушылар жүргізушіні айнала бастайды. Ал жүргізуші "Токта!" дегенде, ойыншылар шашырап кетеді. Осылайша жүргізуші орамалы бар қатысушыны ұстауға тырысады. Ал орамалы бар ойыншы оны басқа қатысушыға бере алады. Орамалмен ұсталған қатысушы ән немесе айту айтуы керек.

«Балапандар» ойыны. Ойынға қатысушыларды - "Балапандарды" 3 топқа бөледі. Әрқайсысында "тауық" пен "батпырауық" таңдалады, ал қалған қатысушылар "балапандар" болып есептеледі. Ойын төмендегідей ойнайды: "Тауықтар" бағаналарға тізіліп, бір-бірінің белінен ұстайды. Олардың алдында "тауық" тұрады. "Тауықтар" балапандарды ертіп жүре бастайды және өздерінің ешкімнен қорықпайтынын айтады. "Батпырауық" бақылап, кездейсоқ тізбектен шыққан адамды қолымен ұстауға тырысады. Ал сынған тізбекті қайта құру керек болады. Бұл кезде "тауық" "балапандарды" қорғайды, "батпырауықты" қолымен ұстайды. Егер "тауық" оны алақанымен ұрып үлгерсе, "батпырауық" ойыннан шығарылған болып саналады. Сөйтіп ойын соңында "Тауық" "балапандардың" ең көп санын сақтай алған топ жеңімпаз атанады.

Ұлттық ойын технологиясы дегеніміз – ұлттық ойынды ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Ұлттық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды ұлттық ойындарға қызықтыру

мақсатында қолданылады. Оқу іс - әрекеті барысында ұлттық ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ұлттық ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Ұлттық ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір баланың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре дамып жетілуіне пайдасы мол. Ұлттық ойын үстінде балалардың бойындағы барлық ұлттық психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шындалады, мінез - құлық айқындала түседі.

Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек.

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.

Ойын баланы жан - жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір - бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген. Қорыта келе айтқанда:

Ойын, соның ішінде ұлттық ойындар, мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бір сөзбен айтқанда, ойын, ұлттық ойындар баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып, ұлттық құндылықтарды бойына дарытатын тәрбие құралы болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Өтешова Б. «Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту»-2007 ж. /42-43 бет. 118-бет/. Алматы-/168 б.
2. Оразбекова К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында»-Алматы.2000. 543 /б.Б.31-38,58-70,90-94,218-220
3. С. Ғаббасов. «Халық педагогикасының, негіздері»-Алматы. 1995 ж. /1.3.7.бет, 26 б.
4. А.С. Макаренко. Тәрбие туралы лекциялары. - Алматы, 1968

Ерекше білімді қажет ететін балаларға жеке дамыта оқытудың әдіснамалық негіздері

Шалабаева А.К.

*Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Ғ. Мұстафин кенті
«Росинка» бөбекжайы» КМҚК*

Аңдатпа: Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілеттерін ояту.

Кілт сөздер: Бейімдеу. Әлеуметтік ортаға еңгізу. Сөз мәдениеті және техникасы. Ритмопластика. Драматизация. Саусақ театры. Фланелеграф театры.

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым – қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға еңгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына ерекше білімді қажет ететін балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру.

Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға еңгізудің негізгі бір факторы, органы ерекше білімді қажет ететін баланы қабылдауға дайындау.

Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу сабақта және сабақтан тыс уақыттардғы ұйымдырылған сабақтар мен экскурсияларда өткізіледі. Сабақ барысында арнайы құрылған жағдаяттар бойынша балалар қажетті тұрмыстық икемдерді, қоғамдық тәртіп ережелерін игереді. Ол үшін сабақтан тыс уақыттарда «Дүкенде», «Шаштаразд», «Автобуста» және тағы басқа сияқты сюжетті – рөлді ойындар өткізіледі. Балаларға белгілі бір жағдайда қалай жасау керектігін бірнеше рет қайтара көрсету керек. Бірнеше қайтара жаттығу, жүйелі қойылатын талаптар балаларда қоршаған ортаға икемделуге көмектесетін жағымды әдеттерді шыңдайды. Ал, танымдық әрекеттерін дамыту олардың жеке бас қасиеттеріне әсер етеді. Жас ерекшеліктеріне сай балалар еңбек әрекетіне сәйкес бағалай алады, орындаған жұмысының сапасына да жай қарамайды. Тапсырманы жаман орындаса қынжылып, ал жақсы бұйым жасаса жолдасына, тәрбиешісіне көрсетіп, мадақтауды ұнатады. Балалар осылайша еңбек әрекетіне қатысудың маңыздылығын түсіне бастайды. Бұның бәрі балалардың тұлғалық қалыптасуы туралы айта отырып,

олардың өмірлеріндегі еңбектің рөлімен адамдар арасындағы қарым – қатынастың қалыптасуына әсер етеді.

Тәрбиеленушілерді әлеуметтік оқыту барысында көрнекі құралдар негізгі тиімді әдіс болып табылады. Бұл жерде көрнекілік шынайылық деген мағынаны білдіреді. Педагог ерекше білімді қажет ететін балаларға экскурсия, сюжетті – рөлді ойындар, ертегі қойылымдар, театрландырылған қойылымдар барысында сыртқы ортаның қасиеттерімен, құбылыстарымен таныстырады. Бұл балалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздеріне қызмет ету, тұрмыста және арнаулы өндірісте қиын емес еңбек операцияларын орындауға, мүмкіндігінше қоршаған ортаға икемделуге бағытталған жұмыстар. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді.

Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. ЕББҚ бар балалардың шығармашылығын дамыту үшін изотерапия әдісі мен театрландырылған ойындарды ұсынады. Изотерапия, бейнелеу шығармашылығы терапиясығ яғни сурет салу болып табылады. ЕББҚ бар балалардың бұзылыстарын түзетуге қолданылатын арт – терапияның маңызды бағыттарының бірі. Сурет салып отырған бала жағымсыз, жаралы бейнелерді есіне түсіреді. Сол уақытта туындаған қорқынышты, ауыр жағдайларды басынан өткізе отырып, сол жерде пайда болған сезімдермен арман тілектерін сыртқа шығарып отырады. Сол себепті, көптеген стресстік жағдайларда, қорқыныш сезімін бастан кешу кезеңінде, невроздар да коррекциялық жұмыстар жүргізу барысында және психологиялық қысымды төмендету үшін сурет салдыруды пайдаланады. Изотерапиялық әдісті пайдалануда сурет салу міндетті емес, бірақ нәтижесінде адамның қабілеттері ашылуы мүмкін. Педагогтың ЕББҚ бар балалармен изотерапиялық жұмыс жасаудағы ерекшеліктері:

- ЕББҚ бар балалардың эмпатиялық қабылдауына мән беру;
- ЕББҚ бар балаларды эмоционалды түрде қолдау;
- Шығармашылық мақсат қою;
- Тақырыпты ашуға, өңдеуге көмектесу.

Педагогтің балалармен жүргізетін изотерапиялық жұмыс мүмкіндіктері:

- ✓ Шығармашылықты арттырады;
- ✓ Бала өзін – өзі таниды;
- ✓ Өзінің ойы мен сезімін еркін білдіруді үйренеді;
- ✓ Бұрын болған негативті ойлардан арыла алады;
- ✓ Қарым – қатынасқа түседі.

ЕББҚ бар балалардың шығармашылығын шыңдау үшін театрландырылған іскерлік бағдарламаны қолдануға болады. Соның бірі ритмопластика яғни ырғақты иілгіш – бұған ырғақтылық, музыкалық иілгіштік ойындар мен жаттығулар кіреді. Дене қозғалысының нақтылығымен еркіндігін дамытуда өзінің денесінің сыртқы қоршаған ортамен байланысқан қарым – қатынасын сезінуге балаларды эстетикалық, психологиялық қабілетін дамытады.

Сөз мәдениеті және техникасы – ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасы мен дикциясын дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрылымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған сөз сөйлеу техникасы болып табылады.

Драматизациялық ойында бала – артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Ойын драматизациясы көреременсіз музыкалық сипаттағы орындау болады. Драматизация түрлері: жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер ойыны; мәтін бойынша негізделген диалог, монолог рөлдік ойындар болып табылады.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең – тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, бұзылған дыбыстарды түзеп, мәнерлеп сөйлеуге ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойының ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қимыл – қозғалысына қарап, бала қуанады, шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайтадан айта отырып, есінде сақтайтын болады.

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалармен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Театрландырылған ойынға қызығушылықтарын қалыптастыруға қуыршақ театрының қойылымын көру көмектеседі. Қуыршақ театры күнделікті ұйымдастырылған іс – әрекетте балаларды мадақтау, мақтау үшін, олармен амандасып, қоштасу үшін қолданылады.

ЕББҚ бар баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Сондықтан да ЕББҚ бар баланың жан – жақты қалыптасуы үшін психологиялық, педагогикалық қолдау көрсетіп, балалардың бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек.

Әдебиеттер

1. Балабақша тәрбиелеу және оқыту – Республикалық педагогикалық журнал №5, 2022 ж.
2. Мектеп ұстаздарының әлемі – Республикалық педагогикалық журнал №10, 2018 ж.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтендіру

*Шарипжанова А.М., тәрбиеші
Астана қаласы №36 «Балапан» балабақшасы*

Аңдатпа: Мақалада инклюзивті білім беруді жүзеге асыру аясында ерекше білімді қажет ететін балалардың әлеуметтік дамуы қарастырылған. Ерекше білімді қажет ететін баланың жеке басын әлеуметтендіру процесі мұндай балаларды қоғамға біріктірген жағдайда тиімді болады, олар қоғамда өмір сүруге қажетті белгілі бір құндылықтар мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын игере алады. Әлеуметтік тәжірибені бала қарым-қатынаста алады және оған тікелей қоршаған орта беретін әртүрлі әлеуметтік қатынастарға байланысты.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру, әлеуметтену, отбасы рөлі, педагогикалық құбылыс, мүмкіндік береді, мінез құлықтағы сәйкестік, іс-әрекет, қарым-қатынас, жетілдіру, ішкі мотивтерге, инеграцияланған.

Әрбір ата-ана баласы өмірге келгеннен кейін оның денсаулығы дұрыс болғанын қалайды. Ата-анасы баланың жасаған әрбір қимылына, оның жүзінің жадырағанын, басқан әрбір қадамын алғашқы айтқан сөзіне қуанады. Әр бала қоршаған ортаның қамқорлығын қажет етеді. Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің тағы бір факторы, ортаны қабылдауға дайындау. Әрбір баланың бойында мүмкіншілігі иен ерекшелігі болады, тек орын ашып, қолдау көрсетіп, дамыту қажет.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды толыққанды тәрбиелеу және әлеуметтендіру, білім беру процесіне қосу үшін жағдай жасау, соның негізінде инклюзивті оқытуды енгізу мемлекеттің әлеуметтік саясатының бір бағыты болып табылады. Инклюзивті білім беру [1] -ерекше білім қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық балалардың білім алуына тең қол жеткізуді қамтамасыз ететін үрдіс, білім беру жүйесінің өзгеруі және баланы бүкіл білім беру ұйымы деңгейінде қабылдау. Бүгінгі таңда инклюзивті білім берудің негізіне барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады. Қазіргі әлемде өскелең ұрпақтың әлеуметтік даму мәселесі өзекті мәселелердің біріне айналууда. Ата-аналар мен педагогтар балалардың сенімді, бақытты, ақылды және мейірімді болуын қамтамасыз ету жайында алаңдайды. Балалық шақта әлеуметтік ортаға үйлесімді және тиімді бейімделе алатын және өзінің «Мен» бейнесін басқа адамдардан ерекшелей алатын баланың әлеуметтік дамуы жүреді. Әлеуметтік даму әлеуметтену және даралау процестерін біріктіреді, баланы тек объективті әлемге ғана емес, сонымен бірге жақын ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас арқылы қарым-қатынастың әлеуметтік негізін құрайды. Баланың дамуының алғашқы кезеңдері, әлеуметтік қатынастардың, қоғаммен қарым-қатынастың негізі қалануы әлеуметтік тұрғыды қалыптасқан кезде өте маңызды болып табылады. Л. С. Выготскийдің айтуынша, баланың физикалық немесе психикалық тұрғыдан дұрыс дамымауы оның басқалармен қарым-қатынасын дамытуда, әлеуметтік байланыстар орнатуда кедергілер тудырады, бұл тұлғалық, жеке даму үшін қолайсыз фактор.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың басты проблемасы — олардың әлеммен толыққанды байланысының болмауы, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас орнатудың қиындықтары, бірқатар мәдени құндылықтардың қол жетімсіздігі, тіпті қарапайым білім алуға мүмкіндіктің болмауы.

Ерекше білімді қажет ететін бала құрдастары сияқты қабілетті және талантты бола алады, бірақ оның таланттарын ашуға, оларды дамытуға, олардың көмегімен қоғамға пайда әкелуге мүмкіндік теңсіздігі кедергі келтіреді. Әлеуметтену[2]-жеке тұлғаның қалыптасуын сипаттайтын кең ұғым. Бұл баланың әлеуметтік өмірдің дайын формалары мен әдістерін, материалдық және рухани мәдениетпен өзара әрекеттесу жолдарын, қоғамға бейімделуді ғана емес, сонымен бірге өзінің әлеуметтік тәжірибесін, құндылық бағдарларын және өмір салтын дамытуды (ересектермен және құрдастарымен бірге) саналы түрде игеруін қамтиды.

Тәжірибеден өткізе келе ерекше білімді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде инклюзивті білім берудің теориялық-әдіскерлік негізі отбасы рөлі [3] арқылы ашылады. Ата-аналармен өзара әрекеттесу — кәсіби әдептілікті, төзім және психологиялық білімді талап ететін педагогикалық іс-әрекеттің жетілген түрі. Жеке тұлғаның дамуындағы бұзылыстарды түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналардың қатысуы және олардың тарапынан қолдау көрсету мәселені айрықша табысты еңсеруге ықпал етеді. Балаларды әлеуметтендіру мен бейімдеуде ата-аналардың рөлі орасан зор. Әлеуметтену процесін педагогикалық құбылыс [4] ретінде талдау оның мазмұнын бірқатар өзара байланысты компоненттерді қамтитын құрылым түрінде ұсынуға мүмкіндік береді:

1. коммуникативті компонент
2. тіл мен сөйлеуді меңгеру;
3. танымдық компонент
4. қоршаған шындық туралы белгілі бір білім шеңберін дамыту;
5. мінез-құлық компоненті
6. адамның мінез-құлық моделін игеруі;
7. құндылық компоненті
8. жеке тұлғаның қоғам құндылықтарына қатынасы.

Оқу кезеңі баланың әлеуметтік қатынастар әлеміне енуі, әлеуметтену процесі үшін өте маңызды. Әлеуметтік тәжірибені бала қарым-қатынаста алады және оған қоршаған орта беретін әртүрлі әлеуметтік қатынастарға байланысты. Баланың алдыңғы ұрпақтар жинаған жалпыадамзаттық тәжірибені игеруі тек бірлескен іс-әрекетте және басқа адамдармен қарым-қатынаста ғана жүзеге асады. Инклюзивті білім беру балаларды оқытуға және табысқа жетелеуге, өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі, неғұрлым тиімді әлеуметтенуге мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру ортасы көбінесе педагогтер, ата-аналар, басқа балалар және жергілікті қоғамдастық арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Алайда балабақша пен қоғамның мұндай ауызбіршілігі өте сирек кездеседі. Сондықтан педагогке үлкен жауапкершілік түседі, жұмыстың жаңа тәсілдердің іздейді, бұл ерекше білімді қажет ететін балаларды жалпы білім беру кеңістігінде оқытудың перспективаларын көруге мүмкіндік береді. [5]

Ерекше білімді қажет ететін балалардың әлеуметтенуі келесі деңгейлерде жүреді:

- ✓ Құрылымдық-қарым-қатынас дағдыларын қолдана отырып және білім беру ұйымының тәртібінің ережелерін орындай отырып, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу; құндылық және
- ✓ Моральдық - әлемде болып жатқан оқиғаларды бағалау мүмкіндігі;
- ✓ Оқу - өзінің білімдік міндеттерін түсіну, жоспарлау және іске асыру қабілеті;
- ✓ Жеке даму - әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жауапкершілікті қабылдау;
- ✓ Рухани даму - мәдени-тарихи құндылықтарды қабылдау және олармен мінез-құлықтағы сәйкестік. [6]

Баланың әлеуметтік қалыптасуында жетекші рөлді іс-әрекет. [7] атқарады, бала өзінің мүмкіндіктерін толық ашатын және әлеуметтік тәжірибені тиімді игеретін жетекші іс-әрекет түрін таңдауы қажет. Іс-әрекет баланың айналасындағы әлем туралы білімін қамтамасыз етеді, жаңа қажеттіліктерді тудырады, сезімдердің пайда болуын ынталандырады, ерік-жігерді белсендіреді, тұлғааралық қатынастар мен мінез-құлық тәжірибесін игерудің маңызды көзі болып табылады. Бала мен жасөспірімнің негізгі іс-әрекеттері ойын, оқу және еңбек.

Әлеуметтендіруде маңызды болып табылатын екінші сала — қарым-қатынас [8]. Қарым-қатынас арқылы бала өмірлік тәжірибе туралы ақпарат алады, ол оны өз көзқарастарын, ойларын, мінез-құлық нормаларын және т.б. игеруі арқылы түрлендіруі керек. Әлеуметтенудің үшінші саласы-жеке тұлғаның өзін-өзі тануын дамыту. Жалпы алғанда, әлеуметтену процесі адамның «мен» бейнесінің қалыптасуы ретінде көрінеді. «Мен» бейнесі — бұл өзін-өзі түсіну, өзіне деген көзқарас. «Мен» бейнесі өмір бойы көптеген факторлардың әсерінен дамиды. Оның дамуының ең жоғары деңгейі — өзін-өзі тану

адамның ақыл-ой белсенділігі мен тәуелсіздігін оның пайымдаулары мен іс-әрекеттерінде қалыптастырудың негізі ретінде. Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтендіруге әлеуметтік-педагогикалық оңалту арқылы қол жеткізуге болады.

Педагогтар әлеуметтік оңалту процесінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін сауатты жүзеге асыруы керек:

- баланың психикалық дамуының сипаттамасын және әлеуметтік-оңалту процесінің белгілі бір кезеңінде оның психикасында болуы керек қажетті өзгерістерді ескеру;
- ерекше білімді қажет ететін баланы толыққанды тұлға, құқықтары мен міндеттері бар азамат ретінде мақсатты түрде тәрбиелеу;
- баланы өзіндік мінез-құлық логикасы бар әлеуметтік оңалту процесінің белсенді тең қатысушысы ретінде қабылдау;
- балада әлеуметтік қатынастардың күрделі әлеміне ену үшін қажетті қажеттіліктер мен арнайы қасиеттер жүйесін дамыту;
- баланың қалыптасуы мен дамуындағы тұтас тұлғаның құрылымын ашатын баланың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып, оған өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру субъектісі ретінде қарау; әлеуметтік оңалту процесінің әдістері мен технологияларын әзірлеу;

бір-бірін толықтыра отырып, оның тұлға ретінде дамуына барынша әсер етуі үшін балаға кешенді әсер ету жүйесін жетілдіру [9]. Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтендірудің маңызды қағидаларын атап өтуге болады:

1. Баланың мықты жақтарына және қасиеттеріне сүйену қағидасы. Әр баланың дамуында айтарлықтай проблемалар болса да, оларда өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысы болады. Егер баламен жағымсыз қарым-қатынас орнатса бұл ұмтылыс жойылып кетуі мүмкін. Егер бала мінез-құлық пен іс-әрекеттің жаңа формаларын игеріп, оң нәтижелерге қол жеткізсе, ол мақтаныш сезімін сезінеді, бұл өзіне деген сенімділікті, одан әрі өсуге деген ұмтылысты күшейтеді. 2. Психологиялық жайлылық қағидасы әлеуметтік оңалту процесінде ішкі мотивтерге [10], атап айтқанда, сәттілік сәтіне сүйене отырып, баланың белсенділігін ынталандыратын сенімді, дамуға қолайлы атмосфераны құруды қамтиды. 3. Жетекші қызметке сүйену қағидасы. Баланың әртүрлі жас кезеңдеріндегі әлеуметтік оңалту процесі әр жас кезеңіне тән жетекші іс-әрекетке (ойын, оқу) және жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық мүмкіндіктер мен шектеулерге (өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және т. б.) сәйкес келуі керек. Жүзеге асырылып жатқан барлық шараларға қарамастан, инклюзивті білім берудегі әлеуметтендіруді іске асыру мүмкіндігі мәселесі әлі де ашық күйінде қалып отыр, өйткені инклюзивті білім берудің оң және теріс жақтары бар. Оң аспектілерге даму ерекшеліктері бар балалардың қоғамнан оқшауланбауы, ал теріс жағына жалпы білім беру ұйымында әлеуметтік интеграцияланған [11] білім беру мүмкіндіктері айтарлықтай шектеулі болуы жатады.

Қорытынды: Ерекше білімді қажет ететін балаларды сәтті әлеуметтендірудің шарттарының бірі оларды өз бетінше өмір сүруге, әлеуметтік маңызы бар шешімдер қабылдауға дайындау, оларға қолдау және көмек көрсету болып табылады. Ерекше білімді қажет ететін әр баланың әлеуметтік тәжірибесін педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуге, оның өмірінің педагогикалық тұрғыдан орынды өзін-өзі ұйымдастыруына сапалы жаңа, әлеуметтік бағытталған көзқарасты қажет етеді. Білім беру ұйымында жүзеге асырылатын баланың кез-келген іс-әрекеті әртүрлі өмірлік тәжірибені қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы керек, тек осы жағдайда баланың әлеуметтенуі өте тиімді болады.

Әдебиеттер

1. Карпова И. В. Социализация детей с ООП в условиях общеобразовательной школы / multiurok.ru
2. Шевчук Л. Е. Интегрированное обучение учащихся с особенностями развития в общеобразовательном учреждении / Дефектология. — 2004. — № 6. — С. 28–31.

- Лодыгина И. А. Инклюзивное образование в социальной интеграции детей с ограниченными возможностями здоровья/ infourok.ru
3. Новицкая Л. Социализация детей с ОВЗ/ rosuchebnik.ru
 4. Рувинский Л. И., Соловьева. А. Е. Психология самовоспитания. М., 1982.
 5. Елисеева Ю. Н. Особенности социализации детей школьного возраста с ОВЗ / Молодой ученый. — 2016. — № 3 (107). — С. 959–964.
 6. Шахрай Е.О. Успешная социализация детей с ОВЗ

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда сөздік, логикалық ойындар мен жаттығуларды қолдану

*Шахманова М.Б., тәрбиеші
№33 «Алтын дән» балабақшасы МКҚК
Астана қ.*

Андатпа: Бұл тақырыптың өзектілігі балалардың сөздік қорларын дамытуда ойын тапсырма, жаттығулардың орны ерекше екендігі.

Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықылысы ауып, таңдап алады.

Кілт сөздер: Балабақшадағы тәрбиелеу - оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту.

